

ғылыми-әдістемелік журнал науко-методический журнал

СОҚШАҚ Тропинка

№6 (101) желтоқсан 2022 жыл



Амангелді Алина



Утебаева Аяна



Ногай Томирис



Амангелдиева Шынар



Амангельдиева Нүргүл



Сисенбаев Темірлан



Тұраш Әбіш



Жангожиев Бекзат



Evrasia_centre@mail.ru



[Vk.com/tourism.07](https://vk.com/tourism.07)



[Tourism07.kz](https://www.instagram.com/Tourism07.kz)



[Tourismzko.kz](https://www.tourismzko.kz)

ғылыми-әдістемелік журнал науко-методический журнал

СОҚШАҚ

Тропинка

№6 (101) желтоқсан 2022 жыл



Амангелді Алина



Утебаева Аяна



Ногай Томирис



Амангелдиева Шынар



Амангельдиева Нүргүл



Тұраш Әбіш



Жангожиев Бекзат



Сисенбаев Темірлан

ҚҰРМЕТТІ «СОҚПАҚ-ТРОПИНКА» ЖУРНАЛЫНЫҢ ОҚЫРМАНДАРЫ!

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2022 жыл «Балалар жылы» деп белгіленді. Басты мақсат – балаларды қорғау, сапалы біліммен қамту, тек материалдық көмекпен ғана шектелмей, жас ұрпақтың рухани дамуына көңіл бөлу.

Аталмыш жыл аясында Орал қаласының білім беру ұйымдарында, қалалық мәдени-ағарту бірлестіктерінде балалардың бойына жақсы қасиеттерді дарыту, адамгершілікке баулу, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Алуан түрлі тақырыпты қамтыған балалар фестивальдері, патриоттар форумдар, қайырымдылық акциялары жүзеге асырылды. Олардың ішінде көптің көңілінен шыққан «BALA TIME» телебағдарламасын айтуға болады.

Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Биыл оқушылар елордамызда, Бурабай курорты аумағында, Түркістан қаласында, патриоттық бағыттағы «Қайсар», туристік-өлкетану бағытында «Мирас» пен «Рахат», «Атамекен» қалалық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығында жазғы демалыстарын өткізді.

Қазіргі таңда баланың қызығушылығына септігін тигізіп, икеміне қарай жаңа қырынан танылуына, өмірлік жолын анықтауда аула клубтарының маңызы зор. Осы бағытта биыл Желаев селолық округінде «Ақберен» және Деркөл кентіне қарасты Ынтымақ ауылында «Болашақ» комьюнити орталықтары пайдалануға берілді. Бұл да осы жыл аясында балаларымыз үшін жасалып жатқан игі істердің бірегейі деуге болады. Сондай-ақ, жаз айында қаламызда алғашқы рет балалар театрлары арасында аймақаралық фестиваль өтті. Оған көршілес Ақтөбе, Атырау қалалары мен өңіріміздегі барлық жас театр ұжымдары қатысты. Дегенмен де балаларға қамқорлық тек бір жылдың аясында ғана қалып қоймай, жалғасын табуы тиіс. Бұл шаралар балалардың сапалы білім алып, креативті ойлауына, өздерін дамытуға ықпал ететіні сөзсіз. Біз балаларға үнемі қолдау көрсетіп, дұрыс бағыт-бағдарға сала білгеніміз жөн. Сонда ғана еліміздің ертеңі үшін алаңдамауға болады.

Балалардың бақытты балалық шағы мен жарқын болашағы үшін талмай еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымына және «Соқпақ-Тропинка» журналының ұжымына жұмыстарыңызға табыс, дендеріңізге саулық пен шалқар шабыт тілеймін. Тәуелсіз еліміздің туын тік ұстар балаларымыз аман болсын!



Құрметпен,

Орал қаласының әкімі

Миржан Сатқанов

ЖУРНАЛ ҚР АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНДЕ
(01.XII.2003) №4482-Ж ТІРКЕУ ТУРАЛЫ
КУӘЛІКТЕ ТІРКЕЛГЕН.
ЖУРНАЛ ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІНДЕ (24.XII.2021)
ҚАЙТАДАН ТІРКЕЛДІ.

№ 4 (99), ТАМЫЗ 2022 ЖЫЛ

МЕНШІК ИЕСІ: МКҚК «Батыс Қазақстан облысы
әкімдігі білім басқармасының балалар мен
жасөспірімдер туризмі және экология облыстық
орталығы» (ОБЖТжЭО)

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі
Білім басқармасының қолдауымен
жылына 6 рет шығады.

Журналдың негізін қалаған – **Фомин В.П.**
ХБЖТжЭА академигі, п.ғ.к.

Шеф-редактор – **Ғ.И. Бекқалиев** БҚО әкімдігі білім
басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм
және экология облыстық орталығының директоры

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрайымы – **А.Ә. Мыңбаева** Батыс Қазақстан
облыстық білім басқармасының басшысы.

Кеңес мүшелері:
М.С.Жұмаев – альпинизм бойынша Халықаралық
деңгейдегі спорт шебері;
Д.В.Смирнов – А.А.Остапеч – Свешников
атындағы ХБЖТжЭА-ның президенті, п.ғ.к.;
О.Б.Мазбаев – ХБЖТжЭА-ның академигі,
география ғылымдарының докторы;
Е.С.Никитинский – профессор, педагогика
ғылымдарының докторы;
А.З.Абдулхаиров – доцент, педагогика
ғылымдарының кандидаты;
А.Г.Шаяхметов – ХБЖТжЭА-ның академигі.

Редакция алқасы:
Г.З.Сағалиева – ОБЖТжЭО-ның директорының
оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;
А.Б.Мукашева – ОБЖТжЭО-ның директорының
оқу- тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;
К.Е.Неталиева – ОБЖТжЭО-ның туризм және
қауіпсіз маршруттар бөлімінің меңгерушісі;
Р.С.Альмұханова – ОБЖТжЭО-ның өлкетану
және аймақаралық ынтымақтастық бөлімінің
меңгерушісі;
Н.Х.Гагауов – ОБЖТжЭО-ның экологиялық туризм
бөлімінің меңгерушісі;
Р.Е.Нурманов – ОБЖТжЭО-ның спорттық
бағдарлау бөлімінің меңгерушісі;
В.В.Мазуренко - ОБЖТжЭО-ның спорт және дене
шынықтыру бөлімінің меңгерушісі.

Нөмірмен жұмыс жасағандар:
Қайрлиева Қ.Ж. – бас редактор
Карина Ж.М – корректор, аудармашы
Қушекқалиев Ж.Н. – дизайн, беттеуші

Журнал редакциясының пікірі жарияланым
авторларының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Журналда жарияланған материалдарды
редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым
салынады. Міндетті түрде сілтеме жасалынуы тиіс.

Жазылым индексі:
Жеке – 75184
Мекемелер мен ұйымдарға – 25184
Редакция мекен - жайы:
090004 Қазақстан Республикасы, Орал қ.,
Исатай батыр көшесі, 71/1
Тел.(7112) 52-59-42, 52-58-91
e-mail: evrasia_centre@mail.ru
www.turizmzko.kz

Форматы А4 210x297 мм, офсетті басып шығару.
Таралымы 450 дана
Тапсырыс № 529
АК «Кокше-Полиграфия» компаниясында басылған,
Ақмола обл, Көкшетау қ.

ӨЗЕКТІ - АКТУАЛЬНО

Мукашева А.Б.

Качество образования.....2

ӘДІСНАМА - МЕТОДОЛОГИЯ

Білімді шыңдаған курс.....4

Кажымуратова Ж.С., Смағұлова Г.Қ.

Оқушылармен табиғат жағдайында ғылыми-зерттеу
қызметін ұйымдастыру.....5

Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және
тарату бойынша әдістемелік ұсынымдар.....8

Неталиева К.Е.

Программа туристского кружка
по комбинированному туризму.....15

Жиенбеков Т.К.

Туристтік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру
ұйымдарында STEAM технологиясын енгізу.....20

ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

Шәмші Ғ.И.

Сырлы Созақ өңірі. Арпаөзені таңбалы тастары.....23

Тлепбергенова Г.Х.

Алаш ардағы – Сейітқали Меңдешев.....25

Қарабалин М.М.

Талдықұдықтың тарихы.....29

ТУРИЗМ

Замалетдинов И.В.

Охрана природы и бивуак.....33

Умбеталиев Е.Ж.

Оқушылар арасында жаяу туризм техникасы
бойынша жарыстар өткізуді ұйымдастыру.....41

СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУ

Сағыналин Е.Р., Беркінғалиев Ф.С.

Шаңғымен спорттық бағдарлаудың
сіз білмейтін тұстары.....43

ЭКОЛОГИЯ

Дуйсенова Ж.Ш.

«Батыс Қазақстан облысы экологиясы»
толықмәтінді деректер қоры.....46

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

Тасмуханов Қ.М.

Аспалы өткел: құру және өту.....48

Хайруллина А.К.

Алыс кешенді сараманның құндылығы.....50

Челнокова М.М.

Разработка мероприятия
«Посвящение в туристыя».....53

ТУРИСТІК ЖАҒАЛЫҚТАР

«Тұран скауттары» әскери патриоттық
қозғалысының қорытындысы.....56

Қазақстан Республикасы кубогі финалының
жеңімпаздары - БҚО-ның құрама командасы.....57

ІСКЕРЛІК ПАПКАСЫ

2023 жылдың календарлық жоспары.....58



Качество образования



МУКАШЕВА А.Б.

**Заместитель директора
по учебно-воспитательной работе
Западно-Казахстанского областного
центра детско-юношеского туризма и экологии**

Аннотация

Обеспечение качества образования - это обеспечивание степени соответствия совокупности знаний, умений, навыков, ценностных установок и компетенций, приобретаемых обучающимися в организациях образования, с ожиданиями и требованиями всех заинтересованных сторон и гарантирования ее пригодности в личностном росте и профессиональной деятельности.

Аңдатпа

Білім беру сапасын қамтамасыз ету - бұл білім беру ұйымдарында білім алушылардың барлық мүдделі тараптардың күтулерімен және талаптарымен алатын білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының, құндылық ұстанымдары мен құзыреттері жиынтығының сәйкестік дәрежесін қамтамасыз ету және оның жеке өсуі мен кәсіби қызметте жарамдылығына кепілдік беруі.

Ключевые слова: *качество образования, педагоги дополнительного образования областного центра детско-юношеского туризма и экологии*

Что же такое качественное образование? Качество образования не может быть выражено в цифрах. Сухая отчетность в процентном соотношении, графики и диаграммы, баллы ЕНТ в полной мере не могут говорить о качественном или некачественном образовании, исходя из тех простых соображений, что балл за ЕНТ по русскому языку никаким образом не может отразить талант физика, химика или биолога. Также не стоит забывать, что образование не ограничивается одним только обучением, в это понятие также включается и воспитание.

В эпоху глобализации и интенсивного развития новых технологий изменились требования к человеческому капиталу. Качественное образование сегодня - путь к успеху и главный инструмент развития экономики. Сохраняя лучшие традиции отечественной системы образования, Казахстан не должен стоять на месте. Главная надежда возлагается на педагогов, способных воспитать поколение, открытое всему новому и прогрессивному.

Понятие «обеспечение качества образования» - это парадигма (концепт), создающая качественный

ландшафт системы образования усилиями и действиями всех заинтересованных сторон для удовлетворения их ожиданий и целей. Заинтересованными лицами являются родители и педагоги. Их общая задача - воспитание достойных граждан нашей страны. Достойный гражданин - это человек, обладающий суммой необходимых знаний, которые будут использованы на благо нашего Отечества.

Немаловажная роль в этом отводится и системе дополнительного образования. Дополнительное образование реализуется по различным направлениям, удовлетворяющим индивидуальные потребности развития человека, например, интеллектуальные, социальные, духовно-нравственные, эмоциональные, физические, художественно-музыкальное, социально-педагогическое, техническое, туристско-краеведческое, естественно-научное, физкультурно-спортивное, профессиональное. И в данном направлении туристско-краеведческая деятельность является эффективным инструментом, способствующий организации активного досуга и занятости, обретению навыков туристской

техники, развитию культуры поведения, бережного отношения к памятникам природы, истории и культуры, практическому познанию родного края.

Педагоги дополнительного образования областного центра детско-юношеского туризма и экологии тоже вносят свой вклад в повышение качества образования и себя, и своих воспитанников. Дополнительным образованием в Центре охвачено 692 учащихся (63 кружка) по следующим направлениям: краеведение, экологический туризм, спортивный туризм (пеший, водный, скалолазание), спортивное ориентирование, футбол, девичий футбол, лыжная подготовка, национальные игры (асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ), баскетбол. Также областной центр детско-юношеского туризма и экологии является координирующим центром для районных и городского центров детского туризма и станций юных туристов, по республике 38 центров и станций юных туристов из них 14 в ЗКО. Ежегодно проводятся более 33 мероприятий на областном уровне, которым предшествуют школьные, районные и городские этапы.

В течении 7 лет сборная команда ЗКО является победителями Кубка РК по туристскому многоборью. Данные соревнования состоят из 7 этапов (техника лыжного, водного, велосипедного туризма, горного туризма на естественном и искусственном рельефах). По итогам участия в республиканских соревнованиях в ЗКО 4 мастера спорта, 21 кандидат в мастера спорта по спортивному туризму. В течении 7 лет команда ОЦДЮТиЭ является призерами республиканского слета экспедиционных отрядов туристско-краеведческой экспедиции «Менің Отаным Қазақстан».

Ежегодно сборная команда области принимает участие в республиканских соревнованиях по спортивному ориентированию и занимает призовые места. По итогам участия в ЗКО - 1 мастер спорта, 7 кандидатов в мастера спорта по спортивному ориентированию. В 2022 году сборная команда области заняла 2 место в VI-ой казахстанской олимпиаде «Юных геологов».

Все педагоги центра преследуют одну цель – это обеспечение качества дополнительного образования. Также придерживаются стандартов для внутреннего обеспечения качества дополнительного образования, к которым относятся: политика в области обеспечения качества, разработка, утверждение и реализация программ дополнительного образования, студентоориентированное обучение и оценка, информационная политика, периодическое внутреннее и внешнее обеспечение качества.

Альберт Эйнштейн говорил: «Образование есть то, что остаётся после того, когда забывается все, чему нас учили». Ведь необязательно помнить спустя время после окончания школы какие-то теоремы по геометрии, химические формулы или годы жизни писателей и поэтов. Собственно говоря, мало кто помнит такие вещи. А вот устроиться, социализироваться в обществе необходимо.

Используемая литература:

1. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 23 июня 2022 года № 292 «Об утверждении Руководства по обеспечению качества по уровням образования»
2. <https://infourok.ru/>
3. <https://www.zakon.kz/>



Білімді шыңдаған курс

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы арасындағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2022 жылғы 1 наурыздағы №55 шартты орындау, Қазақстан Республикасы педагогтерінің кәсіби құзыреттілік деңгейіне заманауи талаптарға сәйкес үздіксіз біліктілік арттыруды ұйымдастырудың тиімді технологиялары, әдістері мен нысандарын қолдану арқылы балаларға қосымша білім беру педагогтері мен бейіні бойынша мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында 26.09-07.10.2022 ж. Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогика кадрларына арналған «Мектепте балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану бойынша үйірме жұмыстарын ұйымдастыру» біліктілікті арттыру курсы Батыс Қазақстан облысы балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы базасында ұйымдастырылып, өткізілді. Курсқа Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан, Ұлытау облыстары мен Алматы, Шымкент қалаларынан 50 педагог қатысқан болатын. Курс барысында «Қазақстан Республикасындағы балаларға қосымша білім беру: жағдайы және даму келешегі» (Бейсенбаева Г.С., ҚР Оқу-ағарту министрлігінің РҚББОӘО туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық бөлімінің

әдіскері), «Балалар-жасөспірімдер туризмінің белсенді түрлерін өткізу кезінде қосымша білім беру педагогі қызметінің психологиялық-педагогикалық аспектілері», «Балалар мен жасөспірімдердің психофизиологиялық ерекшеліктері», «Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау - табысты әлеуметтендіру шарттарының бірі» (Қабулова Г.Қ., кәсіби психолог, аспирант), «Оқу-тәрбие жұмысындағы үйірме жұмысының рөлі», «Мектеп үйірмелері қызметінің түрлері мен негізгі бағыттары» (Ислямов Р.С., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің аға оқытушысы, экономика магистрі), «Оқушылармен табиғат жағдайында ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру» (Қажымуратова Ж.С., М.Өтемісұлы атындағы университеті жаратылыстану-география факультеті, биология және экология кафедрасының аға оқытушысы), «Қазақстан Республикасының туризм индустриясын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту» және т.б. (Абекешев А.И., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің проректоры, қонақ үй шаруашылығы, туризм және ивент менеджмент бойынша PhD докторы) тақырыптарында теориялық-практикалық дәрістер оқылды.

Курста оқылған дәрістерді жариялап отырамыз.





КАЖЫМУРАТОВА Ж.С.
М.Өтемісов атд. БҚУ,
жаратылыстану-география факультеті,
биология және экология кафедрасының
аға оқытушысы,
Орал қ., БҚО

Оқушылармен табиғат жағдайында ҒЫЛЫМИ- зерттеу қызметін ұйымдастыру



СМАҒҰЛОВА Г.Қ. .
Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ,
«Биология» мамандығы
магистранты,
Алматы қ.

Аңдатпа

Мақалада оқушылармен табиғат жағдайында ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың әдістері (баяндау, жинақтау, саралау, әдеби-ғылыми талдау) жазылған. Автор жануарлар мен өсімдіктерге әдебиеттер арқылы жүргізілетін зерттеу жұмыстарын, қалалық мәдениет және демалыс саябақтарындағы суретті өсімдіктердің таксономиялық құрылымына практикалық негізде жүргізген зерттеулердің нәтижесін көрсеткен.

Мақала ЖОО-ның мұғалімдеріне, қосымша білім беру педагогтарына, студенттерге, жас экологтарға зерттеу жұмысын жүргізуде басшылыққа алуға бағытталған.

Аннотация

В статье изложены методы организации научно-исследовательской деятельности учащихся в природных условиях (изложение, обобщение, экспертиза, анализ). Автор показал результаты исследований таксономической структуры растений и животных на практической основе, проведенных в городском парке культуры и отдыха.

Статья направлена для руководство педагогами дополнительного образования, студентам, молодыми экологами по проведению исследовательской работы.

Кілт сөздері: ғылыми жұмыс, зерттеу, голландтық қызғалдақ сорттарын өсіру, ғылыми жобаның құрылымы, өсімдіктердің таксономиялық құрылымы.

Ғылыми жұмыс, зерттеу дегеніміз – адамның еңбектену іс-әрекетінің ерекше түрі. Бұл іс-әрекет адамнан еңбекқорлық, мақсаттану, уақытша туындаған сәтсіздікті жеңе білу қабілетін, оның интеллектуалды мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қажет етеді. Ғылыми еңбектің мақсаты адамзатқа осы уақытқа дейін беймәлім ақиқатты ашу, табиғат жұмбақтарына тереңірек үңілу, адамзат игілігіне пайдаланатын табиғи күштерді қолданудың жаңа жолдарын, адамды, оның ішкі табиғи құбылыстары мен өзгерістерін зерттеу.

Оқушының өзіндік ерекшелігі мен іс-әрекет белсенділігіне қарай төмендегіше жіктесек, бала шығармашылық жұмыста осы сатыдан өтеді де,

біртіндеп іріктеледі және шын шығармашылық тұлға қалыптаса бастайды. Зерттеуде баяндау, жинақтау, саралау, әдеби-ғылыми талдау әдістері басшылыққа алынады.

Әрбір оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай дарындылығын әр түрлі әдістермен айқындау және дамыту, оның ішінде ғылыми іздеу қызметімен ұштастыру төмендегі бағыт бойынша жүреді:

- Оқушы дарындылығын әлеуметтік қажеттілігіне сай ғылыми негізінде дамыту шарттарын анықтау.

- Ғылымның әр саласынан дарынды балаларды таңдап алу және олардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.



- Оқушылардың өздігінен білімдерін көтеруге, жетілдіруге белсенді әрекет етуге ықпал жасау.
- Оқушының өз бетінше білім-дағдыларын жетілдіру барысында мұғалімнің ерінбей-жалықпай үлкен ізденіспен жұмыс жасауы.
- Оқушылардың ғылыми-шығармашылық жұмыспен шұғылдануы оқу үрдісін жетілдіруде әрі мамандық таңдауда да көмегін тигізуі.

Зерттеу жұмысы – шығармашылық үрдіс. Оның барысында өзгертулер, толықтырулардың болып тұруы заңды құбылыс. Зерттеу жұмысына, ең алдымен жоспар жасап алу керек. Жұмыс

5. Қорытынды
6. Пайдаланылған әдебиеттер
7. Қосымша (фото суреттер)

Жануарларға төмендегідей әдебиеттер арқылы зерттеу жұмыстары жүргізіледі: систематикасы, морфологиясы мен физиологиясы (анатомиясы), экологиясы, тарихы; барлық бақылау процесі бойы жүргізілетін жұмыстар: тіршілік ету аймағын анықтау, бақылау, көбеюін бақылау, қоректенуін, биологиялық уақытын, климатқа жауабы, қорғануы, қозғалысы мен өсуін бақылау және т.б. жатады.

Биология пәні бойынша өсімдіктерге төмендегідей әдебиеттер арқылы зерттеу жұмыстары жүргізіледі: систематикасы, морфологиясы мен физиологиясы, экологиясы, тарихы; бақылау процесі бойы жүргізілетін жұмыстар: өсімдіктің отырғызылу уақытын тіркеу, бөлменің ауа температурасы, бөлменің ауа ылғалдылығы, жарық мөлшері, топырақ температурасы, топырақ ылғалдылығы, топырақтың рН анықтау, алғашқы өскіннің пайда болуы, алғашқы жапырақтың пайда болуы және т.б.

«Мектеп жылыжайы жағдайында голландтық қызғалдақ сорттарын өсіру» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстары:

Кесте. Өсірілген қызғалдақтар өлшемі

№	Қызғалдақтың түр атауы	Қыркүйек айы кезіндегі сабағының ұзындығы	Қазан айы кезіндегі сабағының ұзындығы	Қараша айы кезіндегі сабағының ұзындығы
1	Canasta қызғалдағы	5 см	10 см	16 см
2	Golden Nizza қызғалдағы	6 см	12 см	18 см
3	Graceland қызғалдағы	7 см	14 см	20 см

жоспары «Не істеу керек, қандай жолдары бар, қандай әдістер дұрыс?» деген сұрақтарды қамтиды.

Ғылыми жобаның құрылымы:

1. Лауазым парағы (титулка)
2. Мазмұны
3. Кіріспе
4. Зерттеу бөлімі
 1. Әдебиеттермен жұмыс бөлімі
 2. Негізгі бөлім (бақылау және тәжірибе жүргізу бөлімі)
 3. Қорытынды бөлім (бақылау мен тәжірибе бөлімінің қорытындысы)

«Орал қалалық мәдениет және демалыс саябағының өсімдіктер жамылғысының алуан түрлілігі» тақырыбындағы зерттеу жұмысы

Орал қалалық мәдениет және демалыс саябағындағы сүректі өсімдіктердің таксономиялық құрылымына жүргізілген зерттеу төмендегідей: екі таксонды: жалаңаштұқымдылар - Pinophyta және жабықтұқымдылар - Magnoliophyta (1 кесте). Қылқанжапырақтылардың - (Pinophyta) 1 тұқымдасы, 4 туысы, 4 түрі, олар: Pinus sylvestris L., Lárìx sibirica, Picea abies, Thuja тіркелді.

Кесте. Орал қалалық мәдениет және демалыс саябағының таксономиялық құрылымы

№	Таксондар	Тұқымдас	Жалпы саны (%)	Туыс	Жалпы саны (%)	Түр	Жалпы саны (%)
1	Pinophyta	1	2,9	4	48,5	4	48,5
2	Magnoliophyta	12	35,2	24	30	30	34,8
3	Барлығы	13	38,2	28	27	34	34,8



Жалпақжапырақтылардан - (Magnoliophyta) 12 тұқымдасы, 24 туысы, 34 түрі анықталды. Олардың түрлері: *Quercus robur*, *Ulmus laevis*, *Ulmus parvifolia*, *Acer negundo*, *A.tataricum*, *platanoides*, *Robinia*, *Pseudoacacia* анықталды.

Мектеп оқушыларының табиғатпен байланысын нығайтуда қала және облыс көлемінде түрлі шаралар мен акциялар өткізіліп отырады. Бірлескен жұмыс жас ұрпаққа жауапкершілікті үйренуге мүмкіндік бере отырып, оқушыларға қуанышты көңіл-күй қалыптастырады, еңбек дағдыларының қалыптасуына және оқушылар командасының бірігуіне ықпал етеді. Сонымен бірге акция барысында оқушылар табиғат аясында ағаштар мен шөптесін өсімдіктер түрлерімен танысып, кешпешөп дайындау жолдарын көреді, «табиғат ескерткіштерімен» танысады. Бұндай шараларда үйірме мүшелері саябақтағы долана, жиде, катальпа сияқты бұталардың тұқымдарын жинап, келер жылға отырғызу үшін акция ұйымдастырушыларына табыстайды.

Жас жеткіншектерді ауладағы ағаштар мен гүлдерді, бөлме гүлдерін суарып, баптап-күтуге үйрету арқылы өсімдіктер әлемінің қырсырын ұғындырумен қатар, еңбекке баулуға да мол мүмкіндік туатынын ескеру қажет. Мектеп оқушыларының экологиялық білімі мен тәрбиесін қалыптастыруда, олардың бойында

экологиялық сауаттылықты, экологиялық мәдениетті оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бойына сіңіре білу кезек күттірмейтін мәселелердің бірі екенін айтқымыз келеді.

Көгалдандыру ісін білім беру мекемелерінен бастауымыздың себебі де, осы еліміздегі баяу дамып тұрған саланы болашақ ұрпаққа үйретіп, әдемілікке бойы құмар, жаны сұлу, елінің ертеңгі көгалдандыруына өз үлесін қосатын патриот ұрпақты қалыптастыру. Білім беру мекемелерін көгалдандыру ісі тек мектептегі биология пәнінің мұғалімдеріне қатысты емес, әрбір мектеп басшылары мен мұғалімдер, ата-аналар да бұл мәселеге өз үлесін қосу керек.

Әр мұғалімнің аса маңызды міндеттерінің бірі - әр оқушының бойындағы қабілетті, икемділікті көре білу болып табылады. Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет. Әрбір дарынды адам, еңбекке бейім, шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Осы қасиеттерді біз мектеп тарапынан әр оқушының бойынан қалай анықтауымыз керек деген сұрақ туындайды. Сонымен дарынды, талантты бала деп бала + ата-ана + мектептің үздіксіз еңбегінің жемісін айтуға болады. Қандай дарынды бала болмасын, оның барлығы өз бетімен ғылыми жұмыс жазуға, зерттеуге, ізденіске бара алмайды. Ол үшін мұғалімнің көмегі, ақыл-кеңесі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Верзилин Н.М. Путешествие с домашними растениями. – Л.: Детская литература, 1982.
2. Гортинский Г.Б. Цветы в комнате и на балконе. – Л.: Агропромиздат, 1999.
3. Герасимов С.О. Редкие комнатные растения. – М.: Росагропромиздат, 1980.
4. Комнатное цветоводство. /Сост. Лихонин А.С. – Нижний Новгород.: Времена, 2000.
5. Капранова Н.Н. Комнатные растения в интерьере. – М.: Московский университет, 1988
5. Момбек А. Жасыл желек – жанға қуат. // Биология және салауаттылық негізі, 2010, №6.



Психологические особенности подросткового возраста

КАБУЛОВА Г. К.
Профессиональный психолог,
коуч тренер, г.Уральск, ЗКО

Аннотация

Подростковый возраст – один из важных этапов в развитии личности. На этом возрастном промежутке происходят осмысление действительности, прививание чувств и формирование характера. В данной статье рассмотрим особенности развития личности на данном возрастном этапе.

Аңдатпа

Жасөспірімдік шақ – тұлға дамуының маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл жас кезеңінде шындықты түсіну, сезімдерді сіңіру және мінездің қалыптасуы орын алады. Бұл мақалада біз осы жас кезеңіндегі тұлғаның даму ерекшеліктерін қарастырамыз.

Ключевые слова: *личность, психологические особенности, подростковый возраст, переходный возраст, подросток.*

Каждый возраст хорош по-своему. И в то же время, в каждом возрасте есть свои особенности, есть свои сложности. Не исключением является и подростковый возраст.

Подростковый возраст понимают как особый период онтогенетического развития человека, своеобразие которого заключается в его промежуточном положении между детством и зрелостью. Он охватывает период жизни достаточно длительный. Его начало приходится на 11-12 лет, а заканчивается по-разному: от 15 до 17-18 лет.

Границы подросткового возраста не устанавливаются четко, у каждого подростка они индивидуальны. Наравне с понятием «подростковый возраст» используется понятие «переходный возраст». В этот период подросток проходит великий путь в своем развитии: через внутренние конфликты с самим собой и с другими, через внешние срывы и восхождения он может обрести чувство личности. В данном возрастном периоде у ребенка закладываются основы сознательного поведения, вырисовывается общая направленность в формировании нравственных

представлений и социальных установок.

Особенности развития познавательных способностей подростка часто служат причиной трудностей в школьном обучении: неуспеваемость, неадекватное поведение. Успешность обучения во многом зависит от мотивации обучения, от того личностного смысла, которое имеет обучение для подростка. Основное условие всякого обучения – наличие стремления к приобретению знаний и измерению себя и обучающегося. Но в реальной школьной жизни приходится сталкиваться с ситуацией, когда подросток не имеет потребности в обучении и даже активно противодействует обучению.

Знание особенностей познавательной сферы подростка очень важно, потому что при обучении и воспитании эти особенности нужно обязательно учитывать.

В этом возрасте восприятие является чрезвычайно важным познавательным процессом, который тесно связан с памятью: особенности восприятия материала обуславливают и особенности его сохранения.

Внимание в подростковом возрасте является произвольным и может быть полностью организовано и контролируемо подростком. Индивидуальные колебания внимания обусловлены индивидуально-психологическими особенностями (повышенной возбудимостью или утомляемостью, снижением внимания после перенесенных соматических заболеваний, черепно-мозговых травм), а также снижением интереса к учебной деятельности.

Связь памяти с мыслительной деятельностью, с интеллектуальными процессами в подростковом возрасте приобретает самостоятельное значение. По мере развития подростка содержание его мыслительной деятельности изменяется в направлении перехода к мышлению в понятиях, которые более углубленно и всесторонне отражают взаимосвязи между явлениями действительности.

Содержанием психического развития подростка становится развитие его самосознания. Одной из важнейших черт, характеризующих личность подростка, является появление устойчивости самооценки и образа «Я». Важным содержанием самосознания подростка является образ его физического «Я» – представление о своем телесном облике, сравнение и оценка себя с точки зрения эталонов «мужественности» и «женственности». Особенности физического развития могут быть причиной снижения у подростков самооценки и самоуважения, приводить к страху плохой оценки окружающими. Недостатки внешности (реальные или мнимые) могут переживаться очень болезненно вплоть до полного неприятия себя, устойчивого чувства неполноценности.

Подростку присуща сильная потребность в общении со сверстниками. Ведущим мотивом поведения подростка является стремление найти свое место среди сверстников. Отсутствие такой возможности очень часто приводит к социальной неадаптированности и правонарушениям. Оценки товарищей начинают приобретать большее значение, чем оценки учителей и взрослых. Подросток максимально подвержен влиянию группы, ее ценностей; у него возникает большое беспокойство, если подвергается опасности его популярность среди сверстников.

Пытаясь утвердиться в новой социальной позиции, подросток старается выйти за рамки ученических дел в другую сферу, имеющую социальную значимость.

Подростки чаще начинают опираться на

мнение своих сверстников. Если у младших школьников повышенная тревожность возникает при контактах с незнакомыми взрослыми, то у подростков напряженность и тревога выше в отношениях с родителями и сверстниками. Стремление жить по своим идеалам, выработка этих образцов поведения может приводить к столкновениям взглядов на жизнь подростков и их родителей, создавать конфликтные ситуации. В связи с бурным биологическим развитием и стремлением к самостоятельности у подростков возникают трудности и во взаимоотношениях со сверстниками.

Упрямство, негативизм, обидчивость и агрессивность подростков являются чаще всего эмоциональными реакциями на неуверенность в себе.

Ситуация развития подростка (биологические, психические, личностно-характерологические особенности подростка) предполагает кризисы, конфликты, трудности адаптации к социальной среде. Подросток, не сумевший благополучно преодолеть новый этап становления своего психо-социального развития, отклонившийся в своем развитии и поведении от общепринятой нормы, получает статус «трудного». В первую очередь это относится к подросткам с асоциальным поведением. Факторами риска здесь являются: физическая ослабленность, особенности развития характера, отсутствие коммуникативных навыков, эмоциональная незрелость, неблагоприятное внешне-социальное окружение. У подростков появляются специфические поведенческие реакции, которые составляют специфический подростковый комплекс: - реакция эмансипации, которая представляет собой тип поведения, посредством которого подросток старается высвободиться из-под опеки взрослых.

Из вышесказанного следует, что подростковый период – время активного формирования личности, преломления социального опыта через собственную активную деятельность индивида по преобразованию своей личности, становление своего «Я». Центральным новообразованием личности подростка, в этот период, является формирование чувств взрослости, развитие самосознания.

Таким образом, подростковый период является очень ответственным, потому что он зачастую определяет дальнейшую жизнь человека. Утверждение независимости, формирование личности, выработка планов на будущее – все

это формируется именно в этом возрасте.

Особенности подросткового возраста:

- Всестороннее половое созревание, сопровождающееся быстрым физическим ростом, изменением роста и веса, изменение пропорций тела (например, у мальчиков увеличиваются плечи, фигура становится более «мужской»)

- Формируется и завершается сексуальная ориентация подростка. Формируются вторичные половые признаки (см. выше). Возрастает интерес к потенциальным партнерам.

- Трудности в кровоснабжении головного мозга, функционировании легких, сердца, связанные с быстрым ростом органов и перестройки организма.

- Появляется способности логически мыслить, оперировать абстрактными категориями, фантазировать (у детей младшего возраста нет таких способностей, они развиваются со временем). Именно поэтому в подростковом возрасте дети часто начинают заниматься творчеством: рисовать, сочинять стихи и песни, а также интересуются философскими учениями и стремятся к логическому мышлению, спорам на философские и другие темы.

- Появляется умение сопереживать, сами переживания становятся глубже, чувства — сильнее. Проявляется интерес к ранее неинтересным сферам жизни (социальной, политической и т.д.).

- Общение со сверстниками становится необходимостью, это дает возможность выразить эмоции, поделиться, а также дает возможность формирования норм поведения в обществе.

- Общение с родителями и родственниками уходит на второй план.

- Появляется потребность принадлежности какой-то группе подростков. В частности, которая приветствует определенные элементы одежды, обороты речи и т.д. При этом те, кто не имеют этих признаков, могут быть не приняты в этой группе.

- Желание принять на себя обязанности и права взрослых.

- Формирование самооценки ребенка, способность принять как свои положительные, так и отрицательные черты, в т.ч. в волевой сфере.

Основные сложности подросткового возраста:

- Угловатость и неуклюжесть. В связи с поэтапным ростом организма (сначала растут кисти рук и ног, затем конечности и в последнюю очередь — туловище), многие подростки становятся неуклюжими и комплексуют из-за этого.

- Частая смена настроений и физического состояния, которые возникают в организме в связи с ростом внутренних органов.

- Быстрая возбудимость, влияние эмоций на духовную жизнь.

- Обиды, озлобленность, раздраженность (особенно у подростков в тяжелой жизненной ситуации).

Напряженные отношения с родителями, избегание общения с ними, отдавая предпочтения сверстникам возникают в случаях, когда родители не готовы относиться к подростку как к самостоятельному, взрослому человеку, уважая его взгляды и чувства.



Сараптамалық кеңес ережесінен алынды.

БҚО ББ бұйрық №83

«01» ақпан 2021

Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату бойынша әдістемелік ұсынымдар

Әдістемелік нұсқау – қандай да болмасын тақырыпты зерттеудің, сабақ және іс-шара өткізудің тәртібін, логикасы мен ерекшелігін айқындайтын әдістемелік материал түрі. Әдістемелік нұсқауда жүзеге асатын іс-шараның сабақтастығына ғана емес (әдістемелік жұмыстағы секілді), жағымды тәжірибе негізінде туындаған бір немесе бірнеше жекеше әдістемені дәріптеуге ерекше көңіл бөлінеді. Әдістемелік ұсыныстардың міндеті – іс-әрекеттің (оның ішінде іс-шараның) нақты бір түріне қолдануға болатын тәсіл үлгілерін, ерекше тиімді нұсқасын насихаттау. Әдістемелік ұсыныстарда міндетті түрде бір немесе бірнеше нақты іс-шараны ұйымдастыру және өткізу туралы ұсынылып отырған әдістемені іс жүзінде сипаттайтын нұсқау беріледі.

Ұйымдастыру мәселелерін шешу жөніндегі әдістемелік нұсқау. Оның үлгі болатын нұсқаулары: қалай жақсартуға болады, қиындық тудыруы мүмкін қандай жайттарды ерекше назарда ұстау қажет, техникалық және т.б. қандай құралдарды пайдаланған жөн және т.б. мәселелер бойынша кеңесіп шешу. Ұсыныстар нәтижесінің келешегін болжайды: қандай міндеттерді шешуге көмегі тиеді, қатысушыларға қандай нақты әсер етеді, неге үйретеді. Мұнда біліктілігін пысықтайтын, қалыптасқан дағдысын дамытатын басқа да жұмыс түрлері қысқаша тізбектеліп беріледі. Әдістемелік нұсқауда берілген тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі, осы жұмысты дайындау барысында пайдаланған әдебиеттер тізімі, сондай-ақ автордың аты, тегі, әкесінің аты, жазылған мерзімі; білім ұйымының Әдістемелік кеңесі, мамандар тобы және т.б. берген ішкі сараптама көрсетіледі.

Әдістемелік ұсыным – әдістемелік өнімнің кешенді түрі, жекелеген бұқаралық іс-шараларды, әдістемелік кеңестерді ұйымдастыру және өткізуді жоспарлау жөніндегі ұсыныстарды, сценарий, баяндама, көрме және т.б. жоспарларын қамтиды. Ұсынылған материалдың теориялық

идеясы мен практикалық мүмкіндіктерін толықтай жақсы түсінуге септігін тигізеді.

Әдістемелік құрал – әдістемелік материалдың кешенді түрі, ол қандай да болмасын оқыту курсының немесе балаларға қосымша білім беру бағытының айрықша ерекшелігі мен әдісін, мәнін көрсететін жүйеленген материалды қамтиды. Әдістемелік құрал, ережеге сәйкес, теориялық материалдан өзге иллюстрация, сызба, диаграмма, сурет, сондай-ақ берілген тақырыпқа сай жасалған құжаттар үлгісі түрінде кеңейтілген дидактикалық материалды да көрсетеді.

Білім беру бағдарламасы – педагогтің қызмет мақсатымен, шартымен, ресурстық жабдықталуымен, арнайы мазмұнымен, әдістерімен және технологиясымен кепілдендірілген оң нәтижеге жететін тұжырымдамасын айқындайтын нормативтік құжат. Бұл – білім алушының жеке білім алу бағыты, одан өте келе ол, бағдарламаны әзірлеген педагог болжағандай, тәрбиеліліктің, білімділіктің қандай да болмасын бір деңгейіне көтеріледі.

Жұмыс дәптері – ерекше дидактикалық аппаратты иеленген білім алушының пәнді меңгеру барысында өз бетінше атқарған жұмысына ықпал ететін оқу құралы.

Өзін-өзі үйрету – жетекшінің көмегінсіз өз бетінше оқып-үйренуге арналған оқу құралы.

Хрестоматия – көркем-әдеби, тарихи және басқа да шығармаларды немесе олардан үзінді беретін, пәнді оқып-үйренудің нысаны болатын оқу құралы.

Тақырыптық папка төмендегі тақырыптар бойынша топталады:

- осы бағыттағы іс-әрекетті анықтайтын нормативтік құжаттар;
- әдістемелік ұсыныстар;
- қолданбалы әдістемелік өнімдер;
- нақты іс-әрекеттің жоспарлары, өткізілген шаралардың сценарийлері;
- тәжірибелік жұмыс материалдары;
- библиография;

- қосымша (дидактикалық материал).

Әдістемелік материалдар қоры білім беру ұйымдарының әдістемелік бөлімдерінде, әдістемелік кабинеттерінде жинақталады. Әдіскерлер нақты білім ұйымында жүргізілетін білім берудің барлық бағыттары бойынша тақырыптық папкалар жасайды.

Мысалы: Оқушылар үйінде сәндік-қолданбалы жұмыс туралы тақырыптық папкада төмендегідей материалдар жинақталуы мүмкін:

- сәндік-қолданбалы бағытты басқаратын әдіскерлердің қызмет нұсқаулығы;
- шеберлер сайысы, халықтық және сәндік-қолданбалы өнер көрмесі, мекемелер және т.б. өткізу туралы ережелер;
- ұлттық бұйымдар мерекесін өткізу туралы әдістемелік ұсыныстар: «Қазақстанның көркемдік бұйымдар жәрмеңкесі», «Ұлттық киімдер», «Оюлар» және т.б. көрме-көрсетілім;
- мерекелердің, сайыстардың, бос уақытты өткізу-көңіл көтеру шараларының сценарийі және сценарийлік жоспары;
- сәндік-қолданбалы бағыт бойынша сабақтың инновациялық түрлерін өткізу туралы әдістемелік ұсыныстар;
- сәндік-қолданбалы бөлім педагогтері үшін болжау және оқыту әдістері:

Қолданбалы әдістемелік материал – тақырыпты кеңірек ашатын, толықтыратын, көрнекті қосымша материал, әдістемелік өнімнің мынадай түрлерін қамтиды:

- диаграмма;
- кестелік ақпарат;
- картотека;
- каталог;
- нұсқаулық әдістемелік плакат;
- сценарий;
- материалды тақырып бойынша іріктеу және т.б.

Диаграмма – қандай да болмасын көлемді көрнекілікпен бейнелейтін сызба. Диаграммалар сызықтық, бағандық (гистограмма) және секторлық болып бөлінеді.

Кестелік ақпарат – кестелік құжат мазмұнын айқындайтын, көрнекі кестелік бейне көмегімен жасалатын ақпарат. Есеп беруді құрастыруда кестелер мен диаграммалар жиі қолданылады. Кесте қандай да болмасын құбылыстың өсімін көрнекілікпен бақылауға және салыстырмалы сипаттама беруге мүмкіндік жасайды.

Кестені сызуға қойылатын жалпы талаптар:

- назар аударуды қажетсінетін мәліметтің немесе талдаудың негізгі нәтижелерін ғана кесте түрінде көрсету;
- әрбір кесте оны сызуға және оқуға ыңғайлы болатындай тиімді өлшемде болуы тиіс;

• кестені орналастыру және рәсімдеу оқуға ыңғайлы болғаны жөн, кесте көлемі орындалатын жұмыстың бетінен үлкен болмауы тиіс;

- кестені оған сілтеме жасалған мәтін соңында рәсімдеу қажет;
- кестені рәсімдеуде ең мәнді жақтары және байланыстары неғұрлым елеусіз жақтарынан өзгеше көрінетіндей болуы қажет;
- әр түрлі бояу түстерін, белгілеу құралдары мен шрифті тиімді қолдану қажет.

Картотека – әдістемелік жұмыс жөнінде мәлімет және алфавит ретімен (ережеге сай тақырып немесе бағыт бойынша) материал берілген карточкалар жинағы.

Картотека мынадай болуы мүмкін: әдістемелік әдебиеттер; газет және журнал мақалалары; әдістемелік жоспарлар; медиотека; видеотека; фонотека; ойындар; мысал-мәтелдер; цитаталар және т.б. Картотека нақты сызба бойынша толтырылатын арнайы каталогтық карточкалардан тұрады.

Каталог картотекаға біріктірілген каталогтық карточкалардан немесе жай ғана мәтін, немесе іріктелген материалдар орналасқан папка – іс қағазынан тұрады.

Нұсқаулық-әдістемелік плакат – мәтін, суреттер, сызба бейнелер үйлесім тапқан түрі. Сценарий – бұл мерекенің, кез-келген іс-шараны толығымен баяндайтын жазба. Сценарийде жүргізушінің, актерлердің, әннің мәтіндері сөзбе-сөз келтіріледі. Алдымен сценарийлік нұсқау беріледі: көркемдік безендірілуі, жарықтандыру, қатысушылардың сахнадағы қозғалысы және т.с.с.

Сценарийдің үлгісі:

- атауы («Мектептегі тамаша жылдар!» мерекесінің сценарийі);
- мекен-жайы;
- мақсаты мен міндеттері;
- сценарийді іске асыруға қатысушылар;
- таңдап алынған сценарийдің толық мәтіні;
- пайдаланған әдебиеттер.

Сценарий әдістемелік кеңесте ұйғарылады. Педагогке сценарийді дәлме-дәл емес, қателіктерді қайталамай, өз нұсқаларын жасауға мүмкіндік беріледі.

Сценарийдің мерекелік шараның негізгі түрі саналатын тұрақты элементтері болады, олар:

- рәсім – салтанатты рәсім, тамаша мереке (ашылу, жабылу, марапаттау, қатысушыларға диплом, грамота, сый тапсыру). Мерекені ұйымдастырушылар рәсімнің ережесі мен шарттарын нақты ұсынуы қажет: музыканы таңдау және бөлу, құрастырудың жалпы стилі. (стиль элементтері ретінде қатысушыларды орналастыру, екпін, сөз сөйлеу, интонация);

• театрландыру – әңгіме спектакль туралы емес, қойылым, драмалық әрекет туралы. Театрландырудың негізгі шарттары сахна емес, драматургияның, көріністің, ойын рөлдерінің болуы;

• қарым-қатынас мүмкіндігі – ұйымдастырушылар шақырылған адамдардың мерекенің салтанатты бөліміне дейін және одан кейін бір-бірімен сұхбаттасуына мүмкіндік жасауға тырысады;

• көтеріңкі көңіл-күй атмосферасы – бір мезгілде сценарийлік ойдың сәтті өтуінің шарты және нәтижесі болуы. Мерекелік атмосфераның ерекшелігі болып барлық қатысушылардың деңгейімен: «өзімен», «басқамен», «барлық қатысушылармен», «әңгіме арқылы» әсерленуі;

Материалды тақырып бойынша іріктеу:

• нақты тақырып бойынша мәтіндік және көрнекі материалды жинастыру «мысалы, өлең, ән, ойындар, дәйексөз, мақал және мәтелдер, фотосуреттер, суреттер, көркемдік иллюстрациялар, слайдтар, бейне түсірілімдер, және т.б.). Тақырыптық іріктеу ұсыныстар, сценарийлер жазу үшін материалдарды жинастыру барысында қажет.

Материалды тақырыптық іріктеу қағаз салатын папкаға, альбомға, үлкен конвертке және т.б. рәсімделеді.

5.1. Көрнекілік-дидактикалық материал және оқытудың көрнекі құралдарын пайдаланатын педагогке қойылатын талаптар:

Көрнекі оқу құралдарының түрлері:

1. Табиғи немесе жасанды емес (қазбалар, гербарийлер, тау жыныстарының үлгілері, тірі нысандар, машиналар және олардың бөліктері, археологиялық қазбалар және т.б.).

2. Көлемді (қолданыстағы машина механизмдер, аппараттар, құрылыстар және т.б. моделі; өсімдіктердің және олардың жемістерінің, техникалық құрылым және олардың жабдықтарының, ағзалардың және жекеленген органдардың және т.б. макеті және муляжі).

3. Сызбалық немесе таңбалық (кестелер, сызбалар, суреттер, плакаттар, диаграммалар, географиялық карталар және т.б.).

4. Суретті және суретті-үдемелі (суреттер, иллюстрациялар, диафильмдер, слайдтар, диапозитивтер, транспорттар және т.б.).

5. Дыбыстық (аудиожазба, радиохабарлар.).

6. Аралас (телехабарлар, бейнежазбалар, оқу кинофильмдері және т.б.).

7. Дидактикалық құралдар (карточкалар, жұмыс дәптерлері, үлестірме материалдары және т.б.).

8. Оқулықтар және оқу құралдары (пән тарихы,

баланың жалпы дүниетанымын дамыту туралы тақырыптық іріктелген материалдар және т.б.).

Көрнекі құралдар өздерінің дидактикалық рөлін толық орындауы үшін олар мына талаптарға сай болуы қажет:

• ғылыми тұрғыда лайықты, нақты бағдарламаға және оқу материалына сәйкес болуы тиіс;

• шынайы істі айқындауы және оқыту үдерісінің мәнін ұғынуға көмектесуі қажет;

• балалардың жас ерекшелігіне сай болуы қажет.

Оқыту құралдарының тиесілі педагогикалық әсер етуі үшін ол бірқатар дидактикалық талаптарды қанағаттандыру қажет:

• оқытудың көрнекі құралдар көмегімен берілетін ақпараттың заманауи ғылыми көзқараспен сәйкестігі және білім алушылар үшін қолжетімділігі;

• оқыту құралдарының шешу үшін қолданылған педагогикалық міндеттерге сәйкестігі;

• көрнекі құралды қолдану оқу материалын баяндау логикасымен және әдістемесімен анықталуы тиіс.

Өз кезегінде, оқытудың көрнекі құралдарын қолдану педагогке мынадай айқын талаптар қояды:

• оқу материалымен танысу үдерісінде әсерлі образдардың қажеттілігін түсінуі тиіс;

• сабақ барысында әсерлі образдарды баланың өз бетінше әрекет етуін дамыту, абстрактылы ойлауын дамыту құралы ретінде қолдауды ойластыруы тиіс;

• сабақ барысында оқытудың қандай көрнекі құралдарының көмегімен әсерлі образдардың қалыптасатынын және еліктіретінін шешуі тиіс;

• балалардың шынайы өмірді ұғынатын танымдық әрекетінің тенденциясын құруы қажет;

• оқу материалының қандай пәндердің және құбылыстардың жиынтығын сипаттайтынын, сонымен қатар білім алушылардың осы пәндермен құбылыстарды жалпылама түрде ұғына алуы үшін жағдай тудыруы және жақсы түсінуі қажет.

5.2. Әдістемелік нұсқаулар және оларды әзірлеуге қойылатын талаптар

Әдістемелік материалдың ең көп тараған және кеңірек пайдаланатын түрлерінің бірі әдістемелік нұсқаулар мен әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік нұсқаулар – оқыту және тәрбиелеудің едәуір тиімдірек әдістері мен түрлерін практикаға ендіруге ықпал ететін, ұсыныстар мен нұсқаулардың қысқа әрі нақты кешенін құрайтын әдістемелік басылым.

Әдістемелік нұсқаулар педагогикалық кадрларға нәтижелі педагогикалық тәжірибе мен ғылым жетістіктеріне негізделген шешімдерді

жүзеге асыруға көмектесуге арналған, мұнда аталған педагогикалық ұжымның, педагогтың іс-әрекетінің ерекшелігі және жағдайы ескеріледі.

Әдістемелік нұсқаулар педагогтердің тәжірибесімен танысу, жинақтау немесе жүргізілген зерттеу қорытындысы негізінде тұжырымдалған бір немесе бірнеше жеке әдістемелік мәнін ашады. Олардың міндеті – белгілі бір топқа немесе іс-шараға (тәрбие ісі) едәуір тиімді, өнімдік нұсқауларды, әрекет үлгілерін ұсыну.

Әдістемелік нұсқауларда міндетті түрде әдісті іс жүзінде айқындайтын бір немесе бірнеше нақты іс шараны дайындау және өткізу жөнінде нұсқау беріледі. Әдістемелік нұсқаулар қандай да болмасын тақырыпты, сабақ жүргізуді, іс шараны өткізудің ретін, логикасын және ерекшелігін анықтайтын ерекше үлгімен құрылған ақпаратты көрсетеді.

Әдістемелік нұсқаулардың кімге ұсынылатыны нақты көрсетілуі тиіс (педагогтерге, ата-аналарға, педагог ұйымдастырушыларға, сынып жетекшілеріне және т.б.) Осыған сәйкес қолданылатын әдістемелік нұсқаулардың терминологиясы, стилі, көлемі шектеледі.

Әдістемелік нұсқауларды дайындау жұмысында педагог бүкіл мазмұнын нақты мақсатына бағындыра алуы тиіс; ұсыныстың кімге арналғанын міндетті түрде көрсетуі тиіс; білім алушылар бірлестіктерінің нақты бір бөлігінің жұмысын жақсарту үшін қандай алдыңғы педагогикалық технологияны қолдану жайлы ұсыныстар беріледі. Егер мәселе озат тәжірибені жинақтау болса, онда білім алушылар бірлестігіндегі немесе тұтастай мекемедегі оқу үдерісінде жетістіктерге жетудің қандай әдістемелік тәсілі мен құрамын қолдану қажеттігін көрсету қажет.

Әдістемелік нұсқауларды жазуға дайындық келесі кезеңдерді қамтиды:

- өзекті тақырыпты таңдап алу;
- таңдап алған тақырып бойынша әдебиет көздерін оқып-үйрену;
- жоспар құру;
- нақты материалдарды жинақтау;
- дайындалатын ережелер мен нұсқауларды негіздеу үшін неғұрлым тиімді, тиесілі фактілерді іріктеу;
- жұмыс мазмұнын бөлімдер бойынша бөлу.

Әдістемелік нұсқаулардың құрылымы төмендегідей:

- мұқаба;
- аннотация;
- автор туралы мәлімет;
- алғы сөз;
- мазмұны;

- аталған тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі;

- қосымша (қажеттілігіне орай).

Әдістемелік нұсқаулардың жекелеген құрылым элементтеріне түсініктеме:

1. Мұқабада төмендегілер белгіленуі тиіс:

- білім ұйымының атауы (төменгі бағыныстылығы ретімен);
- автордың тегі, аты, әкесінің аты;
- тақырыбы (әдістемелік өнім түрі көрсетілген – әдістемелік нұсқаулар);
- қала атауы;
- әзірленген мерзімі.

2. Мұқабаның екінші бетінде жоғарыда аннотация беріледі, онда мынадай мәліметтер болады:

- қарастырылатын мәселелердің мәні туралы;
- әдістемелік нұсқаулардың кімге арналғаны туралы (осы жұмыс қандай көмек береді және кімге арналған – мектеп мұғалімдері, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қосымша білім педагогтары және т.б.);
- нұсқаудың негізіне алынған практикалық тәжірибе көзі (берілген әдістемелік нұсқаудың қандай тәжірибе базасында орындалғаны көрсетіледі).

- ұсынылған әдістемелік материалдың қолданылуы мүмкін салалар туралы (осы нұсқаулар гуманитарлық білімнің қай саласында қолданылуы мүмкін).

3. Мұқабаның төменгі жағында автор (авторлар) туралы мәліметтер беріледі:

- Тегі, аты, әкесінің аты;
- Лауазымы;
- Қызмет орны;
- Біліктілік санаты немесе ғылыми дәрежесі;
- Байланыс телефоны.

4. Алғысөзде келесі ақпарат берілуі тиіс:

- берілген әдістемелік нұсқауларды дайындау өзектілігін негіздеу (зерттелетін мәселе бойынша істің мән-жайы жөнінде қысқаша талдау жасау; ұсынылып отырған материалдың қазіргі уақытта білім берудің қай саласында қолданылатынын, оның жетістіктері мен кемшіліктерін көрсету; ұсынылып отырған жұмыстың тиісті мемлекеттік немесе аймақтық бағдарламаларды жүзеге асырудағы мәнін сипаттау; осы әдістемелік нұсқаулардың қандай көмек көрсететінін және кімге арналғанын түсіндіру);

- әдістемелік нұсқауларды әзірлеу мақсатын анықтау (мысалы, практик-педагогтерге, балалар мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруға және т.б. әдістемелік көмек көрсету);

- балаларға қосымша білім беру жүйесінде осы әдістемелік нұсқауларды қолданудан күтілетін нәтижені қысқаша баяндау;

• осы білім беру саласында қолданыстағы осындай басқа да нұсқаулармен салыстырғанда, ұсынылып отырған жұмыстың ерекшелігі мен жаңалықтарын негіздеу.

5. Әдістемелік нұсқаулардың мазмұны әркімді мәселелермен байланыста болуы мүмкін: нақты педагогикалық проблеманы шешумен; бұқаралық шараларды өткізумен, жазғы науқанды ұйымдастырумен, оқу-зертеу жұмысын жүргізумен, оқу бағдарламаларының жекелеген тақырыптарын зерттеумен, т.б.

Аталған бөлімнің мазмұны басшылардың, қосымша білім беру педагогтерінің қойылған мақсатқа жету үшін қолданатын озат технологияларды талдаудан және сипаттаудан тұрады. Сонымен бірге, қалыптасқан жағдайды түзету және жақсарту үшін қолданылатыны көрсетіледі, нұсқауларды қолдану нәтижесінің болашағы баяндалады.

Әдістемелік нұсқаулар мазмұны шектеулі емес, құрылымы еркін түрде жеткілікті баяндалуы мүмкін. Мысалы, оны мынадай түрде құруға болады:

- сипаттау (іс әрекеттің тұрақталған тәжірибесі негізінде) зерттелген мәселе бойынша не істеу керектігі ұсынылады (кезең-кезеңмен) және қалай (қандай түрдің және әдістің көмегімен – мысалы, тестілеу, бақылау);

- ұйымдастыру мәселелерін шешу, материалдық-техникалық, қаржылық мәселелері (қаржыландыру көздерін және белгіленген сомасы) бойынша кеңес беру (жұмыс жоспарын жасау; қатысушыларды ақпараттандыру кезеңдері және мерзімін анықтау, тапсырмаларды бөлу, жарнаманы қамтамасыз ету және т.б.); кадрлық қамтамасыз ету (эксперттерге талап);

- баяндалып отырған әрекет түрін ұйымдастырудағы және өткізудегі едәуір қиын тұстарды анықтау;

- әдеттегі қателерден сақтандыру.

Қорытынды бөлікте әдістемелік нұсқауларды мазмұнынан туындайтын қысқа да нұсқа қорытынды беріледі.

6. Аталған тақырып бойынша қолданылған және ұсынылған әдебиеттер тізімі алфавит ретімен әдебиет көздерін рәсімдеудің қазіргі қолданыстағы ережелеріне сәйкес құрылады (басылым, баспа мекен-жайы, басылу мерзімі).

7. Қосымшада «Мазмұны» бөліміне кірмей қалған, осы әдістемелік нұсқауларды пайдалануға байланысты ұсынылып отырған іс-шара түрін ұйымдастыру үшін қажетті материалдар беріледі. Қосымша құрамында мыналар болуы мүмкін:

- сабақ, нақты істі, іс-шараларды өткізудің жоспар-конспектсі;

- ескертпелер;

- тест тапсырмалары;

- білім алушыларға арналған практикалық тапсырмаларды жасаудың әдісі;

- сызбалар, диаграммалар, кестелер, суреттер, фотосуреттер, карталар;

- ашық іс-шараларды, саяхаттардың және т.б. үлгі тақырыптары.

5.3. Әдістемелік ұсынымдар және оларға қойылатын талаптар

Әдістемелік ұсыным – бұл оқытудың түрін, құралын және әдістерін, нақты сабақ тақырыбына, оқу бағдарламаларына толық курсты оқытуға қолданатын заманауи педагогикалық технологиялардың элементтерін немесе оқыту мен тәрбиелеу технологиясының өзін анықтайтын құрал.

Әдістемелік ұсыным – оқу сабағын, іс-шараны өткізу ретін логикалық құру және толығымен баяндау. Әрекет барысын тізбектей баяндау, сонымен қатар оның мақсатын, нәтижеге жету құралдарын, күтілетін нәтижелерін қамтиды және тиесілі әдістемелік кеңеспен жалғасады.

Әдістемелік ұсынымда қандай да болмасын іс-шараны өткізу жөнінде нақты материалдар беріледі, әдістемелік кеңестер және нұсқаулармен үйлеседі.

Әдістемелік ұсыным және жұмыс болуы да мүмкін. Ол педагогтердің кәсіби-педагогикалық жағынан немесе жекеленген бағыттар бойынша даярлығының сапасын жетілдіруге бағытталады.

Әдістемелік ұсыным мыналарды қамтиды:

- нақты сабақ жоспары;

- сабақтар сериясының жоспары;

- бағдарлама тақырыбының жоспары;

- оқытудың жеке (авторлық) әдістемесінің жоспары;

- оқытудың жалпы әдісінің жоспары;

- оқыту және тәрбиелеудің жаңа түрінің, әдістері немесе құралдарының жоспары;

- оқытудың материалдық-техникалық жағдайының өзгеруімен байланысты әдістемелік жоспарлар;

- жаңа мамандықтарға, кіріктірілген мамандықтарға, жоспарға байланысты әдістемелік жоспарлар;

- педагогтердің өзіндік білімінің тақырыбымен және т.б. байланысты жоспарлар.

Әдістемелік ұсынымды жазуға кірісер алдында педагог мыналарды білуі қажет:

- ұсыным тақырыбын таңдауға мұқият болу. Тақырып өзекті, педагогке таныс, осы тақырып бойынша педагогтің жинақталған нақты тәжірибесі болуы тиіс.

- әдістемелік ұсыным мақсатын анықтау. Мысалы, мақсат мынадай болуы мүмкін:

тақырып мазмұнын оқып-үйренудің түрі мен әдістерін анықтау; оқу бағдарламасында берілген тақырыпты оқып-үйрену жөнінде сабақ өткізудің тәжірибесін айқындау; педагог пен білім алушылар әрекетінің түрін баяндау; заманауи техникалық және ақпараттық оқыту құралдарын қолдану әдістемесін баяндау; сабақ барысында теория мен практиканың байланысын жүзеге асыру; заманауи педагогикалық технологияларды немесе олардың элементтерін сабақта пайдалану және т.б.;

- таңдап алынған тақырып бойынша озық педагогикалық тәжірибені, әдебиеттер мен әдістемелік құралдарды мұқият оқып-үйрену;
- әдістемелік ұсынымның жоспарын құру және құрылымын анықтау;
- алда атқаратын жұмыстардың бағытын айқындау.

Әдістемелік ұсыным құрылымы:

1. Ұсынымның атауы.
2. Іс-шараның атауы және өткізу түрі.
3. Өткізілетін іс-шараның міндеттері, өткізу әдісі, іс-шара арналып отырған балалардың жасы, іске асыру жағдайы көрсетілген түсініктеме.
4. Жабдықтау, рәсімдеу (техникалық құралдар, мәтін, қанатты сөздер, плакат нұсқалары, сценарийде қолданатын музыкалық шығармалардың атауы және авторлары).
5. Даярлық кезеңінде берілетін әдістемелік кеңестер (тапсырмаларды дұрыс бөлу).
6. Сценарийлік жоспар, іс-шараны өткізу барысы.
7. Іс-шараның сценарийі, мұнда бөлімдердің барлық композициялық сюжеті, авторларға сілтеме және беттері көрсетілген туындылардың атауы көрсетіледі.
8. Ұйымдастырушылар мен қойылымды қоюшыларға арналған әдістемелік кеңестер (іс-шараны қайда өткізген орынды, рәсімдеу нұсқалары, көтеріңкі көңіл-күй тудыру жолдары, қателіктерден сақтандыру).
9. Іс-шараны аяқтау кезеңінде берілетін әдістемелік кеңестер (қалай қорытындылау қажет, алынған нәтижелерді пысықтау үшін не істеу керек және т.б.)

10. Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Әдістемелік ұсыным мазмұнына және рәсімделуіне қойылатын талаптар:

1. Әдістемелік ұсынымда міндетті түрде мұқаба, аннотация, мазмұны, кіріспе, негізгі бөлім, әдебиеттер тізімі, тараулары, қажетті жағдайда қорытынды, қосымша болуы тиіс.

2. Әдістемелік жұмыстың мұқабасында көрсетілетіндер:

- жоғары ұйым атауы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі) және ұйым

атауы;

- әдістемелік нұсқау үшін – хаттама нөмері және бекіткен әдістемелік кеңес мәжілісінің жұмыс атауы;

- оқу әдебиеттерінің түрі (оқу құралы, әдістемелік нұсқаулар, әдістемелік ұсынымдар, зертханалық және практикалық жұмыстарға нұсқаулық, бағдарламалар және т.б. аталған басылымның кімге арналғаны көрсетіледі);

- басылым орны және мерзімі.

3. Мұқабаның ішкі жағында көрсетілетіндер:

- ОӨЖ классификациялық индексі немесе ББК (сол жақтағы жоғары бұрыш);

- басылымның библиографиялық мәліметтері (авторлар немесе құрастырушылар, толық атауы, түрі, орны, жылы және басылым бетінің саны);

- басылым аннотациясы (оқу құралдары үшін);

- қолжазбаның әдістемелік кеңесте қаралғаны туралы мәлімет (хаттама нөмері, қаралған мерзімі);

- аталған жұмысты құрастырушы (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауызымы, тегі, аты, әкесінің аты);

- жұмысқа пікір жазғандар (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауызымы, тегі, аты, әкесінің аты). Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және лауызымы қолданысты қысқартулар ережесіне сәйкес жазылады: доктор – д-р, профессор – проф., кандидат – канд., доцент – доц., биол., тарих., мат., хим. және т.б. ғылымдардың. Мысалы: т.ғ.д., доц.

4. Аннотация – мазмұнын, жаңалығын, кімге ұсынылғанын көрсететін қысқаша сипаттама. Аннотацияда (3-4 сөйлем) қысқаша әдістемелік жоспардың кімдерге арналғаны, қандай мәселені көрсететіні, кімге пайдасы тиетіні көрсетіледі.

5. Мазмұны: берілген мамандық және берілген пән бойынша осы әдістемелік ұсынымның оқыту үдерісінде алатын орны мен рөлі; қолданыста жүрген басқа басылымдардан ерекшелігі; басылым кімге арналғаны көрсетіледі.

6. Кіріспе (1-2 бет) аталған жұмыстың өзектілігін, яғни автор неліктен осы тақырыпты таңдады және оның білім мазмұнындағы орны қандай деген сұраққа жауап береді. Кіріспе оқырманды мазмұнына, жоспардың проблемасына еруге, тарихи аспектіде орнығуы және дамуын түсінуге жетелейді және т.б.

7. Әдістемелік ұсыным мазмұнының тақырыбы мен мақсатына нақты сәйкес болуы тиіс. Әдістемелік ұсынымның мазмұны педагогтердің оқыту үдерісін неғұрлым тиімді ұйымдастыру, техникалық және ақпараттық құралдарын қолдану туралы мәлімет алатындай болуы қажет.

8. Авторлық (жекеше) әдістер оқулықтар мен оқу бағдарламаларының мазмұнын қайталамауы,

зерттеліп отырған құбылыстар мен техникалық нысандарды баяндамауы, жалпы педагогикалық әдебиеттерде берілген сұрақтарды көтермеуі тиіс.

9. Материал жүйеленген, мүмкіндігінше нақты әрі қарапайым тілмен жеткізілуі тиіс.

10. Әдістемелік ұсынымның тілі анық, нанымды, сауатты, дәлелді болуы тиіс. Қолданылатын терминология педагогикалық (өндірістік) тезаурусқа сай болуы қажет.

11. Ұсынылатын әдістер, әдістемелік тәсілдер, оқыту түрі мен құралдары өзінің педагогикалық тәсілі тізбесіне негіздеуі тиіс.

12. Әдістемелік ұсынымда оқыту үдерісін жүзеге асыруда нақты материалдық және техникалық жағдайы ескерілуі тиіс.

13. Оқыту үдерісін ұйымдастыруда оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін кеңінен қолдануға бағдарлау қажет.

14. Әдістемелік ұсыным «Нені оқыту керек?» деген сұрақты түсіндіруі қажет.

15. Әдістемелік ұсынымда педагог өз жұмысында қолдана алатын нақты материалдар (тапсырмалар карточкасы, үлгілер, сабақ жоспары, зертханалық карточкалар, үлгілер, сабақ жоспары, зертханалық жұмыстар жүргізу туралы нұсқаулық карточка-сызба, тесттер және т.б.) болуы тиіс.

16. Әдістемелік ұсынымның жалпы көлемі (қосымшаны қоспағанда) компьютермен терілген (шрифт 14) 24 беттен кем болмауы тиіс. Егер әдістемелік жұмыс бір сабақтың үлгісін көрсететін болса, онда 10 беттен кем болмауы тиіс.

17. Әдістемелік ұсынымның негізгі мазмұнының көлемі барлық қолжазбаның жартысынан кем болмауы тиіс.

18. Қосымша көлемі шектелмейді, бірақ ол мәтінге сәйкес болуы тиіс (оларға мәтінде сілтеме жасау міндетті).

19. Мәтінде қолданылған әдебиеттерге жасалған сілтеме квадрат жақшамен белгіленеді. Мысалы, [5], мұнда 5 қолданылған әдебиеттер тізіміндегі реттік нөмері.

20. Қолданылған әдебиеттер тізімі 10-15 атаудан тұрады. Егер әдістемелік жұмыс практикалық сипатта болса, теориялық сілтемені қажет етпесе, онда пайдаланған әдебиеттер тізімін көрсетпеуге болады.

21. Бөлімдердің саны мен көлемі шектелмейді.

22. Тараулардың атауы әдістемелік жұмыстың соңында пайдаланған әдебиеттер тізімінен соң берілгені жөн.

5.4. Әдістемелік материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар

Мәтін:

- А4 форматты қағаз;
- пішіні – кітап түрінде;
- шеттері: жоғары, төмен, оң жағы, сол жағы – 2 см.;
- бет нөмірі араб санымен белгіленеді, беттің төменгі жағына ортасына орналасады; мұқаба жалпы белгілеуге кіреді;
- қаріп – Times New Roman;
- азат жолдан басталады;
- жол арасындағы интервал біреу;
- сөздерді тасымалдауға болмайды;
- компьютермен терудің негізгі ережелерін сақтау керек.

Мәтін бөлімдер мен бөлімшелерге бөлінеді. Оларға реттік нөмір беріледі, араб санымен белгіленеді. Бөлім атауларын мәтінде тақырып-шалармен рәсімдейді. Бөлім атауы бас әріптермен теріледі, 14 қаріппен, қаралау әріппен ерекшеленеді, ортаға орналасады. Негізгі мәтін тақырыпшадан бос жол арқылы бөлініп тұрады. Бөлімше атауы азат жолдан басталады. Тақырыпша соңында нүкте қойылмайды. Тақырыпша астын сызуға болмайды. Әрбір бөлімді жаңа беттен бастау ұсынылады.

Мазмұнында тізбектеліп бөлімдердің, бөлімшелердің тақырыптары беріледі, материал басталатын беттің нөмері көрсетіледі.

Иллюстрациялар «Сурет» сөзімен белгіленеді және бөлім шегінде нөмерленеді.

Иллюстрация нөмірі бөлім нөмерінен және иллюстрацияның реттік нөмерлерінен тұруы тиіс, нүктемен бөлінеді.

Қосымша жұмыстың ең соңында, мәтінде айтылу тәртібімен орналасады. Әр қосымша жаңа беттен басталады. «Қосымша» атауы жолдың ортасына орналасады және реті алфавиттің бас әрпімен белгіленеді. Мысалы, «Қосымша А».

5.5. Басылымды жариялауға дайындау тәртібі және реті

Оқу құралының, әдістемелік нұсқаулар қолжазбасының басылымға дайындалған сараптамасы сектордың, бөлімнің мәжілісінде қаралудан басталады. Әрі қарай жұмыс мәжіліс хаттамасының көшірмесімен бірге директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасарына ішкі пікір алуға жіберіледі. Сыртқы пікір екеуден кем болмауы қажет: ұжымдық және жеке.

Әдістемелік нұсқаулар тек ішкі пікірді алады: директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары немесе оқу-ісі жөніндегі орынбасары және осы бағыт бойынша әдіскер. Оң пікір алған жұмыс ұйымның әдістемелік кеңесі мәжілісінде талқыланады, шешім қабылданады және мәжіліс хаттамасының көшірмесі рәсімделеді.



Программа туристского кружка по комбинированному туризму (Для возраста 12-15 лет, срок реализации программы 3 года)



НЕТАЛИЕВА К.Е.
Заведующая отделом туризма
и безопасности маршрутов
ОЦДЮТиЭ,
педагог-исследователь, г. Уральск, ЗКО

*Рекомендовано к публикации решением экспертного совета
областного учебно-методического кабинета организаций
дошкольного, общеобразовательного, технического и
профессионального образования
управления образования Западно-Казахстанской области
протокол №2 от 30.04.2021 г.*

Аннотация

Программа составлена для школьников-кружковцев среднего возраста (12-15 лет), обучающихся в основной школе. Содержание программы нацелено на формирование всесторонне развитой творческой личности, реализации содержания основного (школьного) и дополнительного образования туристско-краеведческой деятельности.

Аңдатпа

Бағдарлама негізгі мектепте оқытын орта жастағы (12-15 жас) үйірме оқушыларына арналған. Бағдарламаның мазмұны туристік-өлкетану қызметінің негізгі (мектеп) және қосымша білім беру мазмұнын іске асыруға және жан-жақты дамыған шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Ключевые слова: поход, блок, туризм, базовый модуль, вид туризма, родной край

Рецензенты:

Мукашева А.Б. – заместитель директора по учебно-воспитательной работе областного центра детско-юношеского туризма и экологии

Шергалиев А.М. – руководитель городского отдела спорта и физической культуры, вице-президент федерации «Қазақ күрес», обладатель нагрудного знака «Халық алғысы»

Пояснительная записка

Туризм по своей природе всегда содержит элементы познания родного края, а чтобы познавать родной край, необходимо путешествовать. Нельзя понять красоту земли, природы, сидя дома у телевизора или только читая литературу. Тяга людей к туризму понятна: это движение, живописная природа, возможность проверить себя, свои силы. Туризм укрепляет здоровье, закаляет так, как ни один другой вид спорта.

Но всегда ли умело и разумно ведет себя человек на природе, всегда ли умеет так «вписаться» в окружающую среду, чтобы не принести ущерба ей и вреда себе? К сожалению, нет. Поэтому туризму и туристов надо учить.

Регулярные занятия туризмом, участие в походах формирует в человеке интерес и привязанность к родному краю, его патриотические чувства, историческое сознание, социальную активность. Нельзя недооценивать и того, что

подростковому возрасту свойственно стремление к новизне, к приключениям и романтике. К сожалению, современное узкоспециальное и теоретизированное образование в большинстве случаев не дает ответа на конкретные вопросы, связанные с выживанием человека в той или иной ситуации. А занятие туризмом позволяет на практике отработать возможные непредвиденные ситуации.

Но туризм - это не только спорт. Это философия, образ и стиль жизни. Путешествуя, человек знакомится с родной страной, иногда попадая в условия, близкие к тем, в которых жили наши предки, на практике знакомится с бытом и традициями народов Республики Казахстан. И в один прекрасный момент он задумывается о своем месте в жизни. Именно отсюда и начинается патриотизм - с отождествления себя со страной, в которой живешь, с ее культурой и обычаями.

Актуальность программы

Воспитание молодого поколения в духе патриотизма – это первоочередная задача современного образования. Беда нашей страны – растущее число малолетних преступников, наркоманов, ранняя алкоголизация населения. Современный ребенок стремится к тому, что он получает с экранов телевизоров. Он не видит и не замечает мира, существующего за границами его «виртуального бытия». Отсюда идет и массовое ухудшение здоровья детей – слабая физическая активность, интенсивные информационные нагрузки, и, как итог, психические расстройства, доводящие многих до девиантного поведения. Активизировать познавательную деятельность молодежи, оздоровить молодое поколение как морально, так и физически - вот еще важнейшие задачи современного образования. Туризм позволяет реализовать все эти задачи в полном объеме через путешествия, знакомящие с культурой, историей, природой родной страны.

Но, к сожалению, на сегодняшний день в системе дополнительного образования не существует определенной ясности на преподавание туризма. Сотни энтузиастов туризма, работающих в сфере образования, сталкиваются с серьезной проблемой отсутствия программы. Да, видов туризма достаточно много, у каждого педагога свои взгляды на туризм и свой профиль. Один, в силу своего небольшого опыта или здоровья, ходит только по Западно-Казахстанской области (ЗКО), другой стремится воспитать покорителей Эвереста, третий не мыслит себе жизни без бурной воды, закручивающей как в «бочку» и так далее. Есть, и таких большинство, туристы-универсалы, которые летом ходят в горы, зимой – на лыжах, а весной окунаются в бурную воду Урала.

Многопрофильность программы, связанная с разделами краеведения и экологии, является

одним из средств, позволяющих реализовать основные цели программы.

Предлагаемая программа есть первая попытка собрать воедино несколько видов туризма и предложить их для системы дополнительного образования – туристских кружков, групп.

Опыт убедил, что, приходя в туристское объединение в возрасте 11-13 лет, ребенок продолжает занятия не только до окончания школы (16-17 лет), но и после совершеннолетия. Таким образом, фактическая продолжительность обучения составляет не менее 4-5 лет. На сегодняшний день, практически, не существует программы единого долгосрочного курса по туризму. Все имеющиеся программы ограничены максимально 3-летним сроком.

Предлагаемая программа «Пешеходно-горный туризм» разработана по блочно-модульному принципу. Изложение учебного материала в программе построено по принципу от простого к сложному. Первый год обучения является базовым, так как дает начальные, основные знания и умения, без освоения которых трудно заниматься туризмом. Работа по программе строится с учетом ближних и дальних перспектив. На протяжении всех трех лет обучающиеся совершенствуют свои умения и навыки организации туристского быта, техники туризма, ориентирования, краеведения. Со второго года обучения предполагается углубленное изучение тем туристской подготовки, специализации пешеходного туризма и элементов выживания в природной среде.

Актуальность данной программы также в том, что это попытка предложить долгосрочный курс обучения в области спортивного туризма и спортивного многоборья.

Структура программы позволяет спланировать курс максимально на срок 6-7 лет. Последние ступени обучения, по сути, будут являться подготовкой инструкторских туристских кадров. При апробации программы, в нее будет добавлен еще один модуль – Инструкторский, включающий основы педагогики, психологии и методики преподавания.

Основная концепция программы

Если говорить об основной идее, концепции программы, то она достаточно проста и строится из трех взаимосвязанных линий.

Первое и основное – идея гносеологической спирали (спирали познания) А.А. Остапца-Свешникова, т. е. развитие от близкого к дальнему, от простого к сложному. Конечная цель каждого года обучения – летний зачетный поход. С каждым годом сложность походов возрастает, соответственно с каждым годом углубляются и расширяются знания учащихся по тем или иным вопросам. Т. е. все планирование в течение года привязано к конечной цели – дать то, что

понадобится в зачетном походе.

Для возможности реализации такого «наслоения» материала все разделы программы разделены на профильные модули, а каждый модуль – на тематические блоки. У педагога есть возможность строить планирование на несколько лет вперед, добавляя в программу каждого года все новые и новые разделы программы, закрепляющие и обобщающие ранее изученный материал.

Модульность программы – это вторая идея, на которой построена данная программа. Деление на модули позволяет также более четко отслеживать межпредметные связи при разработке планирования, привязывать изучение различных блоков программы к конкретным разделам школьных предметов. Но постепенное изложение материала, также, создает простор для творческого поиска учащихся, т. е. активизирует познавательную деятельность учащихся. Они пытаются самостоятельно искать пути решения различных проблем, восполняя пробелы за счет учебно-популярной туристской, краеведческой литературы. И с каждым «витком спирали» сложность заданий, как и походов, увеличивается.

Третья идея – применение инновационного метода проектов при итоговой оценке знаний, умений и навыков - позволяет в полном объеме реализовать познавательную активность учащихся, а использование дифференцированных заданий (маршруты сложнее, проще) дает возможность самовыражения и реализации своих идей даже отстающим. Ведь, зачастую, в туризм идут дети с проблемами в общении, из неблагополучных семей и т.п. И здесь нужно не отсеивать по успеваемости, а воспитывать познавательный интерес, желание учиться, узнавать новое. Сложность зачетных заданий можно варьировать, добавляя или исключая из них различные блоки программы.

Общие сведения об учебной группе

Данная программа рассчитана на постоянный состав учащихся, занимающихся на протяжении нескольких лет (минимум один, максимум шесть) в туристско-спортивном или туристско-краеведческом объединении.

Комплектовать состав группы следует из учащихся не моложе 11 лет, т. е. пятиклассников, хотя, на практике возрастные рамки определяются физическими и психологическими возможностями детей и соответствуют требованиям к школьникам - участникам туристских походов.

При наборе группы следует учитывать, что, в связи с естественной текучкой, количественный состав группы будет меняться. Опыт показывает, что следует набирать несколько большее число учащихся, чем необходимо для формирования учебной группы (минимальный состав –

15 человек). Но опыт проведения походов говорит, что с увеличением туристской группы увеличивается и риск травматизма в походе, поэтому к дальним категорийным зачетным походам должны допускаться только наиболее подготовленные члены группы, а состав группы не должен превышать 12 человек (10 детей и 2 руководителя). Для непродолжительных походов по ЗКО допустимы группы численностью до 17 человек (15+2). Через три года занятий обычно формируется «схоженная» команда численностью около 10 человек. Это и есть та цифра, на которую следует ориентироваться при наборе новой группы.

Основные цели

Основные цели, которых хотелось бы добиться при обучении детей по предлагаемой программе, автор видит в следующем:

- физическое и духовное развитие личности;
 - воспитание в ребенке любви к окружающему миру и к своей Малой Родине;
 - формирование чувства патриотизма и гражданственности;
 - уточнение, подтверждение полученных и приобретение новых знаний по предметам школьной программы, взаимосвязанных с туристско-спортивной и туристско-краеведческой деятельностью;
 - формирование личности, способной творчески адаптироваться к жизни, ее изменениям, в том числе агрессивным проявлениям, путем усвоения специально разработанной системы навыков и взглядов (системы выживания);
 - овладение ребенком основными спортивно-техническими профессиональными навыками в данной области;
 - развитие способности к принятию творческих решений в нестандартных жизненных ситуациях на основе имеющегося багажа практического опыта, т.е. переход количества практического опыта и знаний в качество оригинальных решений;
 - социальная адаптация детей и подростков из неблагополучных семей и детей с отклонениями в социализации;
 - воспитание в школьниках основных человеческих качеств: взаимовыручки, дружбы, честности, бескорыстия, самостоятельности, отзывчивости.
- #### **Задачи, раскрывающие цели**
- Поставленных целей можно добиться, решая основные воспитательные, познавательные и оздоровительные задачи, а именно:
- пропаганда туристско-краеведческой, экологической деятельности;
 - пропаганда здорового образа жизни через занятие туризмом;
 - участие в туристских соревнованиях, проводимых городом, областью, республикой;

- формирование из числа старших и наиболее опытных учащихся инструкторского звена, помогающего в реализации данной программы;
- привлечение наиболее опытных выпускников к работе в должности педагога дополнительного образования;
- изучение культуры и природы Казахстана через туристские походы, посещение памятников истории и природы.

Структура программы

Предлагаемая программа имеет блочно-модульную структуру, позволяющую составлять наиболее удобное планирование в соответствии с нагрузкой педагога, профилем его кружка и личным опытом, а также опираясь на принцип постепенного изложения материала от простого к сложному.

Программа состоит из трех основных профильных модулей: Базового модуля (Базиса), Основного модуля (Профиля) и Дополнительного модуля (Нагрузки), каждый из которых делится на тематические блоки.

Базовый модуль (Базис).

Туризм – дисциплина комплексная, включающая в себя ряд разделов. Принято рассматривать не просто туризм, а его отдельные виды: туризм пешеходный, горный, водный, лыжный, спелео, вело и т.д. Но во всех видах туризма обучение новичка идет по одному и тому же пути: сначала даются определенные базовые знания, общие для всех видов туризма и лишь потом начинается специализация.

Таким образом, в туризме можно выделить несколько разделов, общих для всех видов – азбука туризма. Именно эти разделы были вынесены в Базовый модуль и, на мой взгляд, являются обязательными для изучения начинающими туристами. Без знания этих разделов туристской жизни нельзя говорить о подготовленности туриста.

Следует обратить внимание на разделы экологической краеведческой подготовки туриста. Именно через экологическую и краеведческую работу возможно достижение основных целей данной программы. Путешествуя, ребенок знакомится с окружающим миром, на практике постигает его законы, и задача руководителя – всеми способами способствовать развитию этого интереса. Через краеведческую работу ребенок знакомится с культурой, географией, историей родной страны. Через экологическую работу детям прививается бережное отношение к природе. Изучение этих блоков должно идти в течение всего времени занятий туризмом, т.е. в планирование каждого года следует включать блоки краеведческой и экологической подготовки. Это и понятно, ведь каждый раз, собираясь в поход, туристу приходится тщательно изучать

район путешествия, а это и есть одна из форм краеведческой работы.

Раздел Базис может быть почти полностью использован при планировании курса «Юный турист» для учащихся 5-6 классов. После изучения Базового модуля, учащиеся уже имеют представление о туризме вообще и могут выбирать для себя интересующий их профиль. Педагог планирует весь курс обучения на несколько лет, включая в свой план те разделы, которые удовлетворяют его опыту, перемешивая Базовый модуль и Основной. При этом желательно, чтобы Базовый модуль был изучен в течение первых двух лет, а в последующие годы шло бы уже совершенствование мастерства по выбранному профилю.

Основной модуль (Профиль)

Основной модуль делится на несколько блоков, соответствующих определенным видам туризма. При составлении календарного плана профильные блоки можно распределить по сезонам. Например, осенью изучается Базовый блок и пешеходный профиль, зимой – лыжный, весной водный или горный. Некоторые темы профильных блоков похожи, но это сделано для удобства планирования. Основной упор в обучении делается на один из видов спортивного многоборья, для того чтобы был рост, достижения на спортивных соревнованиях, выполнения спортивных разрядов (от юношеских до Мастера Спорта). Такой опыт у педагога уже имеется, среди первых выпускников:

- 2 участника имеют 3 юношеский разряд;
- 3 выпускника имеют разряд КМС (кандидат в мастера спорта);
- 1 участник группы получил звание Мастера спорта по спортивному туризму.

Основной упор в данном разделе необходимо уделить практической отработке навыков и умений, на физическую подготовку воспитанников. С этой целью стараться принимать участие в туристских соревнованиях городского, областного и республиканского уровня.

Раздел «Профиль» также преследует профориентационные цели: зачастую выпускники по окончании школы выбирают профессии, связанные именно со спортом и туризмом, и нередко возвращаются к нам как инструктора, педагоги дополнительного образования.

Условия для реализации программы

1. Опыт педагога. Для реализации программы необходимо, чтобы педагог (руководитель туристской группы) имел туристскую квалификацию, соответствующую той спортивной программе, которую он для себя наметил. Так, для подготовки группы только по Базовому модулю педагогу достаточно иметь опыт участия в пеших или водных туристских походах 1 категории

сложности. Для работы по Пешеходному профилю необходимо иметь опыт руководства походом и звание Инструктора детско-юношеского туризма или Инструктора туризма.

2. Материально-техническая и учебно-методическая база. Требования к материально-техническому оснащению учебного процесса зависят от используемых модулей. Для реализации одного Базового модуля достаточно иметь небольшое помещение для занятий с группой, комплект группового снаряжения для непродолжительных походов, рассчитанный на количество занимающихся в группе и комплект личного снаряжения, как-то: рюкзаки, спальные мешки, штормовки. Впоследствии, дети приобретут себе личное снаряжение, но на первых порах целесообразнее ходить с казенным - не у каждой семьи есть возможность одновременно экипировать ребенка для похода. Помимо снаряжения хорошо бы иметь наглядные пособия по топографии, медицине, полезно самостоятельно вместе с детьми сделать стенд по туристским узлам. Это позволит детям более подробно изучить используемые в туризме узлы. Для размещения всего этого хозяйства хорошо бы иметь небольшое подсобное помещение под склад и классную комнату с доской для постоянных занятий группы, где бы можно было разместить наглядные пособия, фотоотчеты о походах и соревнованиях, сделанные ребятами и т.п.

3. Технические средства обучения. Оправляясь в поход, принимая участие в соревнованиях, туристы обычно, помимо фотоаппарата, берут еще и видеокамеру. Поэтому полезно время от времени устраивать на занятиях групповые просмотры походных видео дневников или слайдов по соревнованию. Для этой цели необходимо иметь слайд-проектор. Очень полезным может оказаться персональный компьютер, с помощью которого подготавливаются отчеты о походах, а выход в сеть Интернет позволяет находить оперативную информацию о районах путешествий, отчеты о походах других групп, связываться с туристами и туристскими организациями из других городов.

4. Связь с туристскими организациями. Педагогу, работающему в области туризма, следует наладить связь с вышестоящими туристскими и образовательными организациями. Такими организациями могут быть областное управление образования, Областной центр детского туризма, областное управление физической культуры и спорта.

5. Финансирование. Очень многие мероприятия, такие как совершение походов, участие в соревнованиях невозможно будет реализовать без финансирования со стороны управления образования. Поэтому педагогу следует своевременно подавать заявку в программу

оздоровительных мероприятий центра туризма. Возможно привлечение спонсорских средств.

Критерии оценки результатов

Положительными результатами работы педагога по данной программе можно считать:

- сохранение контингента учащихся на всем протяжении обучения (состав группы изменился менее чем на 10%);
- рост уровня спортивных достижений команды (выступление на соревнованиях, слетах);
- сохранение и повышение уровня успеваемости по предметам школьной программы;
- привлечение старших воспитанников к работе в должности педагога дополнительного образования для дальнейшей реализации данной программы.

Способы оценки результатов

Для оценки качества знаний, умений и навыков учащихся следует проводить различного рода контрольно-проверочные мероприятия. Так, в конце каждого года обучения следует проводить зачет по теоретическому и практическому курсу с проверкой знаний по изученным дисциплинам.

По завершении изучения Базового курса учащиеся должны уметь самостоятельно разрабатывать маршруты походов по равнинной части до I категории сложности, составлять и рассчитывать продуктовую раскладку, перечень группового и личного снаряжения, рассчитывать вес рюкзака, иметь достижения в спортивной деятельности, выполнить юношеские разряды. Одним из видов контроля практических навыков в этой области это предложить учащимся самостоятельно разработать маршрут похода по заданному району и в заданные сроки. Нет большей награды, чем практическая реализация того проекта, который ты сам разработал, или же организовать и провести туристские соревнования с использованием простейших навыков для младших туристских групп. Не следует забывать, что педагог работает не для себя, а для детей, поэтому желательно, чтобы районы походов предлагались самими детьми. А для того, чтобы они имели представление о том, куда и как можно пойти в поход, следует в рамках изучения темы «Краеведческая подготовка» провести семинар по районам путешествий.

Уровень технического мастерства проверяется на соревнованиях, которые проводят местные и городские, областные и республиканские туристские организации.

Уровень спортивного мастерства может быть оценен в присвоении очередных спортивных разрядов и званий.

Все вышеизложенные рекомендации были мной практически проверены на протяжении 16-ти лет в работе отделе туризма областного центра туризма и экологии.

(Продолжение в следующем номере)



Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білім беру ұйымдарында STEAM технологиясын енгізу



ЖИЕНБЕКОВ Т.К.

Адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Облыстық жас туристер станциясы»
КММ-нің директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары Түркістан қ., Түркістан обл.

Аңдатпа

Мақалада инновациялық технологиялар арқылы оқытудың ерекшеліктері мен маңыздылығы қарастырылған. Сонымен қатар STEAM білім беру – оқытудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудегі негізгі тренд ретінде сипатталады.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности и важность обучения с помощью инновационных технологий. STEAM-образование называют новым методом обучения и основным трендом в мировом образовании.

Кілт сөздері: инновациялық технология, STEAM білім беру.

«Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEAM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді».

Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім және ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту мақсаты қойылған. Келешекте балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың жетістігі – кадрлық, ұйымдастырушылық, ғылыми, бағдарламалық-әдістемелік, материалдық-техникалық сипаттағы бірқатар мәселелердің шешілуіне байланысты. Осы бағытта туристік-өлкетану қызметі қазіргі әлеуметтік білім жағдайындағы бейімді тұлға қалыптасуының ықпалды құралы болып табылады, тәрбие жұмысының патриоттық, азаматтық, адамгершілік, экологиялық, эстетикалық бағыттары үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының» ұйымдастыруымен «Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетануға STEAM технологиясын енгізу» тақырыбында қосымша білім педогогтарының біліктілігін арттыру курсы болып өтті. 2020 жылғы 2-13 қарашасында қашықтықтан білім беру технологиялары арқылы өткен Республикалық курсқа еліміздің барлық өңірінен қосымша білім берудің педогогтері қатысты. Курсты өткізу барысында тыңдаушыларға ZOOM қосымшасы арқылы білікті мамандар дәріс берді. Қатысушылар білімдерін жетілдіре отырып, курстың мазмұнын өз бетінше зерделеу үшін материалдар орналасқан интернет платформасының қызметін пайдалану мүмкіндігіне ие болды. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру, оқу-әдістемелік орталығының»

сертификаты берілді. Балаларға қосымша білім беру жүйесі педогогтерінің біліктілігін арттыру – білім алушылар тұлғасының дамуына бағытталған кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктер жиынтығын қалыптастыру үдерісін болжайды.

Курстан алған біліктері мен дағдылары әрбір педогогке инновациялық технологияларды пайдалана отырып өз өңірлерінде оқушылармен туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруды жалғастыруға, сондай-ақ курстан кейінгі әдістемелік қолдау көрсету: білімдерін, іскерлігін, дағдыларын практикада табысты қолданатын педагогтармен тәжірибе алмасу бойынша іс-шараларға, байқауларға, вебинарларға, семинарларға, конференцияларға қатысуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында біліктілікті арттыруды жетілдіру ісі бүгінгі таңдағы ең өзекті, өткір мәселелердің бірі болып отыр. Себебі қазіргі білім беру ұйымдарындағы қандай да бір өзгерістер ең алдымен мұғалімнің тұлғасымен тікелей байланысты екені белгілі. Мұғалімнің жеке басына деген ерекше қызығушылық білімдік парадигмалардың өзгеріп, репродуктивті әдіс-тәсілдердегі жеке шығармашылық әрекеттер арқылы оқытуға көшу, мамандардың өзін-өзі толық іске бағыттауға, өзін-өзі дамытуға деген кәсіби қажеттіліктерін қанағаттандыру ісімен түсіндіріледі.

Білім беруді жаңашаландыруды жүзеге асырудың маңызды бір сипаты – қазіргі кездегі оқыту үрдісін технологияландырудың қажеттілігінен туындап отыр. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялары мен технологиялары бар. Оқытудың озық технологияларын меңгермейінше қазіргі білім беру саласында сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру – мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами әлеуетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бүгінгі жаһандану заманы жаңашылдық, жаңа көзқарастар мен өзгерістерге толы. Сондықтан білім беру жүйесін ізгілендіру барысында оқыту үдерісіндегі әдіс-тәсілдер де жаңашылдыққа бағытталуы тиіс. Қазіргі кезде білім беру мен білім жүйесін ұйымдастырудың оқу үдерісіндегі жаңа технологиялары ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану аясын кеңейтіп мультипликацияны, бейнатаспа мен күрделі сызбалар арқылы оқу материалдарын түсінікті баяндауға мүмкіндік береді. Мультимедиялық технологиялар адамға

ақпаратты максималды жақын түрде сенсорлы елестету, ақпараттық және бағдарламалық аспектілері арқылы қолданушыға ақпаратты әр түрлі формада: мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейнемен интерактивті режимде елестетіп көруге жағдай жасайды. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін – өзі қалыптастырады.

Бүгінгі таңда кейбір білім беру ұйымдарында белең алып отырған кемшіліктері де жетерлік, атап айтқанда білім сапасының төмендігі; білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы; құжаттар көптеп шығарылғанымен, оның мардымсыздығы; білім алушыларда өздігінен білім алу дағдысының болмауы.

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы – оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылықпен еңбек етуге үйрету.

Заман талабына сай адам іс-әрекетінің барлық салаларында еркін қолданысқа енген ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Ақпараттық технологияларды тиімді қолдану сандық үлгіде көрсетілген әртүрлі ақпараттың түрлерімен жұмыс істеу үдерісін тездетеді және жеңілдетеді. Қазіргі уақытта әлемде төртінші технологиялық революция болып жатыр: ақпараттың қарқынды ағыны, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер біздің өміріміздің барлық салаларын өзгертіп жатыр. Қоғам сұранысы да, жеке тұлғаның қызығушылықтары да өзгеруде.

Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салалар да бір мезгілде даму керек, оларды STEM (science, technology, engineering and mathematics) деген сөзбен біріктіріп атауға болады.

STEM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-технологиялық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату.

Қазақстанда да STEM әртүрлі білім берудің

дамуы басталды. Бұған Білім мен ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мектептегі білім берудің STEM контексіндегі мазмұнына өтуі дәлел. Жаңа білім беру саясатын жүзеге асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM элементтерді енгізу жоспарланды. STEM білім беру – инженерлік, шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі. STEM білім беру артықшылықтары: сыни тұрғыдан ойлау, ғылыми-техникалық білімді күнделікті өмірде пайдалану, белсенді қарым-қатынас құру және топпен жұмыс жасау, техникалық пәндерге қызығушылықты арттыру, жобаларға креативті және жаңашыл көзқарас, оқу мен карьераның ұштасуы.

Оқыту мақсаттарының құрылған жүйесі кең спектрлі келесі дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, топта және жеке жұмыс істей білу, проблемаларды шешу және шешімдер қабылдай алу. Роботехника құрастыру, бағдарламалау, модельдеу, 3D-жобалау және тағы басқалар – қазақстандық мектептерде енгізілуде. Бұл мүдделерді іске асыру үшін неғұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттілік қажет. Тек білу ғана емес, сонымен қатар зерттеу және ойлап табу маңызды орын алады.

STEM білім беру – оқушылардың XXI-ші ғасырда табысқа жету мен бәсекеге қабілеттіліктің қажетті негізгі дағдыларын дамытуға бағытталған әдіс. Қазір бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды. Солардың ішінде кең таралғаны STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика). Бүгінгі таңда жаңа білім саясатын жүзеге асыру мақсатында жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, өнер және математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEAM элементтерін оқу бағдарламаларына енгізу жоспарлануда. Яғни STEM курсының пәндеріне А (Arts) қосылады. Шығармашылықсыз ғылыми идеялар мен жаңалықтарды тудыру мүмкін емес. STEAM білім берудегі Arts (өнер) ұғымы – шығармашылық көркем өнер пәндерінің белсенділігі кез келген инновациялық мәселелерді шешуге жасампаз тұжырым ұсынуда, ал оның түйіні Arts білім беруде.

Адамзат баласына ауқымды өзгерістер мен жарқын болашақ әкелетін STEAM пәндерінің қиылыстарында жатыр.

Күтілетін нәтиже – оқушылардың функционалдық сауаттылықтары, олардың өмірлік және кәсіби перспективалары, өздеріне деген сенімділік. STEAM білім беру оқушыларды алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстыруға және жобаны ойлауына мүмкіндік береді. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық тұрғыда дамыған әлемге дайындайды. Өз кезегінде, келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдарынан, инженерия, технологиялар мен математиканың әртүрлі білім беру салаларынан білім алудың мүмкіндіктері болады.

Қорыта айтқанда қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады. Болжамдар бойынша STEAM сегментіндегі жұмыс орындары жұмыспен қамтудың басқа секторларымен салыстырғанда, алдағы он жылдықта екі есе қарқынмен өсуі мүмкін. Бұл дағдыларды бүгіннен бастап үйрету балалардың болашақ кәсіби қызметке дайын болуына көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Жүнісбек Ә. «Жаңа технология негізі – сапалы білім» // Қазақстан мектебі. – 2008 - №4.
3. Тапаева А.П. Оқушыларға сапалы білім берудің озық инновациялық технологиялардың тиімділігі // Молодой ученый - 2014. №20
4. Ногайбаева Г., Жумажанова С., «Развитие STEM – образования в мире и Казахстане» // «Білімді ел – Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016 ж.
5. Интернет ресурс: <https://kk.wikipedia.org>



Сырлы Созақ өңірі. Арпаөзені таңбалы тастары



ШӘМШИ Ғ.И.

Облыстық жас туристер станциясы
туристік-экскурсия бөлімінің әдіскері
Түркістан қ. Түркістан обл.

Аңдатпа

Мақала жазба және археологиялық деректерді негізге ала отырып қола дәуірінен сақталған құнды ескерткіштердің бірі, жартасқа таңбаланған Түркістан облысындағы Арпаөзен петроглифтері жайлы жазылған. Деректер Түркістан облысына жорық жасаушыларға, өлке және ел тарихын зерттеушілерге пайдалы.

Аннотация

Статья основана на письменных и археологических данных об одном из самых ценных памятников бронзового века, петроглифах Арпаозена в Туркестанской области, которые были отмечены на скале. Информация в статье полезна туристам, посещающих Туркестанскую область и исследователям истории края и страны.

Кілт сөздері: *Сырлы Созақ, Келіншектау, Қаратау, петроглифтер, балбал тастар.*

Түркістан облысы өзінің мәдени және рухани көрікті жерлерімен әйгілі. Бұл ретте саяхатшылар Түркістанға көбірек көңіл бөледі. Бірақ бұл аймақта басқа да қызықты орындар бар. Сондай орындардың бірі - Созақ ауданы. Түркістан облысының солтүстік бөлігінде орналасқан және облыстағы ең үлкен өңір болып саналады. Сырлы Созақ өңірі тарихқа толы.

Ол Қарағанды, Қызылорда және Жамбыл облыстарымен шектеседі. Жергілікті табиғат саяхатшыларды өзінің сұлулығымен таң қалдырады. Осы жерде Созақ ауданында Керей мен Жәнібектің ордасы, Қазақ хандығының алғашқы астанасы саналатын Созақ қаласы орналасқан. Зерттеушілер айтқандай, аңыз бойынша екі хан да осы жерлерге жерленген. «Созақ Қаратаудың арғы бетінде мекендеген көшпелі малшылар мен қолөнершілердің, диқандардың жолын жалғаған жер болатын. Созақ өзінің бүкіл тарихында бірнеше рет жауларға шабуыл жасады. Қаратаудың солтүстігінен Түркістан, Отырар, одан әрі Арал, Талас және Шу, Созақ қалаларына дейінгі жолдардың қиылысында орналасқан бұл қала, сөзсіз, хандықтың маңызды экономикалық орталығы болған және басқыншылар үшін

стратегиялық қызығушылықтар тудырған. Археологтар мұнда 1946 және 1982 жылдары қазба жұмыстарын жүргізді, олар қала қақпасының қалдықтарын, көпір тірегінің, тандыр, астық сақтауға арналған ыдыстарды, кең үйлері, шаруашылық құрылыстары мен мешіттері бар бірнеше тұрғын аудандарды тапты. Олардан соғылған монеталар, құмыралар, тостағандар, тостағандар, шамдар табылды. Мамандардың айтуынша, бұл жер – тарихи жетістіктердің нағыз қоймасы. Мысалы, Қаратау петроглифтері – қола және ерте темір дәуіріндегі Қаратау шатқалдарының жартастарында ойып жазылған бейнелер.

Келіншектау - Қаратаудың теріскей жағында, қазіргі Созақ ауданындағы Таукент кенті мен Абай ауылының жоғарғы тұсындағы шатқалында тізбектеліп жатқан тау сілемдерін Созақ халқы «Келіншектау» деп атайды.

Тау сілемдері жүк артқан көшке ұқсайды. Көштің алдыңғы жағында атқа мініп, түйе жетектеген келіншек бейнесін, түйенің өркештерін байқауға болады. Таудан Арпаөзен бастау алады.

Арпа өзені — Қаратау жоталарындағы Келіншектаудан бастау алып, Абай ауылының маңында сіңіп кетеді. Ұзындығы 15 км, биіктігі

610 м. Келіншектау жоталарындағы бұлақтардан басталып, жол-жөнекей жер астынан шығып жатқан қайнарлармен толығады. Тау арасымен құлай ағып, жазыққа шыққасын ені 3-4 метрге дейін жетеді. Жазғы, күзгі уақыттарда Абай аулынан өте бере жазыққа сіңіп кетеді. Көктемде қардың суымен толығып, ұзындығы 25-30 шақырымға дейін жетеді. Ондай кезде Шолаққорған-Созақ тас жолынан асып өтіп, жазық далаға жайылып кетеді. Суын тұрғындар мал шаруашылығына пайдаланады. Өзен бойынан Арпаөзен таңбалы тастарын кезіктіруге болады.

Арпа өзен таңбалы тастары немесе Арпаөзен петроглифтері – қола дәуірінен сақталған құнды ескерткіштер, жартасқа таңбаланған суреттер. Негізгі сюжеттері аңшылыққа, жаугершілік тақырыпқа және жан-жануарлар тіршілігіне арналған. Қос аяқты ат, өгіз және түйе жеккен соғыс және шаруашылық арбалары кездеседі. Жартасқа салынған қос атты жауынгерлік арбалар белгілі бір этнотоптардың, дәлірек айтқанда, үндіарийлықтардың мифтік және діни әдет-ғұрыптарының біршама әсер еткендігін және миграциялық қозғалыстың бағыттары осы аумақ арқылы өткендігін дәлелдейді. Сақ заманының петроглифтерінде жабайы аңдардың, жануарлардың бір-бірімен айқасқан қимылдары арқылы заманның шым-шытырық оқиғаларын зооморфтық ерекше кодтар арқылы көрсеткен. Жартастағы суреттерде жыл мезгілдерінің ауысуы сияқты табиғи құбылыстар айқын аңғарылады. Мұндай көріністер металдан, ағаштан, теріден жасалған күнделікті тұрмысқа қажетті заттарға да салынған. Ескерткіш біздің заманымыздан бұрын 1–2 мыңжылдыққа жатады.


Ер мен әйелдің сұлбасы қашалып бейнеленген тас, орта ғасырдағы тарихтан сыр шертеді. Қаратау жазығынан табылған балбал тасты жергілікті тарихшылар көне дәуірдің ескерткіші, яғни, 10-12 ғасырға тиесілі дейді. Тарихи жәдігерлерде ер мен әйелдің сұлбасы қашалып бейнеленген. Арпаөзенінің бойынан табылған тарихи жәдігер



шығысқа қарата орнатылыпты. Мұндай жәдігерлер ел аумағынан көптеп табылған, яғни, Созақ өңірінің өзінде табылған бесінші балбал тас. Бағзы заманда балбал тас - ру-тайпадағы беделді бекзадаларға арнап қойылған. Қазақ жерінде Ислам дінінің таралған 10-12 ғасырға дейін әр ауылдың билері, бекзадалары мен ардақты азаматтарының бейітінің басына тас мүсін орнатылған.

Терең тарихтан сыр шертер құнды дүниені ғалымдар зерттеуге мүдделі. Табылған жәдігер ерекше қорғауға алынып, аудандық мұражайда сақтаулы. Петроглифтер тарихын бір кісідей зерттеп жүрген белгілі ғалым Бауыржан Байтанаев «Арпа өзені бойындағы қола дәуірінен сақталған құнды дүниелерді кейінгі ұрпаққа осы қалпында жеткізу үшін алдымен жәдігерлерге көз салатын қаскөйлерден қорғау қажеттігін және ол үшін аймақты туристік орынға айналдырып, таңбалы тастарды ЮНЕСКО тізіміне енгізуіміз керек» дейді. Ал, белгілі реставратор Қырым Алтынбеков Арпа өзен петроглифтерін ашық аспан астындағы мұражай жасау арқылы қорғауға алуды тілге тиек етеді. Қалай болғанда да бүгінге дейін қирамай жеткен Арпаөзен петроглифтерін келешекке жеткізу, өскелең ұрпақтың санасына сіңіру – туған жері мен елінің тарихын құрметтейтін әрбір азаматтың міндеті. Сондықтан да Арпаөзен тастарындағы таңбаларды сақтау, оны қорғау алдыңғы орында тұруы тиіс.

Арпа өзенінің жанындағы петроглифтерге жету үшін Түркістаннан Шолаққорғанға дейін жету керек. Бұл бағытта автобус жүреді. Шолаққорғаннан Абай ауылына дейін таксимен жүруге болады. Әрі қарай алты-жеті шақырым, топырақты жол. Оларды өз бетімен өтуге болады. Жол бойында сізге Келіншектау шырдарының көрінісі ашылады. Сіз бұл тауға Арпа өзенінен қарама-қарсы бағытта, лас жолмен жетуіңіз керек.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ энциклопедиясы», Алматы, 1998 ж.
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2005 ж.
3. www.google.kz.



Алаш ардағы – Сейітқали Мендешев

ТЛЕПБЕРГЕНОВА Г.Х.
Жаңақала аудандық
ЖТС-ның ҚББП-і, БҚО.



Аңдатпа

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Бөкей өлкесінде елдің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып, Кеңес үкіметін құруға белсене қатысып, қазақ мемлекетін құруда негізгі қызмет атқарған Сейітқали Мендешевтің өмірі мен қызметін зерделеу халқымыздың төл тарихын шынайы тұрғыдан таныту қажеттілігінен туындап отырған өзекті мәселелердің бірі қарастырылған. Қарапайым ауылдан шығып, Қазақ АКСР-нің Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметіне дейін көтерілген Сейітқали Мендешевтің еңбегін елеусіз қалдырмай, бүгінгі ұрпақ зердесіне сіңіре білуіміз қажет.

Аннотация

В статье рассмотрен один из актуальных вопросов, возникший в связи с необходимостью достоверного представления истории нашего народа, изучение жизни и деятельности Сеиткали Мендешева, который во второй половине XIX – начале XX века внес большой вклад в политико-общественное, социально-экономическое развитие страны в Бокеевском крае, принимал активное участие в формировании Советского правительства и занимал ключевую должность в создании казахского государства. Надо не пренебрегать заслугами Сеиткали Мендешева, который вышел из простого села и дослужился до председателя Центрального Исполнительного комитета Казахской АССР, а привить интеллект сегодняшнему поколению.

Кілт сөздері: Сейітқали Мендешев, Новая Казанка, өлкетану, репрессия, Қазақстан газеті.

Қазақтың ірі тарихи тұлғаларының бірі – Сейітқали Мендешев. Ол қазақ халқының Қазан төңкерісіне дейінгі зиялылардың бірі және бірегейі. Ұлт мүддесі жолында қызмет еткен қайраткер. Ол көзінің тірісінде-ақ «тұңғыш қазақ президенті», «қазақ жерінің жоқшысы» атанған. Сейітқали Мендешев Бөкей Ордасының Қамыссамар көлінің жағасындағы шағын ауылда 1882 жылы дүниеге келген. Оның өскен ауылының кәсібі балық аулау болатын. Өсе келе Сейітқали да осы кәсіппен шұғылданады. Тұрмыс пен тіршіліктің арқауы болған балық байлығы Сейітқалиды өзен-көлдін сырына тереңірек үңілуге, оны молырақ оқып білуге ынтазар етті. Бірақ тағдыр Сейітқалиды

балықшылықтан аулаққа алып кетті. Бұған туған ауылының Новая Казанкамен іргелес болып, орысша-қазақша оқытатын мектептің болуы себеп еді. Ол Қазан қаласында оқыған кезінде тек қана білім құмай, прогресшіл бағыттағы оқытушылармен де танысып, байланыс жасап, саяси жағынан да білімін толықтырып, дүниеге көзқарасын қалыптастыра бастайды. беруден бастап, он үш жылдай ұстаздық қызмет атқарады. Сол кезде ол қоғамдық-саяси қозғалысқа, мәдени ағарту істеріне белсене араласады.

1905 жылғы бірінші орыс революциясы жас мұғалім Сейітқали Мендешевке үлкен әсер етті. Осы революциядан кейін Орда қаласы айдаудағы орыс революционерлерінің саяси жұмыстар

орталығына айналды. Ол С.Мендешев секілді алдыңғы қатарлы оқыған қазақ жастарының саяси көзқарасының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. 1907-1908 жылдары революцияшыл мұғалімдер, дәрігерлер Ордада жасырын кәсіпшілік одағын ұйымдастырады. Оны ұйымдастырушылардың бірі - Сейітқали Мендешев болды. Сонымен қатар С.Мендешев жергілікті жерде оқыған сауатты адамдардың басын қосып, 1911 жылы Ордада «Қазақстан» газетін шығару ісін ұйымдастырғандардың да бірі болды. Газетте патша үкіметінің еңбекші тапты қанап, надандықта ұстап отырғаны түсіндірілді. Газеттің бағдарламасында үкіметтің өкім-жарлықтары, қоғамдық мәселелер, агенттік жедел хаттар, жергілікті өмір, биржа, сот хроникасы, әр түрлі сыртқы және ішкі хабарлар, өлеңдер көрініс табатындығы көрсетілді. Алғашқы екі номері Астраханьдағы Окуръ және Алресьянц баспаханасынан шығарылды. Редактор Е.Бұйрин газет шығарудағы қиындықтарға байланысты жергілікті татар баспагерлерінің қолдауымен және кавказдық газет шығарушылармен одақ жасасты. Газетті шығару қаржылық қиындықтарға байланысты Орал қаласына ауыстырылды. «Қазақстан» газеті сол кездегі қазақ тұрмысынан көп мәселе көтерген. Осы кез Сейітқали Мендешевтің саяси тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы баспалдағы болды. Жылдар өткен сайын Сейітқали саяси жұмыста шындала түсті. Оның бұл кездегі саяси көзқарасының қалыптасуына Петербургте болуы да ерекше әсер етті. Ол 1913 жылы Петербургте болған Бүкіл Ресейлік халық ағарту съезіне Бөкей ордасы қазақтары арасында халық ағарту ісінің жайы жөнінде баяндама жасап, қазақ балаларының білімге құштар екенін, бірақ оған қолы жетпей отырғанын мәлімдейді. Ол бұл сапарында Петербургтің саяси ахуалымен кеңірек танысып қайтады. Сондықтан Қазақ жеріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске белсене қатысты.

Мендешев 1917 жылы ақпан төңкерісі қарсаңында боса елге оралысымен өзінің туған өңірі Бөкей ордасында, кейін Қазақстан көлемінде Кеңес үкіметін орнатуға белсене араласты.

Қазіргі «Хан Ордасы» ауылында 1916-1920 жылдары С.Мендешев тұрған үй бар.


Ол Петербургтен ауылға шілде айының басында оралады. Ауылда 19 бен 43 жас арасындағы



қазақ жігіттерінің патшаның бұйрығына қарсы толқу, наразылық барын естиді. Мобилизацияға жергілікті әкімдер-ауылнайлар, болыстық страшиналар белсене кіріскен. Олар патша жарлығына қарсылық білдірушілерді сол арада атып тастауға дейін тәртіп береді. Қара жұмысқа адам бермеуге жергілікті адамдар, барлық ауылдар қарсылық білдіріп, санақшыларды қуып жібереді. Ауыл азаматтары қолдарына қару алып, атқа міне бастайды. Петербургтегі саяси толқулардың ортасынан келген Сейітқали Мендешев қазақ ауылдарының басын біріктіруді, оларды қаруландыруды ойлайды да, осы мақсатпен ол Жаңақалаға келген бойда-ақ өзімен пікірлес жолдастары Мұқтар Сәрсембаев пен Нұғыман Залиевті және басқаларды шақырып ақылдасады. Дегенмен, жергілікті би-болыстар да қарап жатпайды. Олар патшаның жарлығын екі етпей орындауға барлық күштерін салып бағады. Қамыссамар правителі Нұрым Қарабаев Астраханнан шыққан патша уәкілі Арақчевтің келуімен байланысты болыс, старшиналардың жиылысын шақырады. Бұған ауылдың кейбір беделді азаматтарын да қатыстырады. Ондағы мақсат Германиямен соғыста халі төмендеген патша армиясына көмек беру еді. Олардың бұл жоспарын қазақтар жүзеге асыртпауға күш жұмсайды. Қарсылық білдірушілердің ішінде Сейітқали Мендешев те болды. Ол осы жиналыста «Қазақтың жастарын мал есебінде майдандағы қара жұмысқа алу әділеттілікке жатпайды. Егер біздің жігіттерді алатын болса,

ол үшін әуелі қазақ жігіттерін оқытып, көзін ашу керек», – дейді. Келесі күні ол Жаңақалаға барып, ауылдағы наразылық білдірушілерге басшылық ететін орталықтар ұйымдастыру жөнінде кеңеседі. Осы мақсатпен көп адамдар ауылға аттанады. Көтерілісшілер қатарының ұлғаюына байланысты Қарабаев, Аракчеев Астраханнан қосымша отряд алдырады. 22 шілде күні Жаңақалаға Ордадан Яков Крицкий бастаған отряд келіп, С.Мендешевке Астрахань губернаторының тұтқынға алу жөніндегі құжатымен таныстырады. Тұтқынға алынған 6 адамның ішінде С. Мендешев, Т. Желдібаев, Н. Залиев және әкімдердің «көзінің қырында жүрген» Сүндетқали Нұрсарин де болады. Ордаға келген тағы да бір қазақ жігітін қосып Астрахандағы түрмеге айдайды. Астрахань түрмесінде Сейітқали 1916 жылдың желтоқсанына дейін отырады.

1926 жылдан 1930 жылға дейінгі аралықта С. Мендешев Мәскеуге шақырылып, РКФСР экономикалық мәжілісінің мүшесі болып тағайындалды. 1930-1937 жылдары Қазақ Республикасы оқу ісі халық комиссары, ғылым жөніндегі комитеттің төрағасы, қорықтар мен ескерткіштерді қорғау жөніндегі Кеңесхалкомы басқармасының бастығы болды. Қазақстандағы аштықпен күресу жөніндегі Төтенше комиссияны басқарды. Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік бөлінісі жөніндегі комиссияның жұмысына қатысты. КСРО Орталық Атқару Комитетінің Чувашия Кеңестерінде сайлау өткізу жөніндегі уәкілі, КСРО ОАК Төралқасының мүшесі, Коминтерннің бесінші конгресінің делегаты



қызметтерін атқарды. 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырады.

С.Мендешев өз заманының көкірегі ояу алдыңғы қатарлы зиялы азаматы еді. Оның еңбектерінен қоғамдық ғылымдарды, оның ішінде еліміздің тарихына көп көңіл бөлгендегі айқын аңғарылады. Ол қазақ халқының тарихы әлі дұрыс жазылмай келді, сондықтан бұл салада ғалымдарды шексіз жұмыс күтіп тұр, тарих біреулерге ұнауы-ұнамауы да мүмкін, бірақ ол шынайы жазылуы керек, мұның мәнін тек санасы жоқтар ғана түсінбейді деген пікір ұстанған азамат, архив деректерін, баспасөз туындыларын, замандастарының естеліктерін немесе Сейітқалидің өзінің бай мұрасын адал саралаған зерттеушілер оның өз халқы алдында ары таза екендігіне ешбір шүбә келтірмейді. «Сейітқали принципі мәселеде ымыраға келмей, өз позициясында қатып қалатын», – дейді Сәбит Мұқанов. Адал жандарға «ажал оғын сепкен арсыз қолдар» 1937 жылы Сейітқали Мендешевтің өміріне де қауіп төндіріп елге танымал қайраткер ағаның есімін тарих бетінен мүлдем өшіріп тастаған еді. Тек 1957 жылы ғана Мендешев «қылмыстық істер болмау себепті» толық ақталып, партиялылығы қалпына келтірілді. Академик Қажым Жұмалиев 1969 жылы «Жайсаң жандар» атты кітабында ол туралы көлемді естелік жазып, «Адамдарды шексіз сүйетін, қайырымды, үлкен жүректі жан» десе, академик-жазушы Сәбит Мұқанов «Соғыс коммунизмі аталатын ауыр жылдарды ұдайы бес жыл Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болған ол республиканы қиындықтан алып шығуға, экономикасын, мәдениетін көтеруге көп еңбек сіңірді», – деп атап көрсетті. Республикамыздың шаңырағын көтерісіп, оның жері мен ұлт тілінің мүддесіне, халық ағарту ісіне айрықша еңбек сіңірген С. Мендешев есімі атаусыз қалып жатса, өзімізге сын. Туған



халқына жан-тәнімен қалқысыз қызмет істеген азаматтар есімін әрдайым ардақ тұтқанымыз абзал. Бүгін заманымыз асылдарын қайта тапқан шақта ірі қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, ғалым С.Мендешевті жаңа қырынан тануға мол мүмкіндік туып отыр. Қоғам қайраткері С. Мендешев артына елеулі әдеби мұра қалдырды. Оның жарық көрген мақалалары мен баяндамаларының тізімі 40-тан асады. Қоғам қайраткерінің өмірі мен қызметінен сыр шертетін 20-дан тарихи еңбектер, мақалалар мен естеліктер бар. Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданы, Маштексай ауылында Сейітқали Мендешев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп бүгінде ауыл балаларын білім нәрімен сусындатуда. Сонымен қатар, Алматының бір көшесі С. Мендешев есімімен аталады.

Биылғы оқу жылында жас өлкетанушыларды Сейітқали Мендешев біраз уақыт тұрып ұстаздық еткен Жаңақазан ауылына экскурсиялық саяхатқа апардым. Жас өлкетанушылар әуелі ауыл тарихымен, кейін Сейітқали Мендешевтің өмірімен, шығармашылығымен және Алаш ардақтысының жүріп өткен еңбек жолымен танысты.

Тәуелсіздікке қол жеткізген аз ғана жылдар ішінде өзіндік салиқалы істерімен әлемге танылған қазақ елінің қазіргі таңда алдына қойған мақсаттарына жетудегі кепілдіктерінің бірі – халықтың өз тарихын терең білуі және тарих тағылымын үнемі жадында ұстауы. Еліміздің тарихына есімдері алтын әріппен жазылған қайраткер ағаларымыз бен апаларымыз, белгілі тұлғаларымыздың есімдерін жаңа қырынан аша отырып, таныту, зерттеу, объективті баға беру, олар туралы жазылған еңбектер мен айтылған ойларды талдау, саралау және жас

ұрпаққа насихаттау бүгінгі төл тарихымызды қалыптастырып, дамыту қажеттілігінен туындап отырған өзекті мәселелердің бірі. Елі үшін еңбек етіп, халқы үшін жанын пидаеткен ұлдарымыздың ерен ерліктері тарих беттерінде мәңгі сақталып, ұрпақ алдында асқақ көрінетініне кәміл сенуге болады. Халқымыздың сондай ұлдарының бірі Сейітқали Мендешевтің халық ағарту саласындағы істерінен бастап, қоғамымыздың келешегі үшін жасаған еңбектерін айта отырып, ұстаз, отансүйгіш, қайраткер тұлға ретінде танимыз. Сейітқали Мендешевтің қоғам қайраткері ретіндегі есімі жадымызда мәңгіге қалады. Репрессия құрбаны болған, ұстаз, жазушы, азамат Сейітқали Мендешевтің облысымызда ескерткішін тұрғызу керек деп есептеймін. Тарих беттерінен алатын орны ерекше болғандықтан Қазақстан тарихы оқулығында кеңінен сипатталса деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асфендияров С. Восстание 1916 г. в Казахстане. А., 1936.
2. Қаһарлы 1916 жыл: / Құжаттар мен материалдар жинағы/. Т. 1-2. А., 1998.
3. Жұмалиев Қ. «жайсаң жандар», 1969
4. Кенжалиев И.Н. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917 – 1920 жж.) II бөлім. Бөкей облысы. Орал, 2001
5. Кенжалиев И.Н. Ғұмар Қараш. Орал, 2004.
6. Мендешов С. Бөкей қазағының 1916 жылғы көтерілісі (есте қалғандарынан). \ \ Социалды Қазақстан, 1936, 6 маусым
7. Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. Орал, 1997.
8. Рыскулов Т. Восстание киргизов и казахов в 1916 году. Бишкек, 1999.
9. Сулейменов Б.С., Басин В.Я. Восстание 1916г. в Казахстане. А., 1977.
10. 1937 – 2007. Тауқымет пен тағзым \ Құраст. Б. Төлепберген. – Алматы: РИИЦ АЗИЯ, 2007
11. «Орда жұлдызы» газеті, 2007 жылғы «Қазақтың бір дарабозы»
12. «Парасат» журналы, «Бір суреттің сыры», 2009 №11
13. «Орал өңірі» «Патшаңа сәлем айт, біз бала бермейміз», 2007 ж.

Қосымша материалдар:

1. Суреттер
2. Газет – журнал материалдар.



Талдықудықтың тарихы



ҚАРАБАЛИН М.М.
БҚО мемлекеттік архиві
КММ-нің Жалпақтал
филиалының директоры
Казталов ауд., БҚО

Аңдатпа

Мақала ауыл тарихы туралы жазылған. 90 жылдық тарихы бар Талдықудық ауылының тарихы, еңбек адамдарының қызметі, мәдениет саласы, білім саласының өсіп-өркендеуі архив құжаттарын парақтап отырып жазылған.

Келтірілген деректер мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру педагогтарының сабақтарына пайдалануға, жас өлжетанушыларға өлке тарихын білуге бағытталған.

Аннотация

Статья написана об истории села. История села Талдыкудук, имеющего 90-летнюю историю, деятельность трудовых людей, сфера культуры, рост и процветание сферы образования.

Приведенные данные направлены на использование на уроках учителей школ и педагогов дополнительного образования, юных краеведов на знание истории края.

Кілт сөздері: Талдықудық, Жалпақтал.

Бар қазақтың тамыр тартатын қасиетті атамекені ауыл екенін баршамыз жақсы білеміз. Тарихы тереңде жатқан үлкенді-кішілі ауылдарымыз бен елді-мекендеріміздің шағын жылынамасы арқылы тұтас мемлекет тарихының қазығы қағылатыны да көпшілікке аян. Әрбір шағын ауыл мен елдің негізін құраушы адамдары (ру, тайпа) арқылы сол жердің өзіне тән мінез-құлқы мен әдет-ғұрпы, салт-санасы, өзгелерге ұқсай бермейтін өзіндік ізі қалыптасатыны да бесенеден белгілі. Бұл аталғандардан бөлек қарға тамырлы қазақтың қаймағына айналған, ауыл-аймақта өсіп-өнген қол бастаған көсемі мен сөз бастаған шешені, ақыны мен жыршысы, күйшісі мен әншісі, бұқаралық спортта биікті бағындырған спорт саңлағы болатынын да өмір тәржірибесі көрсетіп келеді. Биыл 1932 жылы тұңғыш қадасы қағылған, Жалпақтал өңіріндегі алғашқы қоныстардың бірі Талдықудық, Ақпәтер ауылдарының еңсе тіктегеніне 90 жыл толып отыр. Ел тарихында өзіндік орындары бөлек әйгілі күйші тесік тамақ Сабыр мен сыбызғышы Сармалайға, бертін келе есімдері

көпшілікке танылған ақын-журналистер Темірғали Жазбаев, Серікқали Сәрсенов, Ұлдай Сәриеваларға жарық дүние сыйлаған алтын бесік ауылдың әр салада жеткен жетістігі мен бағындырған белесі үлкен тәлім-тәрбие мектебі десек ойымыздың еш ағаттығы жоқ шығар. Архив қорында сақталған ескі тарихи құжаттарды парақтау кезінде Орал облыстық мемлекеттік архивінің Фурманов филиалының директоры болған марқұм Жиенбай Дүйсековтің бұрынғы Жалпақтал аудандық «Жалпақтал өңірі» газетіне жазған ««Красный Партизан», «Талдықудық» совхоздарына 60 жыл» деген мақаласы жарық көрген газет қиындысына көзім түсті. Тарихи еңбекті оқи отырып, үстіміздегі жылы мерейлі жылға көтеріліп отырған Талдықудық ауылы жөнінде естелік, яғни тарихи мақала жазуға бел будым. Қазақстан тарихында кеңес билігі қарқын алып, аса ірі бай шаруашылықтары тәркілене бастаған 1928 жылдан бастап, бірқатар өңірлерде жаңа аудандар құрыла бастады. Партияның 1927 жылғы XV съезінен кейін КСРО-да елді азық-

түлік, киім-кешек, т.б. тұрмыстық қажеттілікпен қамтамасыз ету мақсатында астық және ет өнімдерін өндіретін кеңшарлар құру ісі қолға алынды. КОКП Орталық комитетінің 1928 жылғы сәуір айында өткен бюросы мен шілде айында өткен пленумының қорытындысына сәйкес Ресей, Украина мемлекеттерінің аумағында өндірістік қуаттылығы 100 млн пұт астық өндіретін астық кеңшарларын құру жұмыстары өз бастауын алды. Бұдан әрі 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардың басында Қазақстанда мал шаруашылығын дамытуға екпін түсіріліп, ел аумағында ірі ет кеңшарлары құрыла бастады. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарының басында облысымызда Батыс Қазақстан мал шаруашылығы бірлестігі құрылып, оның құрамына №15 Сламихин ет кеңшары бар бұрынғы Орал, Гурьев, Ақтөбе округтері жеріне орналасқан 16 ет совхозы кірді. Сламихин ет совхозы Фурманов ауданы жерінде ұйымдастырылған алғашқы шаруашылық құрылымы болды. №15 Сламихин кеңшарының иелігіне 253601,53 гектар жер телімі бөлініп беріліп, оған Землянов, Кішкенешал, Тасқұдық, Таскүтір, Тасоба атты бес өндірістік бөлімшелері орналастырылды. Шаруашылықта жалпы саны 19258, соның ішінде 17097 мүйізді ірі қара, 2161 бас жылқы малы бағылып, күтілді. Сламихин кеңшарында жанұяларымен қоса есептегенде 3330 адам тұрып, 2007 қатардағы еңбекшілер мен 210 кеңсе қызметкері еңбек етті. Шаруашылық орталығы Порт-Артур (қазіргі Ақпәтер) ауылында орналасып, алғашқы директоры Абаршалин Михаил Прокофьевич болды. Кейін жоғары жақтың ықпалымен Сламихин ет кеңшары №447 Талдықұдық, №448 Сламихин, №449 Красный Партизан ет кеңшарлары болып үшке бөлінді.

№447 Талдықұдық ет кеңшарына 77300 гектар жер бөлініп, 7266 бас ірі қара малы бекітіліп берілген. Шаруашылыққа Атығара, Бесқұдық, Қараой, Үрпек, Таскүтір, Өзек, Талдықұдық деп аталатын жеті бөлімше берілді. Атығараға 11700 гектар жер, 1038 бас мал, Бесқұдыққа 7400 гектар жер, 1038 бас мал, Қараойға 9600 гектар жер, 1038 бас мал, Үрпекке 10000 гектар жер, 1038 бас мал, Таскүтірге 9600 гектар жер, 1038 бас мал, Өзекке 1500 гектар жер, 1038 бас мал, Талдықұдыққа 1400 гектар жер, 1038 бас мал бекітіліп берілді. Кеңшар директоры қызметін алғаш болып Еркін Мұқамбетжанов атқарған. Кіші Талдықұдық, Төртқұдық, Николай аула, Серік, Тасоба, Үлкен Сарықұдық,



Кіші Сарықұдық, Сламихин деп аталатын сегіз бөлімшеге иелік еткен №448 Сламихин ет кеңшары, КСРО Халық комиссарлар Кеңесінің 1936 жылғы 25 желтоқсан күнгі және КСРО кеңшарлар жөніндегі Халық комиссариатының 1937 жылғы 8 қаңтардағы қаулыларына сүйене отырып, Қазақ КСР астық және мал шаруашылығы жөніндегі Халық комиссариатының 1937 жылғы 6 ақпандағы №64 бұйрығына сәйкес Сламихин кеңшары таратылып, оның жері Талдықұдық, Красный Партизан кеңшарларына, К.Маркс ұжымшарына теңдей бөлініп берілді. Жаңадан ұйымдасып жатқан шаруашылыққа көршілес Гурьев облысы мен Жаңақала ауданынан бірқатар қазақ жанұялары қоныстана бастады. Казталов ауданының да Ресеймен шекарада жатқан Ленин, К.Маркс ұжымшарлары мен Мирон арнаулы мал бордақылау бірлестігінің жерінен қазақ қандастарымыз Талдықұдық кеңшарының жеріне көшіп келіп, қоныстанды. Алғашқы болып көшіп келіп, Талдықұдық жерін қоныстанған 40-қа тарта шаңырақ шаруашылықтың негізін қалады. Тұңғыш қоныстанғандардың қатарында Салық Молдағалиев, Бектас Гайсин, Дүйсенбі Мұқанбетәлиев сынды байырғы бақташылар да болды.

Қызығынан қиындығы басым 30-шы жылдардағы құрылу, ұйымдасып-қалыптасу сынды алғашқы кезенді артқа тастаған шаруашылық құрылымы 40-шы жылдардың алғашқы ширегінде 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысының ауызбен айтуға бергісіз қиын күндерін бастан өткерді. «Бәрі де майдан үшін!», «Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен 18 бен 50 жас аралығындағы қатардағы жауынгерлердің барлығы майданға алынған шақта Фурманов ауданы Таскүтір ауылдық кеңесі атқару комитетіне қарасты №447 Талдықұдық ет кеңшарының 273 еңбеккері

ийқтарына қару асынып, қан майданға аттанды. Соғысқа аттанған сарбаздардың 174-іне топырақ өзге жерден бұйырды. 1939 жылы Фурманов аудандық әскери комиссариаты арқылы Отан қорғауға аттанған 28 жас сарбаз соғыс қимылдарына алынды деген хабар келіп жетті. 1942 жылғы 4 сәуір күні аудандық әскери комиссариаттың шақыруымен 168 жас жігіт әскер қатарына алынып, майдан даласына жол тартты. Отан қорғау үшін әскерге алынған сарбаздардың орындарын ауылда қалған әйел аналар мен жас балалар атқарды. Қапаш Баймағамбетова, София Нұрғалиева, Күнсұлу Ақжігітова майданға аттанған ерлерінің орнына ірі қара табындарын, ал Дәмелі Төреғалиева қой отарын бағып қалды. Әскерден оралмаған жауынгерлердің бірқатары майдан даласында қайтыс болған болса, кейбірі жау тылының тұтқынына түсіп, көптеген жауынгерлер ұрыс даласында іс-түссіз жоғалып кетті. Елге оралған 99 майдангер кеңшар шаруашылығына араласып, соғыстан қираған халық шаруашылығын қалпына келтіруге өз үлестерін қосты. Кейінгі жылдары түрлі мерекелік марапаттарды иеленіп, жас ұрпаққа саликалы әңгімелерін айта білген Өтеулі Исақов, Сүлеймен Есетов, Салахи Мұқатов, Төлеу Мырзағалиев, Есмағұл Сағынғалиев, Мәннап Тәкесов, Тілепберген Жазбаев, Бақтығали Ақаев, Қамеш Бегалиев, Баян Аманғалиев, Бектас Гайсин, Дәулеткерей Идрисов, Тапаш Батырханов, Бабаш Байсалықов, Дүйсенғали Әліпов, Хабиболла Баязитов, Шүкір Мағазов, Қайыр Қалиманов, Исламғали Жұмақаев, Қонысбай Сәриев, Сары Жарылғағанов, Сатыбалды Есқалиев, Ахмет Чикалов, Сираж Теміржанов, Нариман Абдрахманов, Инжеғали Ғұмаров сынды өзге де майдангер аталарымыз ел-жұрттың шынайы мақтанышы бола білді. Сонымен бірге 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысы кезінде шаруашылықтағы тыл жұмысына белсене араласқан 127 Талдықұдық кеңшарының жұмысшылары КСРО Жоғарғы кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 6 маусым күнгі жарлығына сәйкес «Айбынды еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Әр жылдары, нақты айтқанда, 1932-1954 жылдары №447 Талдықұдық ет кеңшары, 1954-1985 жылдары Талдықұдық қой кеңшары, 1985-1992 жылдары Талдықұдық асыл тұқымды мал кеңшары, 1992-1994 жылдары Талдықұдық кеңшары, 1994-1996 жылдары Талдықұдық ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорны



болып, 1996 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде мал өсіріп, мал азығын дайындап, мемлекетке ет пен сүт тапсырып, өзге шаруашылықтармен социалистік жарысқа түсіп, жергілікті халықты жаппай жұмыспен қамтып, қоғам мен мемлекет үшін адал еңбек етті. Мал басын өз төлі есебінен өсіруге қосқан қомақты үлесі үшін қазақтың асыл тұқымды ақ бас сиырын өсіретін «Асыл тұқымды мал шаруашылығы» мәртебесіне ие болғанын көзкөргендер жақсы біледі. Шаруашылықта еңбек етіп жатқан халықтың есебін дұрыс жүргізіп, ауыл тазалығы мен мәдениетін қалыптастыруда ауылдық кеңесі атқару комитеттерінің үлкен рөлге ие болғаны да жұртшылықтың есінде. 1932-1968 жылдары Еңбекшілер депутаттары Фурманов аудандық кеңесі атқару комитетінің Таскүтір ауылдық кеңесі атқару комитеті, 1968-1977 жылдары Еңбекшілер депутаттары Талдықұдық ауылдық кеңесі атқару комитеті, 1977-1993 жылдары Халық депутаттары Фурманов аудандық кеңесі атқару комитетінің Талдықұдық ауылдық кеңесі атқару комитеті, 1993-1997 жылдары Жалпақтал ауданы Талдықұдық ауылдық аймақтық округі әкімшілігі, 1997 жылғы 17 маусымнан бастап Жалпақтал ауданының таратылуына байланысты Казталов ауданы Талдықұдық ауылдық округі болып аталып келеді. Киров-Шежін каналы бойындағы шөбі шүйгін, бетеге, боз аралас әртүрлі шөптер өскен шалғынды қоңыр топырақты дала белдемінде орналасқан ауыл шаруашылығы құрылымының есебінде қазақтың асыл тұқымды ірі қара малы мен қыл күйректі ақ қойын өсіретін шаруашылықта мал өсірумен шұғылданатын 5 мал фермасы болды. Шаруашылықтың №1 фермасы кеңшардың іргесінде болса, қалған №2-5 фермалары Хайруш, Таскүтір, Теренқұдық, Құрман елді мекендерінде қоныс тепті. Бұлардан бөлек 1964 жылдан бастап ұйымдастырыла бастаған Қарой, Манат, Бесқұдық атты механикаландырылған ірі қара



малдарын семіртумен шұғылданатын мал комплекстері жұмыс жасады. Комплекстер өз нәтижелерін көрсетіп, тиімділіктерінің нәтижесінде шаруашылық табысын молайтып, ел есінде қалды. Заманында Қазақ КСР-нің мемлекеттік қорының, кейін 1956-1972 жылдары Жаңақала ауданындағы «Новый путь» ұжымшары мен Айдархан қой кеңшарының иелігінде болып келген шалғайдағы Хайруш бөлімшесі, кейін 1972 жылы Жаңақала ауданы қайта құрылып, өз алдына бөлек кеткеннен кейін Талдықұдық қой кеңшарының №2 бөлімшесіне айналдырылды. XX ғасырдың 60-шы жылдары «Талдықұдық» қой совхозының директоры қызметін атқарған Мәскеудегі Тимирязев академиясының түлегі Сейпілмәлік Сейтовтің тапқырлығы мен ізденімпаздығының арқасында шаруашылықтың №1 бөлімшесінде абердун-ангус тұқымды етті ірі қара малы өсіріле бастады. Бұдан кейінгі жылдары сәл кенжелеп қалған бұл жұмыс кейін 80-ші жылдардың басында совхоз директоры қызметіне кіріскен Кәрім Өтеғұловтың бастамасымен қайта қолға алынды. Істі бастамас бұрын совхозда құрылған жұмыс тобы облысымыздың Жымпиты ауданындағы «Правда», Чапаев ауданындағы «Аңқаты», «Чапаев» асыл тұқымды мал заводтарына, Жәнібек ауданы жеріндегі Талов, Қостанай облысындағы Москалевский совхоздарына іс-сапармен барып, тәжірибе алмасылды. Бұлардан бөлек облыстық мал дәрігерлік станциясы және мал асылдандыру

станцияларының басшылары мен мамандары келіп, жұмысты жандандыруға қолғабыстарын берді. 1979-1982 жылдары әр 100 саулық сиырдан 91-ден 95-ке дейін өсіп, нәтижесінде 1982 жылғы 11 қараша күнгі Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығымен Талдықұдық совхозы асыл тұқымды мал өсіретін совхоз болып бекітілді.

№447 Талдықұдық ет совхозы мен Таскүтір ауылдық кеңесі атқару комитеті аумағындағы халыққа білім беру жүйесінде 1934-1935 оқу жылынан бастап бір сыныптық бастауыш мектеп болып ашылды. Қазіргі С.Есетов атындағы орта мектебі, кейін 1942-1943 оқу жылынан бастап Талдықұдық орталау мектебі, Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1955 жылғы 1 желтоқсан күнгі шешімі негізінде Талдықұдық орта мектебі болып ашылды. Фурманов ауданы бойынша алғаш болып, 1969 жылғы 22 тамыз күні екі қабатты типтік жобадағы 468 орындық орта мектеп ғимараты осы Талдықұдық ауылында іске қосылды. Мектептің ашылу салтанатына Қазақстан Компартиясы Фурманов аудандық комитетінің бірінші хатшысы Кенжебек Мәңдіәлиев бастаған аудан басшылары түгелге жуық қатысты. Мектепке 2000 жылы 1953-1983 жылдары Талдықұдық орта мектебінің директоры, мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, сырттай оқу консульт пунктінің меңгерушісі болып еңбек еткен, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мектеп мұғалімі Сүлеймен Есетовтің есімі берілді. Мектеп тарихында Зұлқаш Оспанов, Маржан Асанова, Ақлима Амирова, Мәдина Оразова, Қыдырғали Қайбалиев, Алдан Әлмұқанов, Рахмет Алдабергенов, Нұғман Лесов, Ахметжан Ғазезов, Шадиар Қажғалиев, Мұрадым Рахов, Кәлен Нығметов, Зайда Ғұбашева, Рахима Есетова, Жәния Қартабаева, Қамария Хамзина, Жұмағыз Нұғманова, Биғайша Саметова, Сақып Жанғалиева, Райхан Майхина, Жұпар Тәкесова, Алтын Бекқалиева, Күляш Баязитова, Мүгілсім Нұрымова, Марат-Гүлнәр Раховтар, Болат Ахметов, Орынша Түсіпқалиева, Нұрлы Химеденова сынды әр кезеңдегі ұстаздар қауымы, Камал Шабалиев, Шынзада Хатепова, Бекентай Қадыров, Жөкен Хамзин, Ғылым Едекешев, Есқак Төлеуғалиев, Адам Имашев, Қуандық Даупаев, Құбаш Абдрахманов, Айдар Кулатов, Ерболат Қатешев, Арухан Ихласова, Ақжол Қазуллин сынды әр кезеңдегі мектеп директорлары абыройлы еңбек етті.

(Жалғасы келесі санда)



Охрана природы и бивуак



ЗАМАЛЕТДИНОВ И.В.

учитель, педагог, эколог, Заслуженный путешественник России, Мастер спорта России по туризму, судья по спорту Всероссийской категории, старший инструктор по пешеходному и горному туризму, «Почётный работник общего образования РФ», Кавалер Почетного знака «За заслуги в развитии физической культуры и спорта РФ», Почетный знак «За заслуги в развитии детско-юношеского туризма, Знак Федерации спортивного туризма России «За спортивные достижения в туризме»

Аннотация

В основе данной работы лежат десятки статей и публикаций о туристской-краеведческой деятельности, написанные в разные годы. Выбор темы продиктован необходимостью представления некоторого опыта работы с юными туристами на довольно болезненную тему охраны природы, утилизации отходов, устройства простейших туалетов в походах. Основная цель этой статьи – помочь молодым педагогам занимающихся туристско - краеведческой деятельностью. Адресована молодым педагогам, учителям и студентам педагогических вузов.

Аңдатпа

Бұл жұмыстың негізінде әр жылдары жазылған туристік-өлкетану қызметі туралы ондаған мақалалар мен жарияланымдар жатыр. Тақырыпты таңдау жас туристермен табиғатты қорғаудың, қалдықтарды кәдеге жаратудың, қарапайым дәретханаларды серуендеудің ауыр тақырыбына тәжірибе ұсыну қажеттілігінен туындайды. Осы мақаланың негізгі мақсаты-туристік-өлкетану қызметімен айналысатын жас педагогтарға көмек көрсету. Жас педагогтарға, мұғалімдер мен педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

Ключевые слова: охрана природы, походы.

В разделе «Санитарные требования к туристскому лагерю» следующие авторы (Добкович В.В «Памятка инструктора лыжного туризма», Профиздат, 1952. Добкович В.В. «Лыжный туризм», М.: Физкультура и спорт 1958.

Н. Волков «Спортивные походы в горах», М., Физкультура и спорт 1974., Добкович В.В., Кравцов В.А. «Юный турист» Физкультура и спорт М., 1954гг.) пишут: «Лагерь всегда должен поддерживаться в состоянии чистоты и порядка, независимо от того, разбит он только для ночлега или для дневки. Прибыв на место остановки, необходимо отвести место для

уборной на расстоянии не ближе 100 м от лагеря. Туда же должны относиться мусор и кухонные остатки. При уходе из лагеря, когда палатки и вещи упакованы, начальник дает команду поставить все рюкзаки в стороне от места лагеря и затем тщательно убрать все остатки, хворост, постельные подстилки, траву, сучья и сложить в одно место или сжечь. Нужно проверить, полностью ли погашен огонь, и закрыть кострища ранее снятым дерном. Весь мусор, бумажки, тряпки должны быть сожжены, и не сжигаемый мусор закопан; палаточные колья вынуты из земли и сложены в отдельную кучу; уборная-ровик закопан. Территория бывшего



лагеря должна принять такой вид, какой она имела до прихода путешественников».

Обзор этих старых книг, статей показал, что вопрос похода в туалет был актуален в то время и рекомендовалось выкапывать ямку глубиной 7 – 10 см и закапывать экскременты после опорожнения. Требования, опубликованные в туристской литературе с 1940 по 1970 годы, являются актуальными и на сегодняшний день.

В 1976 году Министерство просвещения СССР выпустила сборник «Программы для внешкольных учреждений и общеобразовательных школ «Туризм и краеведение», (М.: Просвещение, 1976). Сборник включал 15 программ, в том числе программы различных краеведческих направлений. Каждая из этих программ была создана отдельными авторами, которые имели разный уровень туристской подготовки и педагогического образования. И здесь наблюдается отсутствие единства взглядов и методик. Основной недостаток этих сборников – это не нацеленность на организацию работы главного ее исполнителя - педагога, на его круглогодичную работу с детьми в природных условиях. Анализ показал, что распределение часов по темам: туристский быт и навыки, привалы и ночлеги, костры, охрана природы были представлено во всех программах. Распределение часов на эти темы составляет от 2,3% до 8,3% всех занятий. Но при пристальном рассмотрении сборника замечено, что авторы этих программ не работали в системе образования, да и вообще слабо представляют

себе специфику работы с детьми.

Переизданные в 1982 году программы для внешкольных образовательных учреждений и общеобразовательных школ по туризму и краеведению содержали программы по следующим видам туристской подготовки: «Юные туристы», «Пешеходный туризм», «Юные туристы лыжники», «Туристы водники», «Юные велотуристы», «Юные горные туристы», «Юные спелеологи», «Юные туристы – проводники», «Младшие инструкторы туризма». Многообразие программ соответствовало существовавшему в то время подходу к специализации по видам туризма даже на начальном уровне подготовки. Программы «Туристы – проводники», «Юные инструкторы туризма» опубликованы в 2002, 2004 гг. с незначительными изменениями и дополнениями.

Во всех изученных программах традиционно обходилась стыдливым молчанием важная тема — это отхожие места, правила их использования и, связанный с этим комплекс поведенческих норм, в том числе чисто религиозного характера, а также способы утилизации прочих отходов жизнедеятельности в походе. Между тем трудно не признать, что туалеты и мусор занимают существенное место в походах: посещение туалета (в самом широком смысле этого слова) так же естественно, как своевременный приём пищи.

Мусор, усеивающий хоть сколько-нибудь популярные туристские маршруты, портит настроение куда сильнее, чем тяжелый рюкзак. Это бедствие, с которым можно справиться только за счёт совместных усилий всех туристов. Тема устройства бивака и идеального сортира в полевых условиях обширна и неисчерпаема. В списке общественного снаряжения всех учебных программ отсутствует сапёрная лопата или садовая лопатка. Они необходимы, чтобы вырыть ямки и закопать мусор. На крайний случай можно взять пластмассовый детский совок с заострённым ковшиком (на копание ямки с его помощью понадобится чуть больше времени, зато он почти ничего не весит). Отсутствие этого снаряжения наводит на мысль: чем же копали ямы для мусора и снимали дерн для костра.

«Учитель Учителей» А.А Остапец в книге «На маршруте туристы – следопыты» М., Просвещение 1987г. пишет: «Туристский привал (бивуак) – это стоянка участников похода, место отдыха, питания, сна, обработки собранных материалов, подготовка к дальнейшему пути. Это место, где разбивается палаточный лагерь,

разжигается костер, роются ямы для хранения продуктов, для мусора. Непосредственное свертывание лагеря начинается с укладки рюкзаков. Весь мусор сжигают на костре, а, например, консервные банки закапывают».

«Патриарх» советского и российского альпинизма Михаил Туркевич в книге «Поисково – спасательные работы в горах МЧС России» 2000 г. эту тему вообще обходит стороной. Хотя альпинисты, за редким исключением, ходят в туалет туда же, куда и все остальные туристы на природе. Вертикальные стены редко бывают настолько непрерывными, чтобы не нашлось удобного места со скальной полкой.

В походах ежедневно приходится ходить в туалет по малой и большой нужде. Естественно, это органические отходы, и время на ее перегнивании значительно меньше в сравнении с полиэтиленом. В российские школы зачисляются немало детей из других стран, особенно ближнего зарубежья. Количество мигрантов увеличивается с каждым годом. Соответственно, растет число детей мигрантов, занимающихся туризмом. У меня в группах бывает от 1 до 3 учеников, чьи родители приехали в Россию из республик бывшего союза. Они более религиозны и посещение туалета у них связано с малым омытием (подмывание). Руководитель группы должен это знать, помогать ребенку поскорее привыкнуть к незнакомой среде и уделять чуть больше времени для освоение умений и навыков туризма. Теоретически все стоянки происходят в местах. Где есть хороший, источник воды. Залейте воду в бутылку, отойдите от стоянки и наведите порядок – почти как дома. Если холодно, придется ускориться. От такого способа подмывания вы ничего не простудите, просто не успеете, самое худшее – приведете две не самые приятные минуты жизни, зато будете чистыми.

Я всегда радуюсь, когда ко мне подходят дети и спрашивают: «Ильдар Валиуллович, а когда мы пойдем в поход?». Теперь дети чаще стали задавать вопрос, где и как можно удовлетворить естественные потребности на прогулке-походе, «как ходить в туалет в лесу?». Раньше таких вопросов не было. Современные дети родились и выросли в многоэтажных домах и не знают, что такое уличный туалет, пилка дров, ходить за водой на колонку! Этот вопрос меня поразил и заставил задуматься. Сам я вырос в доме, где туалет и выгребная яма находилась в конце двора, за водой ходили на колонку метров за 300, печное отопление. Зимой после снегопада

приходилось делать тропу. Дровяное отопление, надо каждый год заготавливать дрова на зиму. Школьники, которые ходили со мной в походы лет сорок назад тоже выросли в таких условиях. Пилить, колоть дрова они умели с детского возраста. Раз в месяц приезжала ассенизаторская машина и вывозила биологические отходы жизнедеятельности человека на утилизацию.

Пройдя множество походов и, приступая к написанию этого раздела, заранее был убежден, на основании своего туристского опыта, что устройство походных туалетов в природной среде, утилизация мусора на привале требуют от руководителя группы неуклонного соблюдения ряда санитарных правил, в достаточной мере общеизвестных, но тем не менее часто по различным причинам на практике не применяемых.

Практика позволила выработать критерии, которым должна отвечать стоянка, привал в походе с детьми: быть безлюдной и расположенной как можно дальше от селений, живописной, укрытой от ветра. Для 5 – 10 км похода одного привала вполне достаточно. Желательно, чтобы было достаточное количество бревен – сиделок, где может разместиться вся группа. Ближе (ну никак не далее 40 м) должен быть лес. Рядом родник, в худшем случае – ручей. Работа на стоянке должна занимать минимально возможное время, чем быстрее будут они окончены, тем больше времени останется на занятие. Лозунг, один за всех, все за одного особенно важен при работе на стоянке, там, где один ничего не сделает, группа может выполнить очень много. Лучше всего устраивать привал, стоянку там, где уже неоднократно останавливались туристы. Если это место замусорено, перед обустройством стоянки необходимо произвести очистку территории, которая займет несколько минут. Следует стараться правилам поведения в природе.

В случае, если у водоема определена водоохранная зона, стоянку необходимо ставить за ее пределами. Нельзя устраивать привал, на полянах, покрытых мхом. Слой мха будет сорван в первые же минуты отдыха. Роль мха в экосистемах очень велика. Он способен впитывать и удерживать много влаги и играет существенную роль в регулировании баланса лесов и болот и уменьшает почвенную эрозию на открытых местах. Во время войны партизаны использовали мох в качестве перевязочного средства.

Также одной из первоочередных дел при

организации стоянки выбор места отправления естественных надобностей. Туалет в походе – это тонкий вопрос, однако, необходимый. Речь идет не только о том, что туалетную бумагу с собой брать обязательно. Но и о том, что ходить в туалет нужно, соблюдая некоторые правила, чтобы не портить впечатления себе и другим туристам. В случае, если прогулка-поход будет длиться всего один день, то сооружать место для уборной нет смысла. Самыми простыми видами походных туалетов является под условным названием «кошачья лунка - ямка». Во время привала педагогу следует просто сразу обозначить, в каком районе можно будет совершать свои нужды. При этом, нужно помнить, что отхожее место должно находиться от стоянки не меньше чем метров на 60, а лучше на 100 м. С помощью железного совка (лучше сапёрной лопаткой), каждый участник, который идет по нужде оборудуйте себе небольшую ямку глубиной не менее 18 см. Именно на такой глубине живут микроорганизмы, способные перерабатывать естественные отходы человеческой жизнедеятельности и небольшое количество туалетной бумаги. После того, как вы доделали свое дело, не спеша закапываем свое творчество, причем вместе с туалетной бумагой, ранее вынутым грунтом и воткните сверху палку как сигнал предупреждения для других членов группы. Это эстетично и цивилизовано. Идя в поход с детьми, руководителю группы обязательно нужно брать с собой садовый совок, маленькие детские грабельки, на свободный конец черенка, надета детская лопатка. Вес небольшой, но сколько, зато создаст удобств. Поблизости не должно быть тропинок, склонов и водоемов. Не нужно разбрасывать где попало или развешивать на деревьях туалетную бумагу, помните, что она долго разлагается. Для того, чтобы ускорить разложение туалетной бумаги, закапывайте ее. При отсутствии туалетной бумаги можно воспользоваться крупными листьями известных вам деревьев и растений (например, кленовым листом или листьями лопуха).

Опасаться на маршруте нужно не только животных, но и привлекательных на первый взгляд растений, ягод и цветов. Для собственной безопасности в походе, на прогулке необходимо уметь распознавать ядовитые растения и хорошенько запомнить, какая их часть не должна использоваться детьми. Не трогайте и не срывайте стебли, листья и цветки в безопасности которых вы не уверены. Старался выбрать

наиболее распространенные, которые нужно показать детям мигрантов у них они не растут. Запомните внешний вид опасных растений, ягод там, где вы проходите маршрут и следить за детьми:

- борщевик Сосновского – травянистое растение высотой 1 – 4 м. Листья крупные перисто-рассеченные. Цветки белые, невзрачные, собраны в гигантские зонтики. Плоды довольно крупные, сухие. Цветет все лето, плодоносит до конца сентября. Прикосновение к листьям и плодам этого растения может вызывать раздражение и ожог кожи. Самые сильные ожоги борщевик вызывает, соприкасаясь с кожными покровами в ясные солнечные дни. Борщевик часто встречается на лугах, лесных полянах, у дорог. Ядовиты все растение, особенно сок и пыльца;

- вороний глаз – травянистое растение высотой 30-45 см. Стебель прямой и тонкий, в верхней части собраны в кольцо четыре-пять листьев. Ягода на каждом кустике всегда одна – шаровидная, блестящая, черная, с синеватым отливом. Цветет вороний глаз в мае, плодоносит в августе. Ядовиты все части растения, особенно ягоды, которые можно спутать с голубикой или черникой, но бояться его не стоит. Да, ягоды привлекательны, и дети часто тащат их в рот, но они очень невкусные. 1-2 плода не вызовут никаких реакций, а вот 7-10 могут. Но поедание такого количества ягод вороньего глаза маловероятно;

- ландыш да, этот замечательный цветок на самом деле довольно ядовит, особенно это касается плодов. Они красные, заметные, привлекают внимание и вызывают желание их попробовать. Растет ландыш почти везде и представляет опасность для детей, ведь многие педагоги даже не подозревают, что весенний цветок, у которого появились красные ягодки, может как-то навредить ребенку;

- волчье лыко или волчья ягода. Красные ягоды привлекают внимание детей. Поэтому нужно быть предельно внимательными на привалах. Сильно токсичны цветы, плоды и листья. После поедания ягод ощущается жжение во рту, тошнота, рвота.

Расположившись на привал где-нибудь на лесной поляне или вырубке, дети могут отметить опасные следы деятельности личинок майского хруща (майского жука), короедов, лубоедов, дровосеков, долгоносиков. Иногда майские хрущи и короеды появляются в местах массовых стоянок, как его печальное следствие. Вырубили,

например, отдыхающие деревья, изрезали кору ножами, обожгли ствол дерева костром – лесные вредители тут же атакуют ослабленный лес. Руководителю группы, если позволяет график похода, нужно организовать экологический десант по сбору и уничтожению вредителей.

Батыс Қазақстан облысы өзінің ерекше табиғи алуан түрлілігімен ерекшеленіп келеді. 12 ірі әкімшілік ауданнан тұратын облыс ұзындығы 100 км-ден асатын 14 өзеннен, 140-тан астам көлден, әр алуан жануарлар дүниесінен және өсімдіктердің 1300-ге жуық түрлерінен тұрады. Осыншалықты бай кең алқаптың экологиясын сақтау өте маңызды және қоршаған ортаның ластануын болдыртпау қажет. Президент Қ.К.Тоқаев өз халқына арнаған жолдауында да экологияға ерекше көңіл бөлудің маңыздылығы туралы және биоалуантүрлілікті сақтау мәселесін көтерді.

Бүгінгі таңда алаңдатып отырған басты мәселелердің бірі – экология. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қоқыстардың санының өсуіне байланысты облыстың экологиясы жан жақты

өзгеруде. Жаһандық жылыну, пластикпен ластануды санамағанда, көптеген қалдықтар мен улы газдар ластануға әкеледі. Соңғы жылдары ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы және табиғи ресурстарды қарқынды пайдалану нәтижесінде қоршаған ортаның ластану дәрежесі жоғарылады. Адамдардың қоршаған ортаға зияны өсіп отыр. Біздің заманымыздың ең маңызды экологиялық проблемалары: ауаның ластануы, судың ластануы, шөлейттену, ормандардың жойылуы. Расымен де, ерекше табиғатымызды өз қолымызда ұстап қадірлеу маңызды.

Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету және автоматтандыру бөлімі көп жылдардан

«Батыс Қазақстан облысы экологиясы» толықмәтінді деректер қорын құрып, сол бағытта жұмыстанып келеді. Бұл деректер қорына кітапханамызға келіп түскен мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар енгізілген, сонымен қатар, өзіміздің өлке туралы жазылған кітаптардан мақалалар деректер қорына енгізіп отырылады. Бұл деректер қоры екі тілде жасалған, бес бөлімнен тұрады және жылдан-жылға ауқымы кеңейіп келеді.

1-ші бөлім «Орал өңірінің табиғаты» деп аталады. Бұл бөлімде Ақжайық өңірінің табиғатын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, Орал өңірінің климаты, жер бедері, физикалық-географиялық жағдайы және т.б. мақалалар енгізілген.

2-ші бөлім «Орал өңірінің экологиялық жағдайы» деп аталады. Бұл бөлімде Жайық өңірінің экологиясы, Капустин Яр және Азғыр полигондары туралы, Қарашығанақтың Орал өңірі экологиясына әсері туралы мақалалар жинақталған. Капустин Яр сынақ полигоны жан-жануарлардың таралуына, шөптесін өсімдіктердің өсуіне зиянын тигізіп, экологиялық әсердің нәтижесінде жойылып кету қаупі бар. Жарылыс кезінде радиоактивті заттар ауа мен топыраққа таралуының салдарынан атмосферасы қатты ластанған. Бұл антропогендік әсер тек жануарлар мен өсімдіктерді құртып қана қоймай, Бөкей Ордасы ауданының халқына да зардап шектіруде.

«Орал өңірінің жануарлары мен өсімдіктері» деп аталатын 3-ші бөлімде өңірдің жануарлары мен өсімдіктері туралы мақалалар енгізілген. Адам баласына Жер бетінің неғұрлым дамыған және прогрессивті тұрғыны ретінде жануарлардың тіршілік етуіне үлкен жауапкершілік жүктелген. Адам баласы Бағындырушыдан Табиғаттың Қорғаушысына айналды. Қоршаған ортаны, жануарларды, «жасыл достарымызды» қорғау бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе. Жер бетінен құрып кетудің аз-ақ алдында тұрған өсімдіктер өте көп. Егер өсімдіктің бір түрі жойылса, оны қайта қалыпқа келтіру оңайға соқпайды. Бұл ретте өсімдіктерді қорғау шаралары туралы мақалалармен танысуға мүмкіндік бар.

Құстардың тынымбаққа, бау-бақшаға егістіктер мен бақтарға үйірлеуіне мүмкіндік жасап, ұсақ құстарға қыста жемшашар, жазда ұялағыш үйшіктер дайындау арқылы қамқорлық жасау - табиғатты көркейтіп, құстарды аялай білудің негізгі шарты. Өлкеміздегі құстар туралы және оларға қамқорлық жасау шаралары туралы

мақалалар деректер қорына енгізілген.

Толықмәтіндік деректер қорының 4-ші бөлімі «Орал өңірінің өзендері мен көлдері» деп аталады. Бұл бөлімде Жайық, Шаған. Деркөл және т.б. өзендер туралы мақалалар беріліп отыр. Соңғы жылдары Жайық өзеніне қатысты жалпы экологиялық жағдай нашарлап барады. Жайық өзені жылдан жылға тартылып барады. Жайық өзенінің экологиясы туралы деректер қорында ауқымды материалдар жинақталды.

Ал 5-ші бөлім «Орал өңірінің қорықтары» деп аталады. Аталмыш бөлімде Батыс Қазақстан облысындағы қорғауға алынған қорықшалары туралы мақалалар жинақталған. «Бударин», «Кирсанов», «Жалтыркөл» және т.б. қорықшалардағы жануарлар мен құстар, алуан түрлі өсімдіктер туралы мақалалар мерзімді басылым беттерінен және өлке туралы жинақтардан алынып, енгізілді.

Бұл толықмәтіндік деректер қоры мектеп оқушыларына, жаратылыстану факультетінің студенттеріне, эколог мамандарға және де өзіміздің өлкеміздің табиғаты туралы қызығушылық танытатын барлық оқырмандарға арналған. Жүйелі түрде жүргізіліп отырған бұл толықмәтіндік деректер қоры оқырмандар үшін өте қажетті және қызықты деп ойлаймын. Егер Сіз бұл толық мәтіндік деректер қорына қызығушылық танытсаңыз, біздің кітапханамызға келіп, пайдалана аласыз.

Батыс Қазақстан облысы расымен де табиғаты ең бай және ерекше өлкелердің бірі болып саналады. Алайда антропогендік факторды, яғни адам қолынан экологияның ластануын қолға алу маңызды. Өзендер мен көлдер өндірістік және тұрмыстық қалдықтардан ластануда, ал жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі қорғанышты талап етеді. Ұлттық қорықтар мен саябақтардың маңызы да осы тұста байқалады. Шоқан Уәлиханов айтып кеткендей, «Ұшы-қиыры жоқ теңіздей шексіз даланы неше алуан шөп басып, үлбіреген нәп-нәзік гүлдер бейне жасыл дастарқандай боп жайылады» демекші, табиғат – біздің байлығымыз, әрі оны сақтап қалу біздің борышымыз.

Қазақстан Республикасының «Экологиялық кодексіне» сәйкес, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, шаруашылық және басқа қызметтің табиғи экологиялық жүйелердің зиянды әсеріне жол бермеуге, биологиялық әр түрлілікті сақтауға және табиғатты дұрыс пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған шараларды орындауға тиіспіз.



Аспалы өткел: құру және өту



ТАСМУХАНОВ Қ.М.
ЖТС-ның ҚББП-і,
Тасқала ауд. БҚО

Сабақ мақсаты: оқушылардың спорттық туризмге қызығушылығын арттыру, әртүрлі тәсілдерді орындаған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау, салауатты өмір салтын ұстану.

Білімділік: теориялық алған білімдерін практикалық түрде орындап үйрету. Туристік қызметтің белсенділігін арттыру;

Дамытушылық: туристік дағды қалыптастыру, туристік-спорттық дайындықтарын, икемділіктерін дамыту;

Тәрбиелік: салауатты өмір салтына, қажетті жағдайда өз бетімен жедел шешім қабылдауға, жауапкершілікке, төзімділікке тәрбиелеу,

Сабақ түрі: аралас сабақ

Пән аралық байланыс:

- туристік-спорттық дайындық;

- дене тәрбиесі.

I. Ұйымдастыру бөлімі:

1) Оқушылармен амандасу

2) Жоқ оқушыларды белгілеу

3) Жұмыс орындарының сабаққа дайындығын тексеру

Оқушылардың жаяу туризм барысында кездесетін кедергілерден жоғарыға жұмар арқылы көтеріліп, аспалы өткел қашықтығы, дюльфер арқылы төменге түсу әдісін үйрету.

II. Жаңа тақырыпты баяндау (конспект)

Аспалы өткел дегеніміз – туристік жорық барысында туристік арқандарды пайдалана отырып, табиғи кедергілерден қауіпсіз өту қашықтығы.

Аспалы өткелдер негізгі және көмекші арқандарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Өткел әдетте батпақтан, сол сияқты өзен арқылы өту кезінде дайындалады. Өткелді дайындау үшін оны ұйымдастыру орнын таңдаудың маңызы зор болып табылады. Аспалы

өткел қашықтығынан өткен соң өз бетімен оңай жиналуы қажет.

Өткел дайындау үшін мынадай туристік құралдар қолданылады:

1. Туристік сақтандыру системасы (обязка)

2. Карабиндер – бекіту құралдары

3. Жумар, дюльфер, пруссик

4. Туристік арқандар – негізгі және көмекші.

Аспалы өткелден өту қашықтығын бірнеше кезеңдерге бөліп түсіндіруге болады.

I-кезең. (а-жағалауы) Өткелді ұйымдастыруға дайындық

1. Сақтандыру системасын кию;

2. Өткелді дайындау, орнын таңдау;

3. Көмекші арқаннан топтық сақтандыру арқанын дайындау;

4. Негізгі және көмекші арқандарды сегіздік байлауына карабин бекіту арқылы 1-ші қатысушыға бекіту;

5. Топтық сақтандыруды ұйымдастыру;

6. 1-ші қатысушыны тірек ағашын ағысқа қарсы тірей отырып (б) жағалауына өту.

II-кезең. (б-жағалауы) негізгі және көмекші арқандарды терекке бекіту.

1. Сақтандыру арқанына терекке айналдыра карабин арқылы бекіту;

2. Негізгі арқанды терекке «жылан» байлауы арқылы бекіту.

III-кезең. (а-жағалауы) Негізгі арқанды кері тарту.

1. Негізгі арқанды терекке айналдыра қарама-қарсы бағытта пруссик салу;

2. Негізгі арқанды күшке сала отырып кері тарту, арқанның өткелге дайындығын тексеру;

3. Арқанға екінші салынған пруссикті ағытып алу;

4. Арқанның бос бөлігін теректен айналдырып



сақтандыру мақсатында сегіздік байлауын салу арқылы карабинмен бекіту;

5. Көмекші арқанның ортасына екі жағалауға да еркін жылжып отыратынына көңіл аударатырып сегіздік байлауын салып карабинді бекіту. Яғни, тасымалдама арқанын дайындау.

IV-кезең. (б-жағалауы) Қалған қатысушылардың өтуі.

1. Топтағы қалған қатысушылардың өтуі;

2. Жеке сақтандыруды сақтандыру белдігіндегі карабин арқылы орындау, карабинді негізгі арқанға бекіту;

3. Топтық сақтандыруды тасымалдама арқаны арқылы ұйымдастыру. Қатысушылардың сақтандыру белдігіндегі карабинге бекіту.

V-кезең. (а-жағалауы) Соңғы қатысушының өткелден өтуі, өткелді жинау.

1. Соңғы қатысушының сақтандыру арқанын ағытуы;

2. Сақтандыру арқанындағы карабинді негізгі арқандағы екі карабинді біріктіре отырып бекіту;

3. Көмекші арқанның ортасындағы тасымалдама карабинін сақтандыру белдігіндегі карабин бекіту;

4. Топтық сақтандыруды тасымалдама арқаны арқылы ұйымдастыру;

5. Өзеннен өткел арқылы өту;

6. Негізгі арқандағы «Жылан» байлауын ағыту және арқан ағытылып а-жағалауын айналып келу барысында жерге, суға тигізбеу мақсатында шеткі бөлігіне қарапайым жіңішке кендір жіпті ағытылмастай сенімді байлау;

7. Көмекші арқанды негізгі арқанды ағыту мақсатында күшке сала тарту;

8. Өткелді жинау;

9. Арқандарды маркировкалау.

III. Жаңа сабақтың кіріспе нұсқауы бойынша білімдерін бекіту

Тапсырмалар:

1-тапсырма. Оқушылардың карточка арқылы аспалы өткелден өту кезеңдерін белгілеуі.

Қауіпсіздік ережелері

1. Сақтандыру системасын дұрыс кие алмауы қатысушыға қандай қауіп төндіреді?

2. Жеке сақтандыру дегеніміз не?

3. Топтық сақтандыру дегеніміз не?

4. «Бақылау аймағы» дегеніміз не?

5. Дюльфер арқылы сақтандыру қандай қауіптің алдын алады?

6. Топты сақтандырушылар қандай ережені міндетті түрде орындау керек

Оқушылар бүгінгі жаңа сабағымыз бойынша қандай сұрақтарыңыз бар?

Егер сұрақтарыңызға толық жауап алған болсаңыздар сабағымыздың келесі бөлімі тәжірибелік бөлімді бастайық!

IV. Ағымдағы нұсқау. Оқушылар ұстаздың практикалық көрсеткендерін топтарға бөлініп орындайды. 1-ші қатысушы мен соңғы қатысушының жұмыстарын әрқайсысы жеке орындайды. Аспалы өткелді өз беттерімен құрады, өтеді және жинау әдісін көрсетеді.

- Оқушыларды топтарға бөлу.

- Қауіпсіздік ережелеріне тоқталу.

- Тапсырмалар бөлу.

- Жұмысты орындау тәсілін әр кезең бойынша көрсету.

- Өз беттерімен жұмыстану.

- Әрбір оқушыны жекелей қадағалау.

Жұмыс орнын қарап өткенде:

1. Жұмыс орнының ұйымдастырылуын тексеру;

3. Еңбек тәсілдері мен операциялардың дұрыс орындалуын бақылау;

4. Технологиялық процестің орындалуын бақылау;

5. Жұмыс барысында қауіпсіздік ережесінің сақталуын қадағалау;

6. Оқушылардың өзін және өзара бақылауларын қадағалау.

V. Қорытынды нұсқау.

1. Жақсы орындаған оқушылардың жұмыстарын атап өту;

2. Қателіктерді сипаттап олардың орын алу себебіне тоқталып өту;

3. Оқушылардың бағаларын хабарлау;

4. Жұмыс орнын, құрал-жабдықтарды жинастыру.



Алыс кешенді сараманның құндылығы



ХАЙРУЛЛИНА А.К.
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университеті,
оқытушы-магистр,
Орал к., БҚО

Аңдатпа

Мақалада болашақ географ мамандарының алыс кешенді сараманнан алған ерекше әсері мен географиялық білімі қарастырылған. Студенттерге алыс кешенді сараманның жоспарлы өткізілуі өте маңызды, әрі міндетті саналады. Оқу үрдісінде алыс кешенді сараманның бағыттары жыл сайын ауысып отырады. Осы жолы біздің географиялық бағытымыз Орал-Шымкент-Түркістан қалалары болды. Алыс кешенді сараман студенттерге теориялық білімді практикамен ұштастыруға зор мүмкіндік береді. Сараман барысында түрлі географиялық нысандармен танысып, бірнеше зерттеулер жүргізілді. Табиғат аймақтарын зерттеу болашақ маман үшін таптырмас тәжірибе болды. Алыс жерлерге кешенді сараманның құндылығы да осы болатын.

Аннотация

В статье рассматриваются географические знания, полученные будущими специалистами-географами на комплексной практике. Плановое проведение комплексной практики для студентов является очень важным и обязательным. Комплексный практикум позволяет студентам совмещать теоретические знания с практикой. В статье приведена информация об изучении на комплексной практике городов Туркестан и Шымкент. В ходе практики ознакомились с различными географическими объектами, было проведено несколько исследований.

Кілт сөздері: алыс кешенді сараман, географиялық нысан, қорық, табиғат компоненті, тарихи қала, өндіріс орны.

Еліміздің ең ежелгі қаласы - Шымкент қаласын білмейтін қазақстандық кем де кем шығар. Жылына 300 күн шуақты ауа-райы болатын шырайлы, жасыл желек жамылған, қазаны сарқылмаған қонақжай, тарихы тереңге тұнған шаһар бұл.

Бұндай әсем қалаға ағылып келетін адамдар да жетерлік. Бізде география мамандығының студенттерін батыстан оңтүстікке ат басын бұрып, алыс кешенді сараманымызға алып келдік. География мамандығының студенттері бірнеше бригадалық құрамға бөлінді.

Орал вокзалынан жолға шыққалы болашақ географ ретінде айналадағы табиғатқа, ондағы ерекшеліктеріне бақылау жүргізуге студенттерге тапсырма берілді. Түркістан қаласына да келіп жеттік. (фото1).

Бұл өлкенің тарихи және киелі жерлеріне барып көруге ұйымдасқан топ жетекшілері мен студенттер түс аумай жатып бағыт алдық.

Алғашқы бағытымыз XIV ғасырдың ерекше сәулет өнерінің бірі, Әмір Темірдің бұйрығы бойынша тұрғызылған - Қожа Ахмет Яссауи кесенесі болды. Жалпы, бұл жерде ескерткіштің өзіндік ерекшеліктерін бірден байқауға болады. Мысалға: ескерткіштің өз қалпын ұзақ жылдар бойы міз қақпай сақтағанына таңданғанымыз рас. Және мұнда Қазақ хандығын басқарған хандар мен сұлтандар, беделді билер, белді батырлар жерленген. Бейне бір тарих беттерін ашқандай сезімді студенттер сезінді.

Кесенеді мешіт, кітапхана, екі сарай залы, сағана, тұрғын бөлмелер, асхана, орталық зал -қазандық, құдықхана бар. Кесененің оңтүстік

жағындағы кіреберіс -арка ойығы орналасқан. Оның екі жағына минареттер тұрғызылған. Кіре бергенде ең үлкен бөлмеде осы кесененің ерекше бір жәдігері, сыйымдылығы 3000 л, салмағы 2 тоннаны құрайтын - Үлкен Тайқазан орналасқан. Мұнда келушілердің мақсаты - осында жатқан әулие кісілерге зиярат ету. Бұл кесене ислам дінінің айрықша көрінісінің бірі де бірегейі. Себебі, ғимараттың алдыңғы жағында Құранның 59, 60, 61, 62 және 63 сүрелері жазылған.

Кесенеден шыққасын, оған жақын жерде көне заман сәулет өнері мен жаңа заман сәулет өнерін ұштастырып жасаған туристік кешен- Керуен сарайға аяқ бастық. Керуен сарайдың алар аумағы да аз емес - 20,5 гектар. Осыншама аумақты алып жатқан бұл кешен көзге көркем көрінер сәулет өнерімен жасалған. Кешенге кіргенде алдымыздан алтын жұмыртқа салынған үлкен ұя көрінді. Бұл қазақ мифологиясындағы қыран тәрізді алып құс - Самұрықтың ұясы екен. «Алтын Самұрық» деп аталатын, ішінде өткеніміз бен бүгінгіні көрсететін ұшатын театр бар. Тағы бір ерекшелігі нысандарды жалғастырып жатқан қолдан жасалған су арнасы өтеді. Каналдың үстімен қайықтармен жүзуге болады. Осыған қарап халықтың «Қазақстанның Венециясы» аталып кеткен-ді. Бұдан да басқа дүкендер, түрлі ойын-сауық орталықтары, дәмханалардың түр-түрін кезіктіруге болады. Керуен сарайы кешегісі мен бүгінін дәріптейтін, өзіндік атмосферасы бар өте ерекше жер. Сарай Орталық Азиядағы баламасы жоқ, туристерді көп қабылдайтын жерге айналатынына сенімдімін.

Одан әрі қарай сапарымызды жалғастырып, қала шетінде орналасқан Арыстан баб кесенесіне

тоқтадық. Бұл кесене - көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан халқының арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы болған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған. Кесене дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмелерден құралған.

Түркістан облысына келіп, сонау тарихтағы елеулі оқиғалар болған –Отырар қалашығына табан тіредік.

Моңғол шапқыншылығына дейін Орталық Азиядағы ең ірі қала боп, гүлденіп тұрған бұл қаланың бұзылған орындары ғана қалған. Алайда, археологтардың арқасында ашылып, табылған бірнеше жерлер мен мешіт, моншаларды болсын көруге болатынына қуандық. Бұрын студенттер кітаптан ғана оқыған бұл қаланы аралау барысында біртүрлі бөлек сезімде болды. Бейне бір сондағы алапат оқиғаларды жүрекпен сезгендей күй кешті.

Шымкент

Түркістанды тамаша таңданыспен тамашалап таныған студенттерімізбен ендігі бағытты Шымкентке алдық. Бойымызға күш-қуатымызды жинап, тыныққан соң күнмен бірге көтеріле қаланың қызықты жерлерін өз көздерімен көріп, бақылауға алып шықтық. Қала сыртында орналасқан «Арнайы экономикалық аймаққа» барып, бригада мүшелерімен бірнеше өндіріс орындарын аралап, бақылау жүргізді.

Мұндағы: «Бал Текстиль» ЖШС кілем шығару зауытының, «Dalsan» ылғал майлық фабрикасының, «BARS» деген таңбамен сатылып жатқан аяқ киімдер шығару цехының, «AZALA COTTON» ЖШС мақта-мата иірімжіп өндіретін



фабрикаларының әрқайсысының толықтай жұмыс істеу құрылымымен жеке таныстық. Бұл өндіріс орындары жылына сапасы жағынан да, саны жағынан да жұмыс істеп, өз өнімдерін шығарып отыр. Негізгі серіктестері Түркия елі. Жылдық табыстары да айтарлықтай көп. Бұл жерлерден шыққан өнімдер Қазақстанның біршама қалаларына, онымен қоса ТМД елдеріне экспортқа шығады. Тіпті, кең ассортиментті кілемдер еуропалық нарықта да сұранысқа ие. Бұл біздің елде осындай өндіріс орындарының болуы бәсекеге қабілеттілігінің бір көрінісі деп білемін

Келесі күні таң сәрімен ерекше қорғалатын аймақ Ақсу- Жабағылы қорығына алып бардық. 1926 жылы құрылған Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы - Талас Алатауының солтүстік-батыс бөлігін және Өгем жотасын алып жатқан Қазақстандағы тұңғыш қорық. Жамбыл облысының Жуалы ауданы мен Түркістан облысының Түлкібас ауданы аумағында орналасқан. Бұл жерге алғаш келгеннен-ақ бірден өзінің өте сұлу табиғатымен баурап алды. Жасыл желек, биік-биік таулар дәл өзіміз оқыған география кітабындағы фотосуреттегідей. Бірақ, бұл табиғатты тек шынайы көзбен көрсең ғана бүкіл тамашасын байқайсың.

Экспедициямызды бастаған қорық қызметкерлерімен бірге теңіз деңгейінен 6000 метр жоғарыға көтерілдік. Тауға шығуда оңай емес екен. Қорық Ақсу және Жабағылы атты екі өзеннің арасына орналасқан. Біз Кіші Қайыңды сарқырамасына келдік. Таудан аққан су қандай мөлдір таза, қандай тағы да тамсанып жүріп, тіпті өсімдіктің ізі қалған айрықша тасты тауып алдық. Бәріміз жиналып, енді тағы да 6000 шақырым төменге түстік. Жалпы алғанда 12 шақырым жол жүрген біз қорық туралы қызметкерлерден де көптеген ақпарат естіп алдық. Бұл жерде бұрындары мал баққан көрінеді. Қорық фауна мен флораға бай. Бірақ, аптап ыстыққа, шыбын-шіркейге шыдамайтын жануарлар тек күн батқасын шығады екен.

«Бір күдірет тұла бойды тасқанда,

Құлаш ұрмай тауға, шыңға, асқарға,

Қыр баласы тауға қарап өспейді,

Қыр баласы қол созады аспанға...»- деп, тау басында студенттеріміз әндегіп, таудың биіктігін, қорықтың қонысын қимай-қимай іштей қоштасып, кері қайттық. Бұл әсер, бұл көрініс, бұл естеліктер студент жүрегінде жаңғырып, санасында сақталып мәңгі тұрады.

Сараманның санаулы төртінші күніне де жеттік. Бұл күннің бастамасы ретінде Бәйдібек ауданына қарасты әулие Домалақ ана кесенесіне табан бастық. Домалақ Ана Кесенесі -Қаратаудың күнгей бетінде, Балабөген өзенінің аңғарында. Халық арасында Домалақ ана атанған Нұрилла Әли Сыланқызының зиратына тұрғызылған.

Нұрилла (Домалақ ана) - Бәйдібек бабамыздың үшінші әйелі. Тарихи жазбаларда Домалақ ананың адамгершілігі, әдептілігі, парасаттылығы мен шыншылдығы және аналық қасиетінің арқасында «Домалақ ана» аталуы жайлы көптеген деректер жазылған. Нұрилла ана 1456 жылы мамырдың 28 жұлдызында қайтыс болған, сол жылы Домалақ ананың немересі Дулат Бұхарадан Абдулла Шері есімді шеберді алдыртып, ана басына төрт қанатты күмбезделген кесене-там тұрғызады. XI - XV ғасырлар аралығында Домалақ ана кесенесі бірнеше рет қайта жөндеуден өткен. Домалақ ана кесенесі жерден 12 м биіктікте сегіз жапырақты етіп өріліп, негізгі бөлігінің үстіне күмбез орнатылған. Аңыз бойынша, Домалақ ана кесенесінде екі қасиетті тас бар, осы екі тастың арасынан тек жаны таза адам өте алады. XX ғасырда салынған кесене 6 бағаналы болған.

Сапарымыздың соңғы аялдамасы, табиғаттың ерекше көрінісі – Ақмешіт үңгірі болды. Ақмешіт әулие үңгірі – Түркістан облысы Бәйдібек ауданында орналасқан. Ұзындығы 254, ені 65, биіктігі 25 метр. Әктасты жыныстар қабатында пайда болған ойық жарқабақ үңгір. Ішіне кіргенде бұл шынында қалай пайда болған деп таңдандық. Қарлығаштар қылмысып, салқын жел ебіп тұр. Төменге түскенде шырақшы ата батасын беріп, біз үңгірді аралауға кеттік. Бұл жерге келген адамдар ірілі ұсақты тастарды бір-бірінің үстіне жинап, үйшік секілді тұрғызып кетіп жатқанын көрдік. Себебі, бір кездері бұл жерде адамдар құлаған тастың астында қалған жинап кетеді екен.

Үңгірдегі жарқабақ саңылауларынан мезгіл-мезгіл су тамып тұрады. Ішінен қарағанда ернеуі киіз үйдің шаңырағы секілді көрінеді. Ел арасында бір кездері онда бір әулие әулетімен киіз үй тігіп, сатымен шығып-түсіп жүрген деген де аңыз айтылады. Үңгірге перзент көрмеген кейбір ерлі-зайыптылар, ауру адамдар әлі күнге дейін түнеп, мінәжат етеді.

Осылайша біздің Орал-Шымкент бағытындағы алыс кешенді сараманымыз да аяқталды. Шымкент шаһарынан, Орал өлкемізге қайта оралдық. Оңтүстік аймағы өзіндік ерекшеліктерімен қызықтыра алды. Біз оны осы сараман арқасында студенттерімізге көрсете алдық. Өңірдің ғажап табиғат байлығы, адамдардың ыстық ықыласты қонақжайлығы, тамыры тереңде жатқан тарихи екертікшітері, қайнап жатқан тірлік, ісі өрге домалаған кәсіпорындарың, тағамдарының тәтті татымы бәрі-бәрі мына біздің есімізде мәңгі қалатын дүние бола алды. Сараманымыз мақсатына жетті. Міндеттері мен тапсырмаларын толық орындай алды, студенттердің географиялық таным көкжиегін де кеңейте алдық.

Көпке олжа бола бермейтін бұндай алыс кешенді сараманды өте жоғары деңгейде өткізіп келгеніміз бізге бір үлкен атқарылған іс болды.



Разработка мероприятия "Посвящение в туристыята"



ЧЕЛНОКОВА М.М.
ПДО, педагог-эксперт СЮТ
района Бәйтерек, ЗКО.

Аннотация

Автор предлагает сценарий праздника "Посвящение в туристыята" для детей начальной школы. Сценарий туристической направленности направлен на формирование интереса и потребности к познанию окружающего мира, приобретению знаний, умений, навыков через познавательную и двигательную деятельность.

Материал полезен инструкторам по ФК, воспитателям старших групп, педагогам дополнительного образования.

Аңдатпа

Автор бастауыш сынып оқушыларына арналған "Посвящение в туристыята" мерекелік бағдарламасын ұсынған. Бұл туристік бағытындағы бағдарлама балаларға қоршаған әлемді тануға деген қызығушылығы мен қажеттілігін қалыптастыруға, танымдық және қозғалыс әрекеттері арқылы білім, білік, дағды алуға бағытталған.

Материал ФК нұсқаушыларына, жоғары топ тәрбиелеушілеріне, қосымша білім беру педагогтарына пайдалы.

Ключевые слова:

Интеграция образовательных областей: «Физическое развитие», «Познание», «Социально-коммуникативное».

Цель: прививать и воспитывать любовь к родному краю, пробуждать интерес к природе.

Задачи:

- образовательные: Развивать интерес к родному краю. Подвести к пониманию того, что жизнь человека на Земле во многом зависит от окружающей среды: чистый воздух, вода, лес, почва благоприятно сказываются на здоровье и жизни человека.

- развивающие: Развивать быстроту, выносливость, координационные способности через игры туристской направленности. Совершенствовать технику основных движений.

- воспитательные: Воспитывать дружеские взаимоотношения между детьми, настойчивость, решительность, организованность. Вызвать чувства удовлетворения от совместной

деятельности.

Материалы и оборудования:

Бросовый материал: пустые коробочки, пластиковые бутылочки и т.д., контейнеры для раздельного сбора мусора, мелки, волшебный сундучок, веревка длиной 20-30м, палатка, коврики для сидения, одноразовые стаканчики, термос с чаем, салфетки, сладкие угощения, кочки, нарисованные крокодилы, знаки правила поведения в природе, шишки, муляж-дупло с игрушечной белкой, медальки "Настоящий турист", костюмы для переодевания.

Форма проведения: игра - путешествие.

Ход мероприятия:

Ребята собираются на площадки. (Звучит веселая мелодия, выходят гномик и грибок лесовичек)

Грибок: Здравствуйте, ребята!

Дети: Дети отвечаю....

Гномик: Наконец-то, вы к нам пришли, мы вас



так долго ждали пока вы подрастаете и станете настоящими туристками!

Грибок: А вы любите путешествовать?

Гномик: Скажите ребята, а на чем можно совершать путешествия. (Ответ детей)

Гномик: А знаете ли вы, как называют людей, которых любят путешествовать?

Дети: Туристы.

Грибок: Верно, но пока вы еще дети, и поэтому не туристы, а туристята. Туристята очень наблюдательные, все вокруг замечают, а вы не ни чего не заметили необычного на кустике.

На кусту дети находят записку: «Здравствуйте дорогие ребята! Слышал я будто вы хотите стать настоящими туристами и превратиться в большую туристскую семью, для того, чтобы узнать обо всем на свете. Очень рад! Ведь туристята – друзья природы, а значит и мои тоже. Я приготовил для вас сюрприз, найти его сможете, если пройдете всю мою специальную дорожку с препятствиями. Дядюшка Ау.»

Гномик: Все готовы? (Ответ детей) Возьмем с собой в дорогу дружбу, помощь, доброту, смелость и отвагу. Я думаю это пригодиться нам в дороге. (Звучит музыка дети идут по кругу и выполняют задания, которое озвучиваются в песне.)

Грибок: А вот и первое препятствие:

"Переправа" (На площадке лежат кочки, мелом очерчена граница). Пройти можно только по кочкам, так как здесь находятся болото и водятся крокодилы. Пройти нужно так, чтобы их не сбить, за вами идут ваши друзья, и им будет неудобно передвигаться, если расстояние между кочками будет большое. Идем по ним друг за другом, наступая след в след. По краям топкое болото и можно утонуть. Тому, кто оступился, помогаем вернуться на дорожку и продолжаем путь. (Ребята вместе с гномиком и грибком идут дальше и видят поляну с разбросанным мусором)

Гномик: Вот так поляна! Видно отдыхали на ней горе-туристы. Что предлагаете? Наведем порядком!

(Ответ детей)

"Чистота - залог здоровья". Предложить детям навести порядок на участке и разложить весь собранный мусор по контейнерам.

Грибок: На такой чистой полянке и поиграть захотелось! Верно? Но нам не стоит задерживаться, так как мы с вами должны выполнить все задания от дедушки Ау. (Отправляются дальше)

Гномик: Кажется Дядюшка Ау хочет нас испытать не на шутку, вы только посмотрите, какое трудное задание он для нас приготовил. Вот тут-то нам и понадобится и дружба, и помощь, и отвага.

"Полоса препятствий" Два вида паутины вертикальная и горизонтальная. Вертикальная паутина выполнена в виде стены - хаотичное сплетение веревок между двух деревьев. Горизонтальная паутина сплетение веревок между шести деревьями, высотой около полу метра. (Пройдя полосу препятствий дети отправляются, под музыку, дальше и видят сундук)

Грибок: Этот волшебный сундучок полон загадок. Дальше не пройти, пока не отгадаем. (Открывают сундучок и находят конверт с вопросами, на которые нужно ответить)

"Отвечай – потом шагай" Ребятам нужно закончить предложение

- Заяц зимой белый, а летом ...
- У зайца хвост короткий, а уши ...
- Заяц пушистый, а ёж ...
- Ёж спит днём, а охотится ...
- Ёж маленький, а медведь ...
- У белки хвост длинный, а у зайца
- Какую птицу называют лесным барабанщиком?
- Какой лесной обитатель сушит на деревьях грибы?.....

Гномик: Вам, наверное, известно, что иногда в характере человека и животного есть что-то общее. Вспомните, как и о ком у нас говорят в народе?

- Злой, как... (волк)
- Хитрый, как... (лиса)
- Трусливый, как... (заяц)
- Тихий, как... (мышь)
- Косолапый, как... (медведь)
- Плюется, как... (верблюд)
- Визжит, как... (поросёнок)

Болтает или трещит, как... (сорока)

Гномик: Я буду называть лесных артистов, а вы «поёте» его голосом (словом, которым они «говорят»).

Пчела – ... жужжит
Лягушка – ... квакает
Кукушка – ... кукует
Ворона – ... каркает
Змея – ... шипит
Ёж – ... фыркает
Дятел – ... барабанит
Волк – ... воет

(Ответив на все вопросы ребята движутся, под музыку, дальше)

Грибок: Туристы в лесу умеют быстро находить ягоды, грибы, лекарственные растения, а вас дедушка Ау просит помочь белочке запастись шишками. Надеюсь, вы справитесь с этим непростым заданием?

Ответ детей:

(В лабиринте разложены шишки, которые ребятам нужно будет найти и отнести в дупло к белочки)

Гномик: Молодцы ребята, вы отлично справляетесь с заданиями от дедушки Ау. (Дети слышат громкую музыку, выходит дедушка АУ)

Дедушка Ау: Здравствуйте, ребята! Поздравляю, вы отлично справились, с моими заданиями, были дружными, заботливыми, внимательными и смелыми, как настоящие туристы, вы были одной большой туристской семьей. Но я хочу проверить, знаете ли вы

правила поведения в лесу. (Подходит к знакам, которые развешены на стене, указывает на каждый знак, ребята объясняют его значение)

Дедушка Ау: Молодцы, вы доказали что являетесь настоящими туристами, и я хочу наградить вас медальками «Настоящий турист» и пожелать вам счастливых дорог и пусть каждый день приносит вам новые открытия. (Награждение каждого участника путешествия медалью)

Дедушка Ау: А теперь пройдемте за мной у меня есть для вас сюрприз. (Ребята идут вместе с дедушкой Ау и видят палатку, коврики для отдыха, туристический стол накрытый вкусными угощениями и термос горячим чаем.)

Дедушка Ау: После долгого путешествия вам пора немного отдохнуть, набраться сил, для новых свершений. И мы вместе с моими лесными друзьями приготовили для вас небольшое угощение. (Ребята проходят к столу) А я отправляюсь дальше. До свидания, маленькие туристы, до новых встреч. (Дети пьют чай, вместе с гномиком и грибом обсуждают пройденное путешествие и делятся эмоциями)

Гномик: Ребятанаше путешествие закончилось, и я хочу, попросить вас продолжить фразы:

- Сегодня мне понравилось...
- Мне сегодня запомнилось...
- Я узнал сегодня...
- Мне было интересно, потому, что я научился...



«Тұран скауттары» әскери патриоттық қозғалысы

Скаутизм (ағылш. scout – барлаушы) – балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу жүйесі. Скаутизм скаутинг принциптеріне – балаларды мектептен тыс тәрбиелеуді ұйымдастырудың педагогикалық әдістемелеріне негізделген. Скаутизм – әлеуметтік тегіне және дініне тәуелсіз, барлық жастар үшін ашық, ерікті, мемлекеттік немесе саяси емес тәрбиелеуші қозғалыс. Скаутизмнің негізгі мақсаты – жастардың зияттық, қоғамдық және рухани әлеуеттерінің дамуына, олардың жеке тұлға және азамат ретінде қалыптасуына көмектесу. Скаутизм – көптеген халықаралық балалар және жасөспірімдер қозғалыстарының бірі. 1920 жылы құрамына әлемнің 160-тан астам елінен 28 млн адам кіретін Бүкіләлемдік скауттар қозғалысы ұйымы құрылған. Штаб-пәтері Швейцарияның Женева қаласында орналасқан. Оның слеттері Джамбори деп аталады. Қазақстандағы скауттық қозғалыс ұйымының мектептен тыс тәрбиелеу жұмыстары 1989 жылдан бері жүргізіліп келеді. Қазіргі уақытта скаут қозғалысына 1,5 мыңнан астам бала тартылған.

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 02.11.2022 жылғы №353 бұйрығына сай 2022 жылдың 08-11 қараша аралығында Түркістан облысы Төлеби аудандық Біркөлік шатқалында орналасқан туристік-спорттық лагерінде мектеп оқушылары арасында

балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту, Скауттар қозғалысының шеберліктерін меңгерту, азаматтық және патриоттық сезімге тәрбиелеу, туристік ептіліктері мен шеберліктерін арттыру, үздік туристік топтарды анықтау мақсатында «Тұран скауттар әскери патриоттық қозғалысы» облыстық слеті өтті.

Слетке «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты қала, аудандық бөлімдердің құрама топтарынан жалпы саны 150 үйірмеші қатыстырылды. Слет бағдарламасы бойынша «Скауттық» барлау және «Туристік кедергілер жолағы», «Жас скаутшылардың ұраны мен саптық жүрісі», «Биуакты ұйымдастыру» кезеңдерімен өтті.

Жалпы топтық есеп бойынша:

- 1-орын – Төлеби ауданы;
- 2-орын – Сауран ауданы;
- 3-орын – Түркістан қаласы жеңіске жетті,

Слеттің жеңімпаз топтарына дипломдар мен сыйлықтар табысталып, жетекшілері алғыс хаттармен марапатталды.

Слет жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өте қызықты да тартысты өтті. «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты қалалық, аудандық бөлім басшыларына Алғыс білдіреміз! Жеңімпаз топтар жеңістеріңіз құтты болсын!

Директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Умбеталиева Жаудир Муратовна



Қазақстан Республикасы кубогі финалының жеңімпаздары - БҚО-ның құрама командасы

Облыстық білім басқармасының жоспарына сай, 2022 жылы спорттық туризм бойынша Республикалық деңгейде 5 жарыс (жасанды жартаста тау туризм техникасы, шаңғы туризм техникасы, табиғи рельефтегі тау туризмі, жаяу және велосипед туризмі) өткізілді.

2022 жылдың 11-18 қыркүйек күндері аралығында Түркістан облысы, Арыс өзенінің жағасында жылдың қорытындысы есебінде біріктірілген туризм бағытынан Қазақстан Республикасы Кубогінің Финалы өтті. Жас ерекшелігіне қарай «Ересектер», «Жасөспірімдер», «Балалар» тобы болып Батыс Қазақстан облысынан 3 құрама командасы қатысты.

Жарыс нәтижесі төмендегідей:

Жалпы командалық есеп бойынша БАЛАЛАР тобы - 3 орын.

Жекелей сынақта қыздар арасында Еркін Адина - 1 орын, Өтешқали Акерке - 2 орын.

Жалпы командалық есеп бойынша ЖАСӨСПІРІМДЕР тобы - 1 орын (7 жыл қатарынан).

Жекелей сынақта Амангельдиева Нұргүл - 1 орын, ұлдар арасында Сисенбаев Темірлан - 1 орын.

Жалпы командалық есеп бойынша ЕРЕСЕКТЕР тобы - 1 орын (5 жыл қатарынан).

Жекелей сынақта қыздар арасында Базарбаева Жұмагүл - 1 орын, ұлдар арасында Неталиев Карим - 1 орын, Мұрат Ернұр - 2 орын, Кенжемұрат Темірлан - 3 орын.



«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығы» МКҚК 2023 жылдың көпшілік шараларының жұмыс

ЖОСПАРЫ

№	Шара атауы	Өткізілетін орны	Өткізілетін мерзімі	Жауапты
Көпшілік-ұйымдастыру жұмысы				
1	XI облыстық қысқы оқушылар гимназиадасы (3 спорт түрінен)	Орал қ.	17 қаңтар – 4 ақпан	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
2	Облыстық «Европа-Азия 2023» шаңғы туризмі техникасынан жарыс 1 кезең – аудандық 2 кезең – облыстық	Орал қ. «Евразия» ТСК	24-27 қаңтар	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
3	«Қыста құстарды қоректендіріңдер!» экологиялық акциясы	БҚО	10 қаңтар-10 ақпан	Экологиялық туризм бөлімі
4	«Музей жауһарлары» көрмесін ұйымдастыру	БҚО	қаңтар – ақпан	Өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
5	Облыстық «Орал өнірінің шаңғы жолдары» жарысы (3-4, 5-6 сынып оқушылары арасында)	БҚО	14-17 ақпан	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
6	Оқушылар арасындағы облыстық «Ақшақар – 2023» шаңғы туризмі техникасынан жарысы 1 кезең – мектепшілік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық	Орал қ. «Евразия» ТСК	7-10 ақпан	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
7	5-6 сынып оқушылары арасындағы футболдан облыстық жарысы (ұлдар)	Орал қ.	24-26 ақпан	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
8	5-6 сынып оқушылары арасындағы футболдан облыстық жарысы (қыздар)	Орал қ.	3-5 наурыз	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
9	Облыстық «Жанды сабақтар» сырттай байқауы	Облыс бойынша	ақпан -наурыз	Өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
10	7-8 сынып оқушылары арасындағы футболдан облыстық жарысы (ұлдар)	Орал қ.	10-12 наурыз	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
11	7-8 сынып оқушылары арасындағы футболдан облыстық жарысы (қыздар)	Орал қ.	17-19 наурыз	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
12	Облыстық ұлттық және халықтық спорт түрінен «Наурыз - 2023» фестивалі	Орал қ.	20-21 наурыз	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
13	Футболдан облыстық «Балдаурен» жарысы (3-4 сынып)	Орал қ.	24-26 наурыз	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
14	Облыстық «Жайық толқыны» фестивалі 1 кезең – мектептік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық	ОБЖТЖЭО	29-31 наурыз	Өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
15	«Құстарға үй сыйлайық» экологиялық акциясы	БҚО	сәуір	Экологиялық туризм бөлімі
16	Облыстық «Жайық алаңы» марафоны (қашықтан)	БҚО	сәуір	Өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
17	Облыстық «Алау» әскери-спорттық ойыны	Орал қ.	13-16 сәуір	Спорттық бағдарлау бөлімі
18	Спорттық бағдарлаудан «Көктемгі бағдарлау 2023» облыстық жарысы	«Евразия» ТСК	15-16 сәуір	Спорттық бағдарлау бөлімі
19	М.Жұмаев жүлдесі үшін тау туризмі техникасының ашық біріншілігі БҚО 1 кезең – аудандық 2 кезең – облыстық	Орал қ. ОБЖТЖЭО	18-21 сәуір	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
20	Облыстық «Былғары доп» футбол турнирі (5-6,7-8, 9-11 сынып, ұлдар мен қыздар арасында)	Орал қ.	21 сәуір – 6 мамыр	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
21	Облыстық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиыны	Орал қ.	20-23 сәуір	Спорттық бағдарлау бөлімі
22	Облыстық «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедиция жасақтарының слеті 1 кезең – мектептік 2 кезең – аудандық 3 кезең – облыстық	Орал қ.	26-28 сәуір	Өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі

23	Жазушы Х.Есенжановтың туғанына 115 жыл толуына орай, «Ақжайықтану» туристік-өлкетанулық экспедициясын ұйымдастыру	Облыс бойынша (Орал қ- Теректі ауд.-Орал қ.)	8-10 мамыр	Өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
24	Облыстық «БҚО табиғат ескерткіштері» атты экологиялық экспедиция	Шыңғырлау ауданы	10-12 мамыр	Экологиялық туризм бөлімі
25	Облыстық жеңіл атлетика жарысы (3-4, 5-6 сынып қыздар, ұлдар)	Орал қ.	12-14 мамыр	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
26	Облыстық экологиялық геологиялық экспедициясы	Теректі ауданы	13-16 маусым	Экологиялық туризм бөлімі
27	Облыстық «Жас құтқарушы» слеті	Орал қ.	17-19 мамыр	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
28	Облыстық «Шырқа гитара!» бард әндерін орындаушылардың фестивалі 1 кезең – мектептік 2 кезең – аудандық	БҚО	18-20 мамыр	Өлкетану және аймақаралық ынтымақтастық бөлімі
29	«Менің Отаным – Қазақстан» туристік – өлкетанулық экспедиция жасақтары слетінің шеңберінде облыстық көктемгі «Қарлығаш» туриадасы 1 кезең – мектепшілік (көпшілік жорықтар) 2 кезең – аудандық (категориялық жорықтар) 3 кезең – облыстық жарыс	Орал қ	сәуір мамыр 20-24 маусым	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
30	Облыстық велотуризм техникасынан «Күміс шабақ 2023» жарысы 1 кезең – мектепшілік 2 кезең – аудандық 3 кезең-облыстық	Орал қ.	20-24 маусым	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
31	Облыстық оқушылар арасында «Жайық-Урал 2023» туристік-экологиялық экспедициясы 1 кезең – мектепшілік «Орал өңірінің жасыл желкені» акция 2 кезең – аудандық «Орал өңірінің кіші өзендері» экспедиция 3 кезең – облыстық «Жайық – Урал 2023» экспедиция	Жайық өзені Орал қаласы – Чапаев ауылы	мамыр – маусым 23-29 маусым	Экологиялық туризм бөлімі
32	Облыстық жас экологтардың «Жасыл» олимпиадасы	Бөкей ордасы ауданы	20-22 қыркүйек	Экологиялық туризм бөлімі
33	Халықаралық туризм күніне арналған «Европа-Азия-2023» туристік фестивалі 1 кезең – аудандық 2 кезең – облыстық	Орал қ. «Евразия» ТСК	20-23 қыркүйек	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
34	5 спорт түрінен колледж лига жарыстарының облыстық кезеңі	Орал қ.	19 қыркүйек - 30 қараша	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
35	7 спорт түрінен ұлттық мектеп лига жарыстарының облыстық кезеңі	Орал қ.	7 қазан – 15 желтоқсан	Спорт және дене шынықтыру бөлімі
36	Облыстық ашық «Батыс Азимут- 2023» спорттық бағдарлау жарысы 1 кезең - мектепшілік 2 кезең - аудандық 3 кезең - облыстық	Орал қ. «Евразия» ТСК	4-6 қазан	Спорттық бағдарлау бөлімі
37	БҚО балалар туризмін дамытуға үлес қосқан педагог В.П. Фоминді еске алуға арналған облыстық «Алтын Дала» туриадасы 1 кезең - аудандық 2 кезең - облыстық	Орал қ. «Евразия» ТСК	17-20 қазан	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
38	Тау туризмі техникасынан академик Т.Қ. Жездібаевты еске алуға арналған облыстық жарыс 1 кезең - аудандық 2 кезең - облыстық	Орал қ	14-17 қараша	Туризм және қауіпсіз маршруттар бөлімі
39	Оқушылар арасындағы облыстық конференция 1 кезең - аудандық 2 кезең - облыстық	Орал қ.	8-10 желтоқсан	Экологиялық туризм бөлімі



ГУЛЬМИРА ЕСҚАЛИЕВА ТӘЛІШҚИЗИ

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының балалар мен жасөспірімдер туризм және экология облыстық орталығының қосымша білім беру педагогы, әдіскер, педагогика ғылымдарының магистрі,
Мектепке дейінгі, орта, қосымша және кәсіптік, жоғары білім ұйымдары үшін бейне сабақтар мен бейне дәрістердің «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ПАНОРАМАСЫ» атты республикалық байқаудың облыстық кезеңіне қатысып, II орынды иеленді.



«ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС - ЖАН САУЛЫҒЫ» байқауының жеңімпазы «САМАЛ» ТУРИСТИК ЛАГЕРІ

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Білім беруді дамыту орталығы» МКК өткізген «ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС - ЖАН САУЛЫҒЫ» байқауының «Үздік қала сыртындағы сауықтыру лагерлері» номинациясы бойынша Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының «Самал» туристік лагері I орынды иеленді.



1) Амангелді Алина

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетінің I орын жеңімпазы, Жәнібек АБЖТжЭО;

2) Утебаева Аяна

V Қазақстан Республикалық ашық далалық олимпиадасының жеңімпазы, «Сармат» тобы;

3) Амангелдиева Шынар

Шаңғымен спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының чемпионатының «Спринт» қашықтығының жеңімпазы – I орын;

4) Жангожиев Бекзат

Шаңғымен спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының чемпионатының жеңімпазы, Францияның Нормандия қаласында өткен Дүниежүзілік XI жазғы гимназиадасына қатысушы;

5) Сисенбаев Темірлан

Жылдық есеп бойынша жеке сынақта (50 ұлдар арасында) - I орын

6) Амангельдиева Нүргүл

Жылдық есеп бойынша жеке сынақта (26 қыздың арасында) - I орын

7) Ногай Томирис

«Бес асықтан» 2002-2005 ж.т. жасөспірім қыздар арасындағы Батыс Қазақстан облысының чемпионаты - I орын

8) Тұраш Әбіш

«Бес асықтан» 2002-2005 ж.т. жасөспірім ұлдар арасындағы Батыс Қазақстан облысының чемпионаты -2 орын

Дорогие Друзья!

Совсем скоро наступит самый чудесный праздник Новый год!

**Всех любителей активного и веселого отдыха,
приглашаем в наши турбазы ТОК «Евразия» и ТЛ «Самал»!**

**Мы предлагаем не только индивидуальный отдых,
ну и коллективный.**

Именно для ВАС:

- заселение в просторных, теплых комнатах;
- катание с ледяной горки;
- спуск по лыжной трассе;
- катание на коньках;
- подвижные игры на свежем воздухе;
- вкусное и сытное питание;
- а также Новогодние поздравления от Деда Мороза и Снегурочки!

**У нас зимний отдых с незабываемыми впечатлениями,
зарядом энергии и здоровья Вам обеспечен!**

**Наши адреса: ТОК «Евразия», ул.Лагерная 6, ост. Кардиология
(напротив областной кардиологии)**

Автобусы: № 49, 7, 4, 16

ТЛ «Самал» ул. Акжунис 100, мкр. Самал 2

Автобусы: № 3К, 7, 4, 13

Телефоны для справок: ТОК «Евразия» 8777 791 54 62

ТЛ «Самал» 8701 335 11 26

Регламент работы: с 9.00 до 18.00



Дорогие Друзья!
Совсем скоро наступит
самый чудесный праздник Новый год!
Всех любителей активного и
веселого отдыха,
приглашаем в наши турбазы
ТОК «Евразия» и ТЛ «Самал»!

Мы предлагаем
не только индивидуальный отдых,
ну и коллективный.

Именно для ВАС:

- заселение в просторных, теплых комнатах;
- катание с ледяной горки;
- спуск по лыжной трассе;
- катание на коньках;
- подвижные игры на свежем воздухе;
- вкусное и сытное питание;
- а также Новогодние поздравления от Деда Мороза и Снегурочки!

У нас зимний отдых с незабываемыми
впечатлениями,
зарядом энергии и здоровья Вам обеспечен!



Наши адреса: ТОК «Евразия», ул.Лагерная 6, ост. Кардиология. Автобусы: № 49, 7, 4, 16

ТЛ «Самал» ул. Акжунис 100, мкр. Самал 2. Автобусы: № 3К, 7, 4, 13

Телефоны для справок: ТОК «Евразия» 8777 791 54 62, ТЛ «Самал» 8701 335 11 26

Регламент работы: с 9.00 до 18.00